

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жамбылская область

Айымбекова Аяулым	2
Амантай Ажар	4
Амирбекова Ажар	7
Амиркулова Аяна	9
Арыстанбек Ғайнижамал.....	11
Әбіқұлова Ақбота	13
Әмірқұл Ақтоты	16
Бекқұлы Дәуір	17
Бөтейева Ұлдана	21
Бөтей Анар	23
Бөтей Ұлдана	25
Ерғараева Аружан	27
Ескендір Арайлым	29
Жайлау Мөлдір	31
Жайлаубай Нұрай.....	32
Зауытбекова Айгерім	34
Қали Сымбат.....	37
Қанатқызы Элеонора.....	42
Қожамқұлова Жансая	44
Қылышбек Қуандық.....	47
Маделханұлы Қожахмет	48
Медербек Зілхан	50
Мусабек Еңлік	51
Нышан Айдана	53
Оразбай Ақжарқын.....	56
Пранова Ботагөз.....	59
Рәпилбек Маржан.....	62
Рысбек Руслан	64
Сабыр Балжан	66
Сағындық Ұлмеке.....	69
Сүйімбекова Жамила.....	73

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Төке Сандуғаш	75
Төлеген Арайлым.....	78
Түзел Аяжан.....	81
Түзелбек Мадина	83
Үсен Абусаид	85
Усербаева Аяжан	87
Шайдозимова Әсел.....	90
Юнисов Ерболат	93

Айымбекова Аяулым
Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы
Ақтоған орта мектебінің 10-сынып
оқушысы

Менің туған өлкем - Тәуелсіз Қазақстан. Оның асқар таулары мен жасыл жайлауы менің ақ бесігім. Сондықтан да мен оны ардақтаймын, шексіз сүйемін. Әрқашан аялап, қорғап жүремін. Өзімнің туып өскен, Тәуелсіз мемлекетімді мақтан тұтамын. Осы жерде, ойыма еріксіз мына бір өлең шумақтары есіме түседі.

Отаным - алтын бесігім
Тербеттің мені төсінде.
Жүреді сенің есімің
Бой жеткен кезде есімде.
Отан тарих Отан-тіл
Жасаған елің, өз халқың
Отан-өлең, отан-жыр

Көтерген көкке ел даңқын- деп өз Отанымның патриотымын деп толық айта аламын.

Осы тыныш өмірде, бейбітшілікте өмір сүріп келе жатқанымызға, міне биыл - 70 жыл. Бұл тыныштық өмір бізге жәйден-жәй, оп-оңай келе салған жоқ. Сонау ата-бабаларымыз 1941-1945 жылдар аралығында бейбіт өмір үшін қаншама қан төгіп, жан аямай соғысты. Болашақ жастарымыз, балаларымыз бейбітшілікте өмір сүрсін деп біздің ата-апаларымыз сұрапыл соғыстан да, өлімнен де қорықпай, сол шайқасқа аттанды. Осы Ұлы Отан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

соғысына аттанып, өзінің азаматтық борышын өтеп келген жерлес атамыз Керимбаев Бидаулет атаның ұшан теңіз, баға жетпес ерлігін атап кеткім келіп отыр..

Керимбаев Бидаулет 1910 жылы Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданында, Каменка ауылында дүниеге келді. 1930 жылдың Меркі мен Т.Рысқұлов аудандарындағы Көгершін ауылында мектеп мұғалімі болып жұмыс істеді. 1941 жылы тамыз айында майданға аттанған. Әскер қатарынан 1945 жылы желтоқсан айында босатылды. Украина майданында шайқасты. «Ерлігі үшін» медалымен марапатталды. 1949 жылдан бастап Көгершін ауылындағы Ақтоған орта мектебінде басшылық қызмет атқарды.

Бидаулет атамыздың ерлігі бүгінгі жастар үшін үлгі. Көгершін ауылынан көптеген ата-апаларымыз Ұлы отан соғысына қатысып, соғысқа барып қайтпай қалғандары, із-түссіз жоқ болып кеткендері қаншама. Ал соғысқа бармағандары тылда еңбек етті, яғни сол соғысқа кеткен адамдарға материалды көмек көрсеткен. Олардың да жұмысы оңай болған жоқ. Аштық, азынаған суық, таң ата кешке дейін тоқтамай жұмыс істеген. Соған қарамастан бастарына түскен азапты мойымай, Отанын, елімізді қорғап қалды. «Біз көрген қорлықты, біз көрген қиыншылықты бүгінгі ұрпақ көрмесін» - деп, біздің болашағымыз жарқын, келешегіміз кемел болсын деп, тәуелсіз, еркін елде өссін деп, жан аямай соғысып, жеңіске жетті. Міне биыл Ұлы Жеңістің 70 жылдығын тойлағалы отырмыз.

Ал бүгін осындай ер жүрек аталарымыздың арқасында:

Жаңарып қалам, жасарып далам
Басынан өтті ажалсыз заман
Кетпейді ойдан Отандық ұғым
Арыстан жүрек, айбынды елім
Таниды сені бар әлем бүгін!

– деп зор үміт, қуанышпен айта аламын.

Тәуелсіз Қазақстан жерінде көптеген ұлт өкілдерімен тату тәтті өмір кешудеміз. Осындай күнге, осындай тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп келе жатқаныма қуанамын. Осындай елде өмір сүріп жатқаныма мен тәубе етемін. Өз елімді мақтан тұтамын. Бүгін ата-бабаларымыз аңсаған Тәуелсіз ел болдық. Сол аталарымның мұрасын, аманатын сақтап, елімді, жерімді қорғап, көркейтуге өз үлесімді қосқым келеді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Амантай Ажар

Т.Рысқұлов ауданы, Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебі.

9 сынып оқушысы

Жетекшісі: Қалман Перизат

ҰРПАҚТАР ҰМЫТПАЙТЫН ЖЕҢІС

Биыл дүниежүзін дүр сілкіндірген сұрапыл соғыстың аяқталғанына 70жыл толады. Осыдан 70жыл бұрын фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар одағына тұтқиылдан шабуыл жасады. Сол күні зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қаншама бала жетім, әйелдер жесір қалды. Бұл күн- сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Бұл соғысбарлық отбасыға қайғы-қасірет әкелді. Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Соғыс жылдарында ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

Әрине, жеңіс өздігінен келген жоқ. Оны елі, жері үшін отқа түскен ерлер ерлігі жеткізді. Ата-апаларымыз төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан аямай соғысты. Қазақстаннан 1941-1945 жылдардағы қанды қырғынға 1,3 миллион ұл мен қыз аттанды. Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бәрі де жанқиярлықпен соғысты. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында шығыстың қос жұлдызы мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова және рейхстагқа Жеңіс туын тіккен - Рахымжан Қошқарбаев та бар. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, Кеңес Одағының батыры, белгілі жазушы Бауыржан Момышұлы: «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ерітіп, күйдіріп жібере алады...Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік» деп жазған. Соғыс жылдарында В.Г. Ключковтың «Ресей кең –байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ, артымызда-Мәскеу?!»деген жалынды сөзі бүкіл майданды шарлаған ұранға айналып кетті.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. 1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1 500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді.

Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдандарда жеңіс туын көтеріп өтті.1944жылы Әлия Молдағұлова Новоскольникови қаласы маңында болған ұрыста қарша бораған оққа қарамастан, дұшпанның шебіне еркін енді.Шайқаста жауынгерлерді алты рет көтеріп, бір өзі отыз бестен аса фашистің көзін жойды. Ұрыс кезінде қатты жарақаттанып, 18 жастағы қаһарман қыз қаза тапты. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Ленинград үшін шайқастың ауыр күндерінде Сұлтан Баймағамбетов жаудың арнайы салынған қорғаныс ұясының оқ жаудырып тұрған аузын кеудесімен жауып, ерлікпен қаза тапқан.

Көрнекті Қазақ ақын, Жамбыл Жабаев ленинградтықтарға :

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін,

-деп жырын арнап, онда көпұлтты еліміздің бүкіл еңбекшілерінің сезімі мен алаңдаушылығын білдірді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды.

Фашистік Германия тізе бүкті...Бірақ сол сұм соғыс өзімен бірге 10 миллионнан астам немістің өмірін алып кетті. Оны жеңген Кеңестер Одағы 27 миллион адамның өмірін берді.. Содан бері зымырап 70 жыл өте шықты.

Ұлы Отан соғысына біздің ауылымыздан да көптеген аталарымыз қатысты.Солардыңішінде менің аталарым да бар. Олар: Сұлтанов Ермек ата және Сұлтанов Әшімжан ата.Ол кісілер Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан. Ермек атам соғыстан хабарсыз кеткен. Ал, Әшімжан атам Украинадағы «Бауырластар» зиратында жерленген.Мен аталарымды мақтан тұтамын.

Жеңіс күні-абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пид а еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды .

«Жеңіс күні - Ұлық мереке. Біздің аталарымыз бен әкелеріміз бүгінде біз бейбіт аспан астында өмір сүріп, Қазақстанды қалыптастыруымыз үшін бәрін жасады.Соның арқасында болашаққа сеніммен қараймыз. Мұның барлығын солар жасады. Қан майданға Қазақстаннан 1,8 млн. азамат аттанып, оның жартысы соғыстан қайтып оралмады, бұған қоса тылда 700-ге жуық адам еңбек етті. Біздің мысымыз бен қорғасынымыз жауды жеңу үшін жұмыс істеді.», - деп Н.Назарбаев атап өтті. Жаңа жыл қарсаңында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Ұлы Отан Соғысының ардагерлерін қолдауға, олар жасаған ерлікке тағзым етуге арнаған жалпы ұлттық акциясы өтті.

9 мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз - бұл күнді еске сақтау,ардагерлерімізді құрметтеу..Бүгінгі ұрпақ тәуелсіз елде, бейбіт аспан астында өмір сүріп жатыр. Осы күндерді сыйлаған, ел ертеңі үшін кеудесін от пен оққа тосып, зұлмат соғыста қаза тапқан батыр жауынгерлер ешқашан ұмытылмақ емес.

Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.Бізге бейбіт өмір сыйлаған ата-апаларымыздың ерліктері тарихта мәңгі қалады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата-апаларымыз
аман болсын!

Амирбекова Ажар

8 сыныбы Б. Момышұлы ат. №45 қазақ классикалық гимназия, Тараз қаласы
Жетекшісі: Абуталипова Б.

Ел ерін қолдайды, ер елін қорғайды

Қай майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Ардагерлер азайып барасыңдар.
Қастерлейді халқымыз қаһарманын,
Жүр есінде сан жарық, сапарларың.
Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер,
Қалды-ау сиреп бұл күнде қатарларың.

Осыдан 70 жыл бұрын таң ата бергенде, Германия Кеңес Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

1941-1945 жылдар арасы – еңбек пен тәртіп қатайтылған кез, 23 сағаттық жұмыс күні бекітіліп, демалыстар тоқтатылған уақыт. Майдан даласы мен аспанынан сәт сайын өлім қаупі түсті. Уақыт жылжып өте берді, бір сағатта алпыс минут, бір минутта алпыс секунд болса, ал секундта мыңдаған адам қаза болды, олардың жер бауырлап жылжуына, қарсы жүгіруіне тура келген сәт. Дегенмен, ешкім қынжылған жоқ, бүкіл ел: «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін», -деп қасық қаны қалғанша соғысты. Қан сасыған майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты, бұл мәлімет әлемді дүр сілкіндірген болатын. «Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмақ емес», -дейміз.

Ұлы Отан соғысының тарихи парақтарына қазақтың баласы, Момыштың ұлы Бауыржанның есімі алтын әріппен жазылғаны шындық. Майдан даласында 207 рет соғысқа қатысып, екі рет жараланды. Дегенмен, өзінің көрсеткен қайталанбас ерлігімен әлемге әйгілі болды. Мен үшін аты аңызға айналған батыр атаның атындағы мектепте оқу – үлкен бақыт, мәртебе. «Бауыржан Момышұлы» деген сөздерді естігенде тұла-бойыма рух беріледі. Баукең – ешкімге ұқсамайтын, ұлттық тарихымызда өзгелермен салыстыруға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болмайтын ерекше тұлға. Ал енді Баукең атама арналған жүрегімнің тербелісін жеткізсем деймін:

Қол бастап қан майданда жауды жеңген,
Ерлігін танып ерлер, соңына ерген,
Қазақтың қайсар ұлы, һәм батыры
Бауыржан атамды мен мақтан етем.
Жер жүзі қанық оның атағына
Аты оның ұран болды халқымызға.
103 жылдық мерей тойын тойлап отыр,
Айбыны асқақтап тұр аспанымда.
Соғыс өрті тұтанбасын жер-жаһанда,
Тыныш болсын сәбилердің ұйқысы да.
Бейбітшілік туын көкке көтерейік,
Батыр ата әруағы, бізді қолда!

Ұлы Отан соғысын қазіргі егемен Қазақстан Республикасы тұрғысынан қарастырсақ, бұл соғыс – тарихи маңызы бар мәселенің бірі. Өйткені, Гитлерлік Германия Кеңес Одағына қарсы соғыс жоспарын жасағанда, онда Қазақстанға да байланысты шаралар белгіленген болатын. Ол жоспар бойынша Атлантикадан Сібірге дейін «Германияның біртұтас этникалық территориялық кеңістігін құру» көзделген еді. Фашистер бұл кеңістікті славяндар мен түркі тектес «адам санына қосылмайтын халықтардан тазартуды» мақсат етті.

Қазақ қашанда – батыр халық. Сөйлесе Төле бидей шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар. Қазір өз алдымызға мемлекет, ел болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағының құрамында болғандықтан, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсеттік. Отан үшін отқа түскен, күйге оранған батыр ағаларымыз бен аталарымызды мәңгілік жадымызда сақтайық! Даламыз қандай кең болса, пейіліміз де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыздың қан майдандағы елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қаншама ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкті, жанын пида етті десеңші! Дегенмен, біз аңсағанымызға жеттік, Жеңіске қол жеткіздік! Рейхстаг баспалдақтарының кіре беріс бағанына бірінші болып шабуыл туын қадаған Рахымжан Қошқарбаев болатын. Ұлы Отан Соғысы, Жеңіс талай адамдардың тағдырын күрт өзгертті, талай жанның өмірін үзді. Қазір, 9 мамыр күні, бұл мейрамды барша Қазақстан атап өтеді. 9 мамыр – фашистерді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні! Қазір Республикамыздың дүниежүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы – тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды тактикасының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында! Сондықтан, біз, ХХІ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

Жауды жеңіп табанға сап,
Жермен-жексен еткен ерім.
Қуан, қуан, күлші сақ-сақ
Шын жеңіске жеткен елім!, -

деп соғады менің балғын жүрегім.

Амиркулова Аяна

8 сынып Облыстық үш тілде оқытатын
мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп
Жетекшісі: Сүлейменова Ғалия Ермекбайқызы

Соғыс... Соғыс...Сұм соғыс. 1941 жылдың 22 маусымында неміс басқыншылары бейбіт жатқан елімізге тұтқиылдан шабуыл жасады. Отанымызды жаудан қорғау үшін үлкен- кіші демей барлығы соғысқа аттанды.Осы бір алпауыт соғыста жиырма миллионнан астам адам қаза тапқан еді. Біздің бақытты өмір сүруіміз ата бабаларымыздың ерен ерлігінің арқасында деймін. Соғыс кенеттен басталғанмен алғашқы күннен бастап еліміз жұдырықтай жұмылып, еріктілер әскери комиссариатқа ағылған. Кеше ғана бейбіт күнде еш уайым мен қайғыны білмеген бозбалалар мен бойжеткендерөзеркімен соғысқа сұранды. Осы соғыста ержүректілігімен, қайтпас қайсарлығымен, Отанына деген шексіз махаббатпен көзге түскен қазақ қыздары, батыл да қайратты азаматтары мен жас ұландары аз болған жоқ. Қазақтың маңдайына туа біткен батыл қаһарманы, танымал қолбасшы, әскери жазушы, жерлесіміз Бауыржан Момышұлы мен жиырма сегіз панфиловшылардың ерлігінбілмейтін адам жоқ шығар. Үрімдей жаста бола тұрып, қолына қару алып, Отаны үшін шайқасқан Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова секілді қайсар қыздарымыздың ерлігі мәңгі есімізде сақталады. Матросовтың ерлігін қайталаған қазақ жауынгері, өз кеудесімен жаудың пулеметін жауып, олардың шегінуіне ықпал жасаған Ағаділ Сухамбаевтың ерлігін бүгінгі ұрпақтары ешқашан ұмытпай, мақтанышпен айтады. Бораған оққа басын тігіп, Рейхстагқа Жеңістің туын желбіреткен Рақымжан Қошқарбаев туралы айтпай кету мүмкін емес. Тажалдай болып келген соғыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тек майдан даласы емес, тылда да жүргені анық. Отанымызды жаудың қолына бермеу үшін, тылдағы ата, апаларымыз ертеден қара кешке дейін аяғынан тік тұрып еңбек етті десеңізші. Темір жолдар салып, ауыр өнеркәсіпте қару-жарақтарды шығару, майдандағы азаматтарды ас-сумен қамтамасыз ету оңай шаруа болмағаны мәлім. Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандықтар қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Осындай жауынгерлердің қатарында менің атамда соғыс ардагері болды, алапат соғыстың ортасында болды. Атам Әмірқұл ұлы Есенқұл қан майдан соғыстың ортасында от кешкен. 1940 жылы Совет армиясы қатарына алынды. Әскери қызметін Красноярск қаласы 119 атқыштар дивизиясының 49 жеңіл артилерия полкінде атқарған. Бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жылдың шілде айынан бір мың тоғыз жүз қырық төртінші жылдың маусым айына дейін үшінші Белорусь фронтында болды. Атам бір мың тоғыз жүз қырық төртінші жылдың жиырма бесінші маусымында Витебск қаласын жаудан азат еткен кезде жараланған. Свердловск қаласындағы әскери госпитальде емделіп шыққан. Менің атам өзінің ерлігі үшін "Ұлы Отан соғысының 1-ші дәрежелі" орденімен 2 рет, одан бөлек "Ерлігі үшін", "Германияны Жеңгені үшін" атты медальдармен марапатталған. Біз отбасымызбен атамызды зор мақтанышпен еске алып, айтып отырамыз. Атам өз әңгімесінде сол бір қиын-қыстау заманда қазақ жауынгерлеріне рух беру үшін біздің ақын-жазушылармыздың, әнші-күйшілеріміздің солармен бірге соғыс майданына аттанғанын айтатын. Әсіресе, Жамбылдың "Ленинградтық өрендерім" атты өлеңі бүкіл жауынгерлерге қажымас қайрат пен талмас қанат сыйлаған тебіреніп еске алып айтып отырушы еді.

Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың ең тажалы Ұлы Отан соғысы еді. Ата-бабамыздың соғысқа аттанғандағы мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады.

«Күркіреп күндей өтті ғой соғыс», - деп Қ.Аманжолов атамыз жырлағандай, жер әлемді сілкінткен соғыс өртінің жеңіспен тұншыққанына 70 жыл толды. Аттың жалында, түйенің қомында жүріген ата-апаларымыз біздерге бейбіт өмірді орнатып берді. Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Бізге бейбіт заман сыйлаған жауынгер ерлердің есімін ұмыту мүмкін емес. Біз сол жеңіс сыйлаған аға ұрпақтың жалғасымыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сондықтан олардың ерлігін мақтан тұтып, рухына тағзым ету парызымыз. Бүгінгі күні Елбасымыздың шешімі бойынша қалалардағы бас көшелерге батырларымыздың есімдері беріліп, демалыс орындары, ескерткіштер орнатылды. Менің тұратын көшем батыр, қаһарман Ағаділ Сухамбаевтың есімімен аталған. Мен мұны өзіме бақыт деп санаймын. "Өжет өлімнен қаймықпас" демекші өжет батырларымыздың ерен ерлігімен келген Ұлы Отан соғысының жеңісіне 70 жыл.

Құтты болсын жеңіс күні ағайын
Көптен күткен ұлы күнде жар салайын.
Ата - бабам қан берісіп шайқасқан,
Ата - бабам намыс бермей айқасқан
Жеңіс күнін қарсалайық бәріміз.
Жеңіс күнін тойлайық жас кәріміз.
Осындай бір бейбіт өмір сыйлаған
Ардагерлер, ағаларға мың алғыс,

-деген ақын Тұманбай Молдағалиевтің «Жеңіс күні» өлеңімен шығармамды қорытындылағым келеді.

Арыстанбек Ғайнижамал

11 сынып, Р.Смаилов атындағы орта мектеп

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы

Жетекші: Оспаналиева Қалбүбі

Отаншылдық – ең ізгі сезім

- Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным
жоқ, сенен іркер күшім жоқ, - деп, ер
қайратына мін-дағы, өрге бас!

М.

Әуезов

Кешегі Хан Шыңғыстың қазақ даласын қан сасытып, Отанын сатқан Қарашоқының арқасында Отырарға иелік еткенін еске алайықшы. Ауызбен алтынға көміп, артынша ұлтына әкелген опасыздығынан сескенген Шыңғыс Ханның бұл әрекетін баршамыз жоғары бағалағанбыз да. Отанға деген сүйіспеншілікті, адалдықты, ұлы сезімді Хан Шыңғыстың шекпенді саясатынан, ұтымды амалдарынан көруге болады. Бертін келе Ұлы Отан соғысында ұлт үшін жанқиярлыққа барып, ұрпаққа ұлы жолдың көшін бастап берген батыр бабалар мен аға-апаларға да кем емеспіз. Қ. Қайсенов, Б.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Момышұлы, А. Суханбаев, Т. Бигельдинов, Ә. Молдағұлова, М. Маметовалардың асқан ерлігі әлемді кезіп, тарихта мәңгілікке таңбаланды.

Еліміздің басынан өткен өткелдерге қарап, «қайран қазағым, боевик боп біттің-ау» деп бір күрсініп аларымыз хақ. Қанды қырғын апаттар, ашаршылық, азамат соғысы, репрессия тағысын тағылар. Айта берсек, тізбектеле береді. Ал бүгінгі қазақ өмірі туымызда таңбаланған қыран құсындай десем, қателеспеспін. Оның дәлелі, туымыз талай елдің төрінде желбіреп, экономикалық, индустриялық, ғылыми дамудың даңғыл жолына түстік. Бейбітшіліктің, еркіндік пен егемендіктің самал желі самайымыздан сипап, бізді ізгілікке бағыттап келеді. Ел жаны тыныш, халық санасы оянған. Жаңа дәуірдің ғажайып өмірге айналғаны – бастан кешкен қайғы-қасірет пен ерліктің, табандылық пен батыллықтың арқасы. Өткенімізде орын алған сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталғандығы бүгінгі күнге жеткендігіміздің дәлелі болып отыр. Қаншама өмірді, қаншама тағдырды, қуаныш пен бақытты жалмаған сұрапыл соғыс еліміздің ең ауыр сәттерінің бірі. Мейірімді ана жүректерін қайғыға батырып, жас сәбилерді аңыратқан бұл соғыс халық жанын күйзелтті. Жұртын сүйген жүректердің арқасында біз азат елміз, біз Теуелсіз елміз, біз Бауыржан, Әлия, Мәншүктей тарих тарландарын түлеткен елміз. Олар кеуделерін оққа тосты. Атамекендері үшін жан ұшырып, тұтқиылдан жасалған Гитлердің шабуылына қарсы тұрды. Көптеген мемлекеттер қатысқанымен зардапты шеккен, ауыртпалықты көтерген кеңес халқының Қарулы Күштері екен.

Қызыл қан селдей тасыған майдан даласы, әр жерден абалаған иттердің үніндей қатаң шығып жатқан мылтықтар тарсылы, дыбысы күннің күркіреуінен қатқыл танкілер тырсылы, оққа ұшқан адамдардың жанайқайы, қансырап жер құшқан мәйіттер мен молалар, ауылда қалған қариялар мен бала-шағаның жанкүйзелісі, қаралы хабардан қорыққан үрейлі көздері... Бұл қорқынышты картина 1941 жылы неміс әскерінің Кеңес одағына бағытталған тұтқиыл шабуылынан басталды. Ауызбен айту оңай. Алайда ата-апаларымыздың басынан осындай орасан қиындықтардың өткенін санаға сіңіру, кейінгі ұрпаққа жеткізу оңай емес. Саусылдаған ауыл әйелдері тылда жұмыс жасап, бір жағынан балаларын асыраса, бір жағынан өкіметке қызмет жасады. Мақта теріп, қызылшада, егістік даласында жұмыс жасады. Таңнын атысы мен күннің батысына қарамастан әйтеуір тыныштық үшін, бейбіт күнді аңсап, тынбастан еңбек еткен. Келер ұрпақ бейбіт күнде өмір сүрсе екен деген ұранмен еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін қызмет қылды, жұмыла жұмыс жасаған.

Мәскеу түбінде басталған соғысқа елімізден 1 млн 700 мыңнан астам қазақстандық аттанды деседі. Өкініштісі олардың жартысындайы соғыстан оралмапты. Бозбалалықтарына қарамастан жас қазақ жігіттері мен өрімдей қызғалдақ қыздары ел басын қауіп-қатерден қорғауға соғысқа сұранып

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

барған. Олардың бұл әрекеттері мен соғыс даласындағы ерліктері бүгінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай үлкен іс деп ойлаймын. Осындай батыр ұл-қыздарымыз болғанда еліміз қалай жеңбеске?! Әрине, 1945 жылдың көктемінде Берлинде аяқталған соғыстың жеңіс туы еліміздің еншісіне тиді. Жеңіспен аяқталғанымен соғыстың нәтижесі біреуге қуаныш сыйласа, біреуге қайғы әкелді. Бірі әкесіз қалса, бірі баласыз, ағасыз қалды. Үміттерін үзбей қанша уақыт күткенмен де оралмаған туыстарының орындары ойсырады. Өздерін жеңіске жеткендерімен жұбатқанымен, іште сағыныш пен мұң болып, оларды еш қуанта алмады. Жақындарының жоқтығына төзе алмағандар өмірдің зардабын тартып өтті. Міне, осы Жеңіске биыл 70 жыл. Жүрдек пойыздай жүйіткіген уақыт зуылдап өтіп жатыр. Бүгінгі жеңістің тәтті дәмін егемен еліміздің ертеңінен, бүгінгі бағындырып жатқан белестерден айқын көруге болады. Біздің міндет барды бағалап, ел мүддесін арттырып, игілікке жұмыс жасау. Айрандай ұйыған ұлтымыздың абыройын арттыру. Америка секілді долларын, Ресей секілді арағын, Франция секілді әтірін, Италия секілді аяқ киімдерін әлемге әйгілеп брэндтерімен мақтану емес біздің мақсат. Біздің мақсат – бар саланы, бар бұйымды, бар керекті бір бойына тоғыстырған, бағдары анық, бағыты айқын, экономикасы жоғары, қайдан екенін сұраса біздің елді айтып мақтанатын, жастары сенімді ҚАЗАҚСТАН деген атауды әлемге мойындату!

Әбіқұлова Ақбота

Т.Рысқұлов ауданы, Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебі.

9 «А» сынып оқушысы

Жетекшісі: Асилина Ж.Б.

ОТАН ДЕП СОҚҚАН ЖҮРЕГІ...

Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ,

сенен үркер күшім жоқ.

М.Әуезов

Соғыс жаңғырығы жылдан - жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. XX ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Кеңес Одағының тарихындағы Ұлы Отан соғысы болды. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан анасын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Ерлікпен шайқасып лайықты бағасын алғандар да бар. Кезінде аты аталмай қалса да қазір санамызға қайта оралып, жатқан тұлғалар аз емес. Отан соғысының ізінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар, еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан ерлер қаншама?... Оны ашып анықтау белгісіз болып жатқан тағдырларды тауып елге танытып, лайықты атаққа ие болғызу, оларға қамқорлық жасау - бүгінгі ұрпақ, біздің, қасиетті парызымыз.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Күйзелген көңілдер, жүдеген жандар Ұлы Жеңістен жұбаныш тапты. 1945 жылы 9 мамыр күні Жеңіске қолымыз жетті. Жеңіс! Қандай құдіретті сөз еді бұл! Осы бір сөзге теңселген дүниенің қайғы-қасіреті, ащы азабы тәтті арманы, ой-қиялы сиып жатыр. Содан бері біз Жеңісті тойлап келеміз.

Батырлық, ерлік қазақтың қанында бар. «Тегінде бар тек жатпас» деген. Сол халықтың ұрпағы ерліктің небір үлгілерін көрсетті. Сұм соғысты көзімен көріп, жеңіске жету жолында жауына кектене ұмтылған батырлардың арасында Жақсылық ауылының тұрғыны майдангер атамыз – Мақсым, Асаубай, Шұлғаубай сынды қарт ардагерлеріміз де болды.

Ұлы Жеңіс күндерінен бері қаншама уақыттар өтті...

Осы жылдар туралы қаншама естелік, роман - дастандар жазылып, қаншама кино түсірілсе де адамзат тарихында бұрын - соңды болып көрмеген бұл жойқын шайқастың тарихы түгел жазылып нүктесі қойылған жоқ. Ол мүмкін де емес. Отан соғысының ізінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан ерлер қаншама?! Оны ашып анықтау белгісіз болып жатқан тағдырларды тауып, елге танытып, лайықты атаққа ие болғызу, оларға қамқорлық жасау - кейінгі ұрпақтың қасиетті парызы.

Жас ұрпақтың өз өлкесінің тарихын білуге ұмтылуы – ол елдің тарихын білуге ұмтылғандығы.

Осыдан бастап, Отанның кішкентай азаматының қалыптасуы басталады емес пе?

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы - тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды тактикасының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан біз, ХХІ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

Қазақ деген-батыр халық. Ол еңкейгенде еңкейеді, шалқайғанда шалқаяды. Шірене қалса, асқар-асқар тауларына сүйенеді, еңкей қалса, азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді. Сөйлесе Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, қолынан қиыстырып жол табар Абылайдай тірілігі бар ел. Қазір өз алдымызға мемлекет, тәуелсіз ел болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағы барлық халықтардың ортақ мемлекет болып есептелгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыз қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкті, жанын пида етті десеңші! Осылайша, біздің халқымыз соғыс барысында бүкіл әлем алдында бар ұлылығымен көрінді.

1941-1945 жылдардағы соғыстың ерлікке толы қаһарлы жылдары барған сайын бізден алыстап тарихқа кетіп барады. Халықтарды езіп жаншудан өз қанын төгумен аман сақтап қалғандарды, дүниежүзілік өркениетті қорғап қалғандарды адамзат баласы ешқашан ұмытпақ емес. Соғыс жалыны басылғанына 70 жыл өтсе де оның өртінің лебі әлі сезіледі. Жеңіс күні бізге ең алдымен бейбітшілік бағасын ұқтырады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Біз соғысты көрген жоқпыз. Бірақ ата-әжелеріміздің әңгімелерінен соғыстың не екенін түйсініп жанымыз түршігеді. Болашақ өмір, ұрпақ үшін жанын қиған ата-бабаларымыздың ерліктері ғасырлар өтсе де, ұмытылмастай тарихта жазылды. Соғыс ұлы сын мектебі, ерліктің, батырлықтың мектебі болды, соғысқандар үшін ғана емес, соңығы келер буындар үшін де мектеп. Қан майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батыр ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас ие мәңгілік тағзым етеміз.

Жауды жеңіп табанға сап,
Жермен-жексен еткен ерім.
Қуан, қуан, күлші сақ-сақ
Шын жеңіске жеткен елім!

Әмірқұл Ақтоты

Т.Рысқұлов ауданы, Жаксылық ауылы,
Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебі 6 сынып оқушысы
Жетекшісі: Мырзалиева Б.А.

Ұлы Отан соғысы жайлы бір сыпыра айтып өту мүмкін емес. Қаншама ата-бабаларымыз, апа-ағаларымыз осы жеңіс үшін аянбай соғысып, жандарын қиды. Бұл соғыс адамзат тарихында ең сұрапыл, әлемді дүр сілкіндірген, жан түршігерлік қанды қырғын болды. Ұлы жеңіске еліміздің барлық халықтың жеңіске құштарлығының арқасында, береке-бірлігінің арқасында елімізді, жерімізді, Отанымызды сақтаймыз, -деп жан аямай соғысып, жан аямай еңбек еткеніміздің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан да, бұл мереке адамзатқа, олардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш, ортақ жеңіс! Бұл қан майданға қазақ топырағынан бір миллионнан астам ержүрек жауынгерлер аттанған. Олардың көбісі сол алапат соғыс алаңында қаза болды. Сонымен қатар, аттары аңызға айналған жаңа тұлғалар тарих бетінде өздерінің ерліктерімен аттарын алтын әріппен жазып қалдырды. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және тағы басқалары.

«Не болады күні ертең?» - деп қайғы мен мұңды қатар ұстап, қуаныш пен тыныштықты аңсаған халықтың арман —тілегін арқалаған батыр ағаларымыз бен апаларымыз алапат қырғын соғыс лаңын Германия жерінде

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы жеңіспен аяқтады. Жеңіс елімізге, халқымызға болашаққа сенім, күш, қайрат, рух берді. Міне, содан бері арада 70 жыл артта қалды. Халық болып қараған Совет Одағы ыдырап, біздің Қазақстан өз алдына жеке мемлекет болды. Бұл тарихи оқиға 1991 жылдың желтоқсан айының 16 жұлдызында болған еді. Содан бері еліміз Ұлы жеңісті жалғастырып, жаңа жетістіктермен өркендеп келеді. 1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасы өзінің Конституциясын қабылдап, демократиялы, зайырлы, құқықтық және әлеуметті мемлекетке айналды. Бірқатар халықаралық ұйымдардың құрамына кірдік. Қазіргі уақытта береке мен бірлігі жарасқан, көп ұлттар бір шаңырақ астында бас қосқан көп елдер тамсана да, таңданып қарайтын экономикасы дамыған, бетке ұстар мемлекетке айналдық.

Бекқұлы Дәуір

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы Б.Момышұлы атындағы
шағын орталықты орта мектебінің 9 сынып оқушысы
Жетекшісі: Касенова Аида Арғынғазықызы

Мен атаммен мақтанам!

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты-
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!

- деп өзінің саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған тарихтың өткені мен бүгінгі күннің алтын көпіріне айналған, ұл-қыздарын, немерелерін ана тілін де тәрбиелеп, қазақи болмыс рухында жетілдіре білген, көреген тәрбиеші, өз елінің патриоты атаммен мақтанып қолыма қалам алдым. Ұлы Отан Соғысы тарихын зерделеп, зерттеп сұрапыл соғыста Ұлы Жеңіс үшін жанын пидеткен боздақтарды, елге оралған майдангерлерді, тылда жанқиярлық еңбек үлгісін көрсеткендерді, майдан қорына жеке қаржысын қосқан, еңбек майданындағыларды 35 жыл бойы деректеп жүрген тарихшы атамды шығармамның кейіпкері етіп отырмын.

Майдангерлердің жоқтаушысы, тыл еңбеккерлерінің дәріптеушісі Бекқұлы Әліұлы Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Жанатұрмыс ауылының тумасы. Отаншылдық істерін Қаныш Сәтбаев орта мектебінде бастаған. 1979 жылы ауылдан соғысқа аттанып, оралмаған 182 боздақтың тізімін тізіп, есімдерінің ескерткішке жазылуына үлесін қосқан.

Жамбылдық Брест қорғаушыларын іздестіру мақсатымен 1981 жылы оқушылардың «Парыз» тобын ұйымдастырады. Қамал мұражайынан, 11

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ауданның әскери комиссариаттар мұрағаттарынан 1939-1940 жылдары Брест қамалында, маңында әскери қызмет атқарған, соғысты сонда қарсы алған Жамбылдықтарды деректейді.

«Парыз» жасағы 1984 жылы облыстық, 1985 жылы ХІІІ Республикалық және Владивосток қаласында өткен Бүкіл Одақтық өлкетану слёттарында Қамал қорғаған 52 Жамбылдықтардың майдан жолын, тағдырларын баяндап жеңімпаз болған. Қазақ ССР, КСРО оқу ағарту министрлігінің, Педагогика ғылым Академиясының, КСРО қарулы күштер орталық мұражайының, КСРО Ардагерлер Орталық Комитетінің грамоталары, дипломдарымен марапатталған.

Оқушыларын «Әкелер даңқы жолымен» атты сапармен Москва-Гомель- Минск- Брестке апарған. «Парызшылар» Брест қамалындағы сол қалпында тұрған бекініс қирандыларын, мемориалды, мұражайдағы деректерді жәдігерлерді көріп, жүректерімен сезініп, «Соғыс, Қасірет, Ерлік» ұғымдарын жан дүниелерімен түсініп іздеу-деректеу жұмыстарына белсене араласады.

30 жыл ізденісінде 120 жамбылдыңтың 86-сының қамал қорғағанын, 34-інің Брест маңында шайқасқанын анықтаған. Бұрын 53 қазақстандық қамал қорғаушысы болса, 2012 жылы атам деректеген 4 жамбылдық осы дәрежені алды. Бүгінде қамал мұражайы ғылыми кеңесінде 82 жауынгеріміздің қамал қорғаушысы дәрежесіне ұсынылуы қаралуда.

1985 жылы Каменка орта мектебінде Өлкетану топтарын құрып, 1880 жылы негізі қаланған Каменка селосының, 1900 жылдары ашылған 2-сыныптық шіркеу-приходтық мектептің, 1930 жылы құрылған колхоздың, соғыс-еңбек ардагерлерінің деректерін жинақтайды. Ауылдық кеңес аймағындағы 4 ауылдан соғысқа аттанып, оралмаған 300 боздақты деректеп есімдерінің ескерткішке жазылуын ұйымдастырған. 1985 жылы Өлкетанушыларын туристік поездбен Фрунзе – Алматы – Жамбыл – Шымкент – Түркістан – Ташкент – Самарқан - Бұқара – Хиуа – Ургенішке, 1989 жылы Жамбыл – Шымкент – Түркістан – Ташкент – Самарқанға сапар ұйымдастырады. Әкелген, дерек, көрнекіліктерімен өлкетану мұражайы толықтырылған.

1995 жылы Өлкетанудағы, Отаншылдық үздік жетістіктері мен сапалы білім берудегі еңбегі үшін Қ.Р. білім беру ісінің үздігі төс белгісімен марапатталады.

2012 жылдан бері Ленинград, Новгород шайқастарында қаза болған Жамбылдықтарды деректеп, 2013 жылы аталған облыстардың әскери комиссариаттарына 2500 жауынгер тізімін, 500 «қара қағаздарды» тапсырды. Боздақтардың 1100-і Ленинград, 1400-і Новгород облыстарында шейт болған. «Пискарев» зиратында 25, «Невский Пятачок» плацдарымында 241, Петерборда 100-ге жуық Жамбылдықтар жерленген.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Новгород түбіндегі Долгово деревнясында жерленген 310-шы Ақмола АД-ның 54 жауынгерін деректеуге Астана, Атбасар барды. Көкшетау, Қарағанды, Қостанайға іздеу салды, әзірше 3 Қостанайлықты тапты.

Биыл 250 жауынгеріміздің Ленинград, Новгородта ескерткіштеріне есімдері жазылған хабарын алып, ұрпақтарын іздестіріп, әке-аталарының дерегін тапсыруда.

Облыстық әкімдігі ішкі саясат басқармасы тапсырысымен «Ұ.О.С. тарихи шайқастардағы Жамбылдықтар» атты әлеуметтік жобаны атқаруға, «Парыз» қоғамдық бірлестік құрды.

Москва – Сталинград – Курск – Орел – Ленинград – Новгород – Псков – Калинин – Смоленск – Витебск шайқастарында қаза болған жері белгілі. 6350 Жамбылдықтардың тізімін жасады. Мақсаты: боздақтардың деректерін Ресей, Белорус әскери комиссариаттарына жіберіп, жауынгерлер есімдерін ескерткіштеріне жазғызу. Тізімдерін Ресейдің 1-ші телеканалы жариялаған «Вспомнить по имени» атты біртұтас электрондық мағлұматына енгізу және Республикалық, облыстық мұрағаттарға өткізу.

Брест қорғаушыларын бірге деректеп жүрген профессор Ахметова Ләйла Сейсенбекқызының шақыруымен Қазақ Ұлттық Университетінде өткен халықаралық дөңгелек үстелге қатысып «Ленинград қорғанысына Жамбылдықтардың қосқан үлесі» атты баяндамасында жауынгерлер мәліметін, облысымыздың азық, жылы киім, сыйлықтар апарған нақты деректерін баяндаған.

2014 жылдың 28-сәуірде Курскідегі ТМД елдері поисковиктерінің «Бірлікпен келген Ұлы Жеңіс» атты IV халықаралық форумында «Курск доғасындағы Жамбылдықтар» деген баяндамасында Жамбылдық 1050 қаза болған жауынгерлердің дерегін, 130 қара қағазын әкелгенін және Таластық Дәулетбеков Амантайдың Курскі облысы, Поньковский ауданында ерлікпен қаза болғанан кейін Кеңес одағы батыры атанғанын, жерленген жерін анықтауға келгенін баяндаған.

Жақында Курскілік поисковик Владимир Королев Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бозкөл ауылы тумасы 1921 жылғы Жүргенов Ордабай Курскі облысы, Теплое селосында 17 шілде 1943 жылы қаза болғаның хабарлады.

18 жауынгер село маңындағы биіктікте қорғаныста тұрған. Олардың аз екенін біліп, немістер қоршауға алады. Взвод бірінші, екінші шабуылды тойтарады, үшінші шабуылға неміс танкілері шыққан. Жауынгерлеріміз 3 танкіні жойған, оқ, снаряд, граната біткен. Взвод командирі лейтенант А.Д.Рамоновский Семей облысы, Мақаншы ауданы, Бахты ауылының тумасы, ауыр жаралы командир жауынгерлерін қоян-қолтық айқасқа бастаған, барлығы мерт болған. Көмекке келген 224 АП командирі, ұрыс даласында 83 немістің өліктерімен аралас жатқан жауынгерлеріміздің, соңғы айқасқа дейін көпшілігінің жаралы болғанын танылған бинттерінен байқаған.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Орыс, қазақ, украин, өзбек, мордва, әзірбайжан, татар, чечен ұлт өкілдерінен құралған 18 жауынгердің ерлігі Ұлы Отан Соғысында КСРО халықтарының бірлігі арқасында Жеңіске жеткеніміздің айғағы болып тұр емес пе? 224 АП командирі полковник Сурженконың, 162 АД командирі гвардия генерал майоры Сенчилло, штаб бастығы гвардия подполковнигі Черных 18 жауынгерді Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынған. Жерлесіміз Жүргенов Ордабайдың Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылған құжат көшірмесі атамның қолында. Жер қойнында белгісіз жатқан тағы бір батыр тұлға өз ұрпағына танылды, өшкені жанды деген осы емес пе?!

Курскілік поисковик Королев взвод командирі жерлесіміз Романовскийге және Ерпиловқа Ресей батыры атағын әперу үшін әрекеттенуде екен. 1994-2010 жылдары 109 жауынгер Ресей Батыры атағын алыпты.

Атам «Сыр өңірі» басылымы арқылы, батырдың туыстарына, қорғаныс бөлімдерімен хабарласып қозғау салуда. Жеңістің 70 жылдығына орай екі жерлесіміз Батыр атанып тарихымызға енсе нұр үстіне нұр болар еді.

Осы шығармамды жазып жатқанда атам тағы бір құнды деректі тапты. Тверь (бұрынғы Калинин) облысы, Зубцов ауданы, Карамзино деревнясындағы белгісіз жауынгерлер зиратын поисковиктер ашып, есімдерін анықтапты, жауынгерлердің 34-і қазақстандықтар, олардың 14-і Жамбыл облысы Сарысу ауданынан, 1-і Солтүстік Қазақстан, 1-і Ақтөбе; 4-і Алматы; 13-і Семей, Шығыс Қазақстаннан шыққан екен.

Жалпы алғанда, атам тарихи 11 шайқаста қаза болған, жерленген жері белгілі 7 мыңға жуық боздақтарды деректеді. Ленинград, Новгородта қаза болған жауынгеріміздің есімдерін ескерткіштеріне жазылуына қозғау салды, 252 жазғызды, жазылуына еңбектенуде.

«Қазақстандық патриотизмді» насихаттау үшін тылда жанқиярлық еңбек үлгісін көрсеткендерді, майдан қорына жеке қаржысын қосқандарды, еңбек майданына қатысқандарды деректеуге аудан мектептерін жұмылдыру үшін кездесулер семинар кеңестер өткізуде және Жеңістің 70 жылдығына жарияланған оқушылар шығармаларының Республикалық байқауына қатысуларына бағыт бағдар беруде.

Қаһарлы сол жылдарға бас иейік,
Бас иейік, сарбаздармен, сардарларға.
Бас иейік шейіттер мен тірілерге,
Ұмытуға болмайтын барлығына
Бас иейік, бас иейік бәріміз

- деген өлең сөздері атамның өмірлік ұстанымына жазылғандай. Ел ішінде патриоттар жеткілікті екеніне шүбәм жоқ, десе де нағыз Отаншыл азамат, ол

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

менің атам дер едім. Майдангерлер рухы жебеп, елдің батасымен амансау жүрген, нағыз патриот атаммен мақтанамын, пір тұтамын!

Бөтейева Ұлдана

10 сынып оқушысы Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы,
Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектеп

... «Отан» деген бір-ақ ауыз сөз. Бірақ сол
сөздің мағынасына тең келер ешбір сөз жоқ...
Баубек Бұлқышев

Зұлмат соғыс халқымыздың қаншама дарынды ұлдарын дегеніне жеткізбей, бойларындағысын сарқып ұлтына бергізбей, артына ұрпақтарын да қалдырмай қыршындарынан қиып, өздерімен бірге асыл армандарын арқалап алып кетті. 1932-нің аштығы, 1937-нің нәубетінен ұлтының небір асыл ұл-қыздарынан айырылған халық басқыншыларға қарсы соғысқа тағы да қимастарын аттандырған.

Қазақ жерін қызыл қанға бояп, орны толмас қайғы-қасіретке ұшыратқан сұрапыл соғыс ешқашан ұмытылмақ емес. Толарсақтан қан кешіп, майданның ауыр азабын шеккен батырларымыздың көпшілігі оралмады. Кешегі қан майданда аспаннан төніп жауының зәре-құтын қашырған батырларымыз қазақтың бүгінгі бар болмысы, бар бітімі, бар айтары. Жалындаған жастық шағында көзсіз ерлігімен, ерекше қабілетімен көзге түсіп қан майданда өзінің ғана емес, күллі қазақ халқының атағын шығарып, даңқын асқақтатқан ерлеріміздің есімі бүгінде баршамыздың көкейімізде.

Адамзат тарихындағы аса ірі де қасіретті оқиға – екінші дүниежүзілік соғыс. Ал кешегі алып КСРО мемлекеті құрамындағы халықтар үшін Ұлы Отан соғысы болды. Адамзат тарихындағы ең жойқын соғысқа аттанған ерлеріміз Отанын қорғау үшін кеудесін оққа тосқан.

Біз, соғыстан кейін туған ұрпақ, кешегі Ұлы Отан соғыс жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтармен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігінің саяси-тарихи, елдік мәні туралы ойлану, пайымдау – кейінгібуынның азаматтық парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті. Отан соғысы майдандарында жау тылындағы партизандары мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыздың рухына бас иеміз...

Соғыстың от-майданында жүріп «алты малта ас етіп», «толарсақтан қан кеше жүріп», елге жеңімпаз ретінде оралған батыр ақын-жазушыларымыз соғыстың ерлік рухын, адам бойындағы бар қасиетке сын болған алапат қиыншылықта өзінің азаматтық арына дақ түсірмей, тіпті, дәлірек айтсақ қазақ ұлты ұландарының ерлігі мен мәрттігі, жанкештілігі мен төзімділігі туралы бүгінгі ұрпаққа жеткізген. Олар бүгінгі ортамыздағы қайырымдылық пен әділдіктің, патриоттың жыршысы һәм күзетшісіндей. Талай ақын-жазушыларымыздың шығармаларына арқау болып, қайғы мен қасіретке толған жылдар туралы баяндалған сұрапыл соғыста аналарымыз туған баласынан, қыздарымыз ағалары мен әкелерінен айырылып, оларды қара жердің қойнына тапсырған.

Біздің ауылымызда да Ұлы Отан соғысынан аман-есен оралған ардагер аталарымыз бар. Солардың ішінде Абдрахманов Шұлғаубай, Сүлейменов Асаубай және басқа да жерлестеріміз соғысқа қатысып, елін қорғауға үлкен үлес қосқан. Қан майданда тылда жұмыс істеген ата-апаларымыздың да ерен еңбегі ұмытылмайды. Тылда жұмыс істеген азаматтарымыздың арасында менің аталарым Сәбденов Бөтей және Зәуірбеков Нұрах болған. Сәбденов Бөтей – Ленин орденді механизатор. Өмір бойы өз ауылының өсіп-өркендеуіне зор үлесін қосты. Ең алғашқы ХТЗ, ЧТЗ тракторларынан бастап, К-700 тракторына дейін меңгерді. Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылда істеген зор еңбегі үшін Ленин және басқа да медальдармен марапатталды. Ал Зәуірбеков Нұрах Еңбек майданында Қарағанды қаласындағы шахтада жұмыс істеді. Сол еңбегін бағалап, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Абахов Кәрібай атам - Ұлы Отан соғысының ардагері. Соғыстан оралған соң трактор руліне қайта отырды. Жер жыртты, тұқым септі, егін орды. К.Абаховтың көп жылғы қалтқысыз еңбегі жоғары бағаланып, 1967 жылы Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені мен Алтын жұлдыз медалімен қоса марапатталды. Туған ауылымыз Жақсылықтың бір көшесі осы Кәрібай атамның атында. «Ер есімі – ел есінде» деген осы да.

Апам Абахова Сәлима Жаманқарақызы - аудан қыз-келіншектері арасынан Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан жалғыз әйел. Сәлима апам соғыс кезінде санитар болып жүрген кездегі көзіне жас алып әңгімелейтін мына бір оқиғасын айта кетейін. Сәлима апаммен бірге санитар болып поляк қызы да қызмет атқарған. Олар жау танкілері мен жауынгерлері жерімізге баса-көктеп кіріп, біздің әскерімізге оқ боратып талай жауынгерлерімізді жаралағанда, оларға көмек көрсетіп емдеген. Соғыс алаңында жаралы жауынгерлерді дәрігерге апара жатқан кезде жау танкісі Сәлима апаның көз алдында поляк қызын тірідей таптап өтіп, мерт қылған екен. Осы оқиғаны үлкен қасіретпен еске алғанда, көзіне еріксіз жас келеді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Осындай ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, артына өшпес із қалдырған ердің ісін ұмытпай тарихымызды жаңғыртып отыру – бүгінгі ұрпақтың парызы. Елім деп туған ерлердің есімі бір ғасыр өтсе де, жүз ғасыр өтсе де ел есінде сақталып қалары сөзсіз.

Бөтей Анар

Т.Рысқұлов ауданы, Жақсылық ауылы,
Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебі.

9 сынып оқушысы

Жетекшісі: Асилина Ж.Б.

**Сарғайса да тарихтың ақ парағы,
ол күндер мәңгі есте сақталады**

«Жеңіс» деген – жақсылықтың сыңары,
Жігер менен құштарлықтың құралы,
Күрескердің арманы мен ұраны
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

«Жеңіс» жүрекке жылы естілетін сөз. Осы бір ауыз сөз үшін қаншама ата-бабаларымыз қан төгіп, жанын қиды. 1941-1945 жылдар аралығында өткен сол 5 жыл, қазақ халқына қаншама қиындық алып келді. Көптеген балалар ата-аналарынан айырылып жетім қалды, ал әйелдер ерлерінен айырылып жесір қалды. Сол кезде майдан алаңында жанын қиған ата-бабаларымыз елімізді, жерімізді қорғап қалды. Соғыс кезінде тылда жұмыс істеген аталарымыз бен апаларымыздың да еңбегі зор. Соғыс алаңына азық-түлік тасып, жаралы жауынгерлерді емдеп, қара жұмысқа салынған тылда жұмыс істеген аталарымыз бен апаларымызды ұмытпағанымыз жөн. Менің атам Сабденов Бөтей тылда жұмыс істеген адамдардың қатарына жатады. Мен атамның жасаған еңбектерін мақтанышпен айтамын. Осындай үлкен еңбектің, күш пен қайраттың, батырлықтың арқасында осы жеңіске қолымыз жетті. Соғыс ардагерлерінің, тылда жұмыс істегендерден сол майдан алаңында басынан кешкен оқиғаларын сұрасақ, көздеріне жас алып естеріне түсіреді. «Соғыс» бұл сөздің өзі адамның денесіне үрей туғызады. Сондай қорқыныш бола тұра жауынгерлеріміз майдан алаңына аттанды. Қазақ елі басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорку деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Жеңіс – жай қабылдай салатын ұғым емес. Астарына үңіліп қараңыз. Осы бір ғана сөз үшін талай боздақтың қаны төгілді, талай жанның ары тапталды, сан әйелдің жары опат болды, өмірдің мәні, соғысқа арналды сол заманның әні, қыршыннан қиылды жаны, ақыры... Жеңістің нұрлы таңы атты. Ұлы Жеңіс! Қаншама боздақтардың өмірін қиған, талай шаңырақты ортасына түсірген соғыс өртінің өшкеніне 70 жыл өтті. Бірақ, оның жарасы жазылды ма екен? Әрине, жоқ. Өйткені, осы күнге дейін соғыста хабар-ошарсыз кеткен әкесін, атасын іздеген ұрпақ қаншама? Немесе майдан даласынан «қара қағазы» ғана жеткен жауынгерлердің қазіргі үрім-бұтақтары енді олардың қайда жерленгенін білгісі келеді. Салқыны сан жылдарға созылған сол бір сұрапыл соғыстың жаңғырығы – мәңгі жадымызда. Ел шетіне жау тиген шақта қолына қаруын алып, қан майданға аяқ басқан жауынгерлер қашан да құрметті. От кешіп, оққа кеудесін тосқан сол сарбаздардың ерліктері – бүгінгі бейбіт күннің кепіліндей. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің еңбегі қашан да өлшеусіз. Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді, оларды қалай құрметтесе де жарасады. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің еренерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары болуға тәрбиелеу. Қиындықпен келген жеңіс ешқашан ұмытылмайды және ұмытылмақ емес.

Соғыстың құны – кесілген білек,
Соғыс күні – тесілген жүрек.
Соғыс құны – лаулаған орман,
Соғыс күні – уланған арман.
Соғыс құны - өртенген аспан,
Соғыс құны – төгілген жас қан

- демекші, батырлық, ерлік қазақтың қанында бар. Қазақтың ержүрек батыр қыздар мен балалары елі, жері үшін қаншама қан төкті. «Тегінде бар тек жатпас» деген, сол халықтың ұрпағы ерліктің небір үлгілерін көрсетті. Сұм соғыста жеңіске жету жолында жауға қарсы ұмтылған батырларымыздың есімі мәңгі ұмытылмайды. Жадымызда сақталады мәңгілік өшпес отты жылдар!

Бөтей Ұлдана

Т.Рысқұлов ауданы, Жақсылық ауылы,
Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебі.

10 сынып оқушысы

Жетекшісі: Бейсбаева А.О

МӘҢГІЛІК АЛАУ – ӨШПЕС ЕСІМДЕР

... «Отан» деген бір-ақ ауыз сөз. Бірақ сол
сөздің мағынасына тең келер ешбір сөз жоқ...
Баубек Бұлқышев

Зұлмат соғыс халқымыздың қаншама дарынды ұлдарын дегеніне жеткізбей, бойларындағын сарқып ұлтына бергізбей, артына ұрпақтарын да қалдырмай қыршындарынан қиып, өздерімен бірге асыл армандарын арқалап алып кетті. 1932-нің аштығы, 1937-нің нәубетінен ұлтының небір асыл ұл-қыздарынан айырылған халық басқыншыларға қарсы соғысқа тағы да кимастарын аттандырған.

Қазақ жерін қызыл қанға бояп, орны толмас қайғы-қасіретке ұшыратқан сұрапыл соғыс ешқашан ұмытылмақ емес. Толарсақтан қан кешіп, майданның

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ауыр азабын шеккен батырларымыздың көпшілігі оралмады. Кешегі қан майданда аспаннан төніп жауының зәре-құтын қашырған батырларымыз қазақтың бүгінгі бар болмысы, бар бітімі, бар айтары. Жалындаған жастық шағында көзсіз ерлігімен, ерекше қабілетімен көзге түсіп қан майданда өзінің ғана емес, күллі қазақ халқының атағын шығарып, даңқын асқақтатқан ерлеріміздің есімі бүгінде баршамыздың көкейімізде.

Адамзат тарихындағы аса ірі де қасіретті оқиға – екінші дүниежүзілік соғыс. Ал кешегі алып КСРО мемлекеті құрамындағы халықтар үшін Ұлы Отан соғысы болды. Адамзат тарихындағы ең жойқын соғысқа аттанған ерлеріміз Отанын қорғау үшін кеудесін оққа тосқан.

Біз, соғыстан кейін туған ұрпақ, кешегі Ұлы Отан соғыс жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігінің саяси-тарихи, елдік мәні туралы ойлану, пайымдау – кейінгі буынның азаматтық парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті. Отан соғысы майдандарында жау тылындағы партизандары мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар кандастарымыздың рухына бас иеміз...

Соғыстың от-майданында жүріп «алты малта ас етіп», «толарсақтан қан кеше жүріп», елге жеңімпаз ретінде оралған батыр ақын-жазушыларымыз соғыстың ерлік рухын, адам бойындағы бар қасиетке сын болған алапат қиыншылықта өзінің азаматтық арына дақ түсірмей, тіпті, дәлірек айтсақ қазақ ұлты ұландарының ерлігі мен мәрттігі, жанкештілігі мен төзімділігі туралы бүгінгі ұрпаққа жеткізген. Олар бүгінгі ортамыздағы қайырымдылық пен әділдіктің, партиоттың жыршысы һәм күзетшісіндей. Талай ақын-жазушыларымыздың шығармаларына арқау болып, қайғы мен қасіретке толған жылдар туралы баяндалған сұрапыл соғыста аналарымыз туған баласынан, қыздарымыз ағалары мен әкелерінен айырылып, оларды қара жердің қойнына тапсырған.

Біздің ауылымызда да Ұлы Отан соғысынан аман-есен оралған ардагер аталарымыз бар. Солардың ішінде Абдрахманов Шұлғаубай, Сүлейменов Асаубай және басқа да жерлестеріміз соғысқа қатысып, елін қорғауға үлкен үлес қосқан. Қан майданда тылда жұмыс істеген ата-апаларымыздың да ерен еңбегі ұмытылмайды. Тылда жұмыс істеген азаматтарымыздың арасында менің аталарым Сәбденов Бөтей және Зәуірбеков Нұрах болған. Сәбденов Бөтей – Ленин орденді механизатор. Өмір бойы өз ауылының өсіп-өркендеуіне зор үлесін қосты. Ең алғашқы ХТЗ, ЧТЗ тракторларынан бастап, К-700 тракторына дейін меңгерді. Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылда істеген зор

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

еңбегі үшін Ленин және басқа да медальдармен марапатталды. Ал Зәуірбеков Нұрах Еңбек майданында Қарағанды қаласындағы шахтада жұмыс істеді. Сол еңбегін бағалап, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Абахов Кәрібай атам - Ұлы Отан соғысының ардагері. Соғыстан оралған соң трактор руліне қайта отырды. Жер жыртты, тұқым септі, егін орды. К.Абаховтың көп жылғы қалтқысыз еңбегі жоғары бағаланып, 1967 жылы Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені мен Алтын жұлдыз медалімен қоса марапатталды. Туған ауылымыз Жақсылықтың бір көшесі осы Кәрібай атамның атында.

Апам Абахова Сәлима Жаманқарақызы - аудан қыз-келіншектері арасынан Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан жалғыз әйел. Сәлима апам соғыс кезінде санитар болып жүрген кездегі көзіне жас алып әңгімелейтін мына бір оқиғасын айта кетейін. Сәлима апамен бірге санитар болып поляк қызы да қызмет атқарған. Олар жау танкілері мен жауынгерлері жерімізге баса-көктеп кіріп, біздің әскерімізге оқ боратып талай жауынгерлерімізді жаралағанда, оларға көмек көрсетіп емдеген. Соғыс алаңында жаралы жауынгерлерді дәрігерге апара жатқан кезде жау танкісі Сәлима апаның көз алдында поляк қызын тірідей таптап өтіп, мерт қылған екен. Осы оқиғаны үлкен қасіретпен еске алғанда, көзіне еріксіз жас келеді.

Осындай ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, артына өшпес із қалдырған ердің ісін ұмытпай тарихымызды жаңғыртып отыру – бүгінгі ұрпақтың парызы. Елім деп туған ерлердің есімі бір ғасыр өтсе де, жүз ғасыр өтсе де ел есінде сақталып қалары сөзсіз.

Ерғараева Аружан

Облыстық үш тілде оқытатын мамандандырылған
дарынды балаларға арналған мектептің 8 сынып оқушысы
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
Жетекшісі: Сүлейменова Ғалия Ермекбайқызы

Ұлы есімдер ұмытылмайды

Соғыс.Майдан. Қаралы қағаз. Көріп, білмесек те, оқығанымыз бен естігеніміздің өзі-ақ осы бір ұғымдардың қаншалықты қасіретті, қорқынышты екенін түсіндіреді. Ата-апаларымыздың да ең бағалы батасы «Еліміз аман болсын, бейбіт өмір сүріңдер» деп айтылатыны да осыдан.

Ия, ел есінен, әлем тарихынан 1941-1945 жылдары болған екінші дүниежүзілік соғыс мәңгіге орын алды. Алаңсыз жатқан елінің шетіне кірген жауға қарсы небір боздақ аға-көкелеріміз, аталарымыз майданға аттанып, ал аналарымыз болса барлық қиындықты мойындарына артып қала берді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

«Соғыс-құрбандықсыз болмайтыны» дәлелденген заңдылық. Осыдан да бір кездері сап түзеп майданға аттанған аталарымыздан, аға-көкелерімізден елге аман оралғаны саусақпен санарлықтай. Ал көбісі шет жерде жау оғынан қаза тапты.

Міне, осындай сұрапыл соғысты көрген, басынан кешірген ардагер аталарымыздың айтқандары немесе балалық шағын соғыс ұрлаған жазушы аталарымыздың жазғандарынан батыр ағаларымыздың елі мен жері үшін жасаған ерліктері – біз үшін үнемі есімізде ұстап, үлгі алатын ерлік мектебі. Әсіресе, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова секілді батыр апаларымыздың ерліктері күн өткен сайын ірілене түсіп, біздерді рухтандырып, бойымызға ерік-жігер құйып келеді. Сондай-ақ, жау оғынан тайсалмаған Төлеген Тоқтаров, Талғат Бигелдиновтердің ерліктері, ержүрек Бауыржан Момышұлының қолбасшылық болмысы мен Қасым Қайсеновтердің майдан шебіндегі батыл қимылдары ұлттық мақтанышымыз десек болғандай. Қазіргі кезде соғыстың шынайы қасіреті өзі майданға қатысқан Сырбай Мәуленовтің жалынды жырларынан, Баубек Бұлқышевтің жазбаларынан, Бауыржан Момышұлының қанмен жазылған кітаптарынан, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің, Тахауи Ахтановтың, Шерхан Мұртазаның, т.б. романдарынан таныс. Есіме өзім оқыған Сайын Мұратбековтің «Жусан иісіндегі» Аяның тағдыры түсіп отыр. Аяғын сылтып басқан Аян майдандағы көкесіне деген сағынышын әңгімемен жеткізуші еді. Соғыстың қасіретін тартып, бала болып алаңсыз ойнап, күле алмаған балалар тағдыры бізді де бей-жай қалдырмайтын. Жүз жасаған Жамбыл атамның «Ленинградтық өренім» өлеңінің өзі жауынгерлерге өршіл рух сыйлағандығын білеміз. Роза Бағланова секілді бұлбұл әнші апамыздың танктің үстіне шығып, ән шырқап, қуат бергені де – соғыстың жайынан хабар етіп қоймай отаншылдық сезімімізді оятуға, патриоттық рухта тәрбиеленуімізге мол мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Көптеген құрбандықпен, ауылда қалған апаларымыздың таңнан күн батқанға дейінгі ерен еңбегі арқасында 1945 жылы жау кейін шегініп, жеңіс туы желбіреді. Үстіміздегі жылы жеңістің 70 жылдығын тойлаймыз. Менің де атам соғысқа қатысып, бір аяғынан айрылып, елге оралған. Атамның ағаш аяғын көрген сайын балалық қызығушылықпен көптеген сұрақтар қойып, атамды мазалайтынмын. Атам терең күрсініп, кейде терең ойға шоматын. Қазір атам да о дүниелік болған. Осы себепті де, Ұлы Жеңіс мерекесі – әрбір шаңырақ үшін ұлы мереке екені даусыз. Мен секілді әрбір баланың ата-апасына деген сағынышы еріксіз өткен күндерге жетелейді. Бүгінгі күні соғыс ардагерлері тіпті азайып кеткен. Қандай құрметке болмасын әбден лайықты, бүгінгі тәуелсіздігіміздің арайлы таңы үшін өлшеусіз еңбек еткен, бейбіт өмір сыйлаған ардагер аталарымызды құрметпен еске алу да біздер үшін зор міндет, азаматтық борышымыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Шығармамды қорыта келе, жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешбіріміздің есімізден мәңгі кетпейтін, қайғы-қасіретімен ұрпақ санасынан орын тепкен соғыс туралы жаза беруге де, айта беруге де болады. Ең бастысы, соғыстың сұрапыл қасіреті мен ел-жер үшін ержүрек ағаларымыздың жасаған ерліктерінен үлгі-өнеге алып, тәуелсіз еліміздің баянды болашағы үшін Отанымызды қалтқысыз сүйіп, қадірлеп, қастерлеуіміз қажет.

Ұлылық- ұлы істерден бастау алады. Ұлы істерімен дараланған ұлы ата-бабаларымыздың есімдері үнемі жадымызда сақталып қала бермек. Соғыс, Ұлы Жеңіс тақырыбына қалам тартпаған ақын-жазушы жоқ.

Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Ардагерлер азайып барасыңдар.
Қастерлейді халқымыз қаһарманын,
Жүр есінде сан жарық, сапарларың.
Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер,
Қалды-ау сиреп бұл күнде қатарларың.
Ерлік сүйген еліңе салтың ұнар,
Жүздеріңде жанған от жарқылы бар.
«Соғыс» деген салмағын жалғыз сөздің,

Бүгінгі ұрпақ өздерің арқылы ұғар, - деген қызылордалық ақын ағамыз
Махмұтбай Әміреұлының өлең жолдарымен қорытындылағым келеді.

Ескендір Арайлым

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы
Ақтоған орта мектебі 10-сынып оқушысы

ЖЕҢІС –БІЗБЕН МӘҢГІ БОЛСЫН!

Ұлы Отан соғысы миллиондаған боздақтардың өмірін қиып, адамзат тарихындағы сұрапыл алапатымен есте қалды.Елін, жерін фашизмнен қорғаған жауынгерлер ерліктің, қаһармандықтың теңдессіз үлгісін көрсетті.

Ұлы Жеңіс- барша Қазақстандықтың жеңісі.. Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да міне 70 жыл өтіпті. «Жеңіспен аяқталды!» - деп біз мақтанышпен айта аламыз. Біз, қазіргі жастар осы Ұлы Отан соғысы жайында көп киноленталар мен көп соғыс туралы әдеби кітаптар оқу арқылы сол кезеңдерді көзімізге елестете аламыз. «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін біз өткен тарихымызды, ата-бабаларымыздың қиыншылықтары мен ерлігін ұмытпауымыз керек. Сол кезде

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ғана қазіргі кезеңді түсініп болашаққа көз жүгірте аламыз» деп Елбасы Н.Назарбаев ағамыз өте орынды айтқан.

Біздің өткен өміріміз, яғни тарихымыз болып табылатын Ұлы Отан соғысы майданға барған азаматтарымыз үшін де, Отан қорғаушыларымыз үшін де, елін қорғау оңай болмағанын білеміз. Ұлы Отан соғысы сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Ұлы Отан соғысында Ұлы жеңіске ештеңе теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш әрине, “бірлік”. Қаншама халық бір тудың астында бірігіп күштерін бір арнаға салды. Қазақстандық жауынгерлер, Отан қорғаушылар Брест қамалынан бастап, Берлинге дейін барды. Осы Ұлы Отан соғысына Көгершін жерінен де бірнеше Отан қорғаушылар барды. Соның ішінде азаматтық борышым деп білген -Молдаш Амреев атамyz . Молдаш Амреев 1915 жылы Тұрар Рысқұлов ауданында №97 Жылқы заводында дүниеге келген. Мектепті бітіргеннен кейін, ауылда жұмыс істеп майданға аттанады. Батыс Беларусь майданында, 376-шы артиллерия полкінде әскери қызметін өтеді. Күрес додасында қолынан жараланды. Сегіз ай госпитальда емделіп, 1945 жылы туған елге оралған. Соғыстан оралғаннан кейін қазақ топырағынан шыққан ең алғашқы олимпиада чемпионы Абсентті және текті тұлпарларды баптап өсіреді. Молдаш Амреев атамyz қонақжай, әрі көкірегі ояу, көзі ашық, сауатты шежіреші жан болған екен.Көгершін ауылында қазіргі таңда балалары, немерелері мен шөберелері бақытты ғұмыр кешуде. Көгершін жерінен барған Отан қорғаушылар туралы біз көп естиміз .Оның өнегелі ерлігін бүгінгі ұрпаққа барынша үлгі ету үлкендердің парызы. Отан қорғап елге оралған ардагерлеріміздің қазіргі күнде өкінішке орай саны жыл санап азайып барады. Ол кісілер қазір тірі болғанда Қазақ елінің, Қазақстанның қалай дамыған өркениетті, егеменді ел болғанын көретін еді.Әрине, Тәуелсіз Қазақстан болуға қол жеткізіп отырған сол кездегі Отан қорғаған ата-бабаларымыздың да үлесі мол деп білемін.

“Ер есімі-ел есінде”-демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған ата-апаларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт өмірімізге мәңгі шуағын шашпақ. Жеңісіміз-мәңгі бізбен болсын!- дегім келеді.

Жайлау Мөлдiр

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы Жарлысу ауылы
А.Шынасилов атындағы шағын орталықты орта мектебі 11-сынып оқушысы
Жетекші: Мейрманова Клара Сергеевна

Отан үшін от кешкендер

Осы бір зердесі мен зейіні ерен, байыпты да байсалды, сұңғыла да сара парасатты, қасиетті «Ұлы Жеңіс күні» туралы жазу үшін, қолыма қалам алғанда, көңілім бір түрлі қанатты құстай көкке көтеріліп кетті.

Ұлы Жеңіс күні! Біз үшін Жеңіс күнінен асқан қымбат мереке жоқ. Халқымыздың зердесінде бұл күн мәңгілік сақталады, ғасырлар бойы ұмытылмайды. 1945 жылдың 9 мамыры - Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталған күні, әлем фашистік құлдық қауіпінен азат етілген күн. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толып отыр. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні - бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке - бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің ата-бабаларымыздың батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл-бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік пен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік катал соғыста Жеңіске жеткізді. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар Иван Павлов, Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Талғат Бегельдинов, Әлия Молдағұлова және тағы басқалар.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына бірнеше жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Ұлы Отан соғысын халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда өз батырлықтарын, ерліктерін көрсетті. Украинаны, Кавказды, Беларуссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

етті, ал Польша, Венгрия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмаған. Қазақ елі басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен алып тастаған. Тіпті арғыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал ретінде айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың Кеңестер Одағының Батыры атағын алғаның айтсақ та жетеді. Ердің ері шыдайтын, жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың тырнағына іліккен.

Отан үшін өз өмірлерін құрбан етіп, ерліктің үлгісін көрсеткен барлық кезеңдегі қаһарман жауынгерлер есімі ұмытылған емес. Соғыстың адам баласына әкелер зардабы мен қасіреті шексіз екені баршаға аян. Солардың ішінде ауған – жауынгерлерінің де ерліктерін есімізде мәңгіге сақтау – қасиетті борышымыз.

Бүгін де біз, ХХІ ғасыр жастары, елдің болашағына, Елбасы салып берген жолдың баяндылығына жауаптымыз. Осы ойда, осы мақсатта әрбір жас көкейінде ұстап, сол жолда тер төгетін болса, тәуелсіздігіміз баянды, еліміз іргелі болмақ.

Жайлаубай Нұрай

9 сынып. Бірлес орта мектебі.

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы.

Жетекшісі: Байтишов С.

Ұлы Жеңіс жасасын!!!

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да жетпіс жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлығымен жеңісті шыңдаған, егін даласында күні – түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз – өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағаларын қанын төгіп, жанын қиып бақытты

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

өмірін қамтамасыз еткен Ұлы Жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған – туыстарына, жақын – жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді.

Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген он бес одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, мың төрт жүз он сегіз күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпағы үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен беларус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өз үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Қырымды, Беларуссияны, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Балгария, Чехословакия, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде – бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Ал біз болсақ ата - бабаларымыз азаппен алып берген жерімізді оңды – солды шашып жүрміз. Бұл дұрыс па? Тіпті арыға бармай – ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді.

Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтақ та жетеді. Бұны сол кездегі екі жарым – үш миллион халыққа шаққанда басқаларының алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнанағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Бес жүзден аса жерлестеріміз, оның ішінде тоқсан алты қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Еңбектеген баладан еңкейген қариямызға дейін тыным таппай еңбектенді. Пошташы күн сайын әр үйге қаралы хабар жеткізді. Елден тыныштық кетіп, ұйымшылдық азайды. Адамдардың өңдері бозарып, күн сайын мың өліп, мың тіріледі. Әкесіз қалған баланың, жесір қалған ананың жан айғайы денеңді түршіктіреді. Сол бір сұрапыл соғыстың кесірінен қаншама отбасы қамқоршыларынан айырылды?! Қаншамасы мүгедек болды, қаншамасы із-түссіз кетті? Мұның бәрін айтып тауыса алмаймыз.

Соғысқа қазақтың қара домалақ қыздары да қатысты. Халқының жай – күйін көріп, шыдай алмаған олар майданға аттанып кетті. Өздерінің қыз екендерін ұмытып, жігіттерше патриоттық сезіммен соғысқа шықты. Мәншүк апамыз өзі жалғыз шеберлігімен екі сағат бойы жауды елге кіргізбей тұрды. Мінекей, осындай ерліктерінің арқасында еліміз жау қолына өтпеді.

Сол бір кездерде балалар жастықтың дәмін тата алмады. Қатал тағдыр оларды ерте есейтті. Жастайынан тағдырдың тауқыметін тартып, қабақтары ашылмады. Әр күні қайғырумен өтті. Олар да шамалары келгенше көмек көрсетті.

Ал қазіргі жастарымыз ше? Олар тіптен бұл қоғамдағы өз орындарында білмейді. Әрине, көпке топырақ шашуға болмас. Дегенмен, біздің арамызда бұл өмірге неге келгендерін де білмейтін жастар бар. Тіптен, бар нәрсенің қадірін де білмейді. Күнде мектепке барып келеді. Бітірген еш нәрсесі жоқ. Әйтеуір

“Ірад” ұстағанына мәз. Бұрынғылар елдің қамын ойлап баз кешсе, қазіргілер жүріп жүрген қыздары тастап кетсе, сол болмашы нәрсе үшін, жігіт екенін ұмытып көзінен жас шығарады. Әскерге бармақ түгілі, оңы мен солын ажырата алмайды. Осындайларды көрсем, ызым келеді. Оларға қарап қайран қаламын. Әттең...

Міне, Ұлы Отан соғысы осылай болды. Сол кездегі айтсаң ауызға сыймайтын оқиғалар, қазір бір – ақ паракқа сыйып кетті. Тіпті, жетпіс жыл бұрын болған сол бір қиын сәттерді қазір оп – оңай еске алып, сол туралы шығарма жазып отырмыз. Қызық, сол кездегі ата – бабаларымыз бізді осылайша шығарма жазып, оларды еске алады деп ойлады ма екен?!...

Зауытбекова Айгерім

10 сынып, Қ.Сәтбаев атындағы орта мектебі.

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Жаңатұрмыс ауылы.

Жетекшісі: Абуталипова Сәуле

Ер есімі – ел есінде

Бұйра түтін бұлттарына жанасқан,
Қанды қолға қарғыс айтты қара аспан,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жер мен көктің арасында басып жүр
Көгершіндер мекенінен адасқан.
Марат Ысқақов

Соғыс... Осы бір сөзде қаншама қайғы мен шер, сан қилы апат, адамдардың көз жасы жатыр десеңші... Бір сәтте көз алдыға түнерген аспан, тапталған қасиетті қара жер, өртенген дала мен қала елестейді.

Сонау 1941 жылдың маусымында бейбіт тыныштықты бұзып, неміс басқыншыларының аждаһадай гүрілдеген танктері, көк аспанды дүр сілкіндірген жойқын самолёттері шекара шебін бұзып өтіп, әділетсіз соғыс басталған еді.

Ұлы Отан соғысы жалпы адамзат үшін өте қауіпті еді. Бұл соғыс ананы баласынан, сүйген жұбайынан, ағасын інісінен, туған – туыстарынан айырды.

Германияда ауыр жұмыстарда, концлагерьлерде крематори пештерінде қаза болғандарды адамзат ешқашан ұмытпайды.

Сұм соғыста ерліктің тамаша үлгісін көрсеткен қайсар батырларға түрлі дәрежедегі атақ берілді. Алайда ешқандай атақ та, ешқандай марапат та Отан үшін жанын пидә еткен жандарды қайтара алмайды, атақ пен марапат неміс әскерін тас – талқан етіп, жеңісті қолдан бермеген жүрек жұтқан ер азаматтарға деген шексіз құрметтің белгісі. Сондықтан ел үшін етігімен су кешкен, от басқан, ат ауыздығымен су ішкен, ақ қар, көк мұз жастанған батырлар ерлігі еш уақытта ұмытылмасы хақ.

Соғыс жылдары Қазақстаннан 1 196 164 адам қару асынып, майданға аттанды. Ал еңбек армиясына 7 мың адам жіберілді. Сонда барлығы 1 миллион 900 мыңдай адам Отан үшін сапқа тұрды.

Соғыс кезінде Қазақстан жерінде 12 атқыштар дивизиясы мен 4 әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, әскер түрлерінің 50-ге жуық полктері мен батальондары құрылып, майданға аттанды.

Басталды соғыс дегенде,
Адамдар қалды аңырап.
Дөңбекшіп жатты дүние,
Қасірет бұлтын жамылып, - деп

аяулы ақын апамыз Фариза Оңғарсынова айтқан.

Соғыс деген сөздің аты өшсін. Егемен еліміздің ынтымағы нығайып, аспанымызды бұлт торламасын. Қанша қазақстандықтың жүрегінде осы сөздер тұрды. Жүздеген мың қазақстандықтар ерлігі үшін ордендермен және медальдармен марапатталды. Қазақстандық 500- ден астам жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алды, оның ішінде – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәмедова болды. Төрт Қазақстандықтар Т.Бигельдинов,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

С.Луганский, И.Павлов, Л.Беда екі мәрте Кеңес Одағығының батыры атағына ие болды. Рейхстагта Р.Қошқарбаев жеңіс туын тікті. Соғыстан кейін Батыр жұлдызы көрнекті әскер басшысы Б.Момышұлына берілді.

Соғыс жылдарын айқын бейнелеген, көзімен көрген ақын-жазушыларымыз жа аз емес. Солардың бірі Сырбай Мәуленов:

Жатқанда Отан жері отқа жанып,
Тұрғанда туысқандар жауда жанып,
Жеңбесек, жойқын қайрат шығармасақ,
Жігіттің неге жүрміз атын алып?, - деп жырлаған.

«Ұлы Отан соғысы» - ол қазақ халқының тарихында болған ақтаңдақтардың бірегейі. Ұлы Отан соғысының «дүркіреп» өткеніне 70 жыл толып отыр. Әйтсе де сол ызғарлы төрт жыл әлі де көкейден кетер емес. Кей кезде еске түсе қалса жүрекке шаншудай қадалады. Бұл атышулы оқиға қазақ халқының басына қаншама қасірет әкелді.

Соның ішінде талай ұл-қыздарымыздың қаны судай ақты. 1941 жылдың 22 маусымы-біздің тарихымызда ең қайғылы күн, Ұлы Отан соғысының еріксіз басталған уақыты. Бұл күн қан майданда қаза тапқандармен фашистерден еріксіз қорлық көргендерді, тылда еңбек етіп аштан қырылғандарды еске салады. Бізді әрбір өткен жыл Ұлы Отан соғысының бірінші күніндегі оқиғалардан алыстатуда.

Көптеген соғыста жеңіске жеткен жауынгерлер өмірден озып, жыл сайын майданға қатысқан сарбаздардың саны азайып барады. Сол сұрапыл соғыс заманын көзімен көрген куәгерлермен бірге тарихтың маңызды егжей-тегжейлі естеліктері де жоғалып бара жатқан сыңайлы.

Жеңіс деген жақсылықтың сыңары,
Жігерленген құшақтардың құмары,
Күрескердің амалы мен ұраны,
Қуаныш пен мерекесі бұл оның.

Жеңіс! Қандай құдіретті сөз еді ! Осы бір сөзге төрт жылдай теңселген дүниенің қайғы қасіреті, ащы азабы, тәтті арманы, ой қиялы сыйып жатыр.

Жеңіс! Кім де болса жеңіс туған сәтті өз өмірінің ең бақытты күніне санайды.

1941-1945 жылдардағы соғыстың жеңіспен аяқталуы, дүниежүзілік тарихи маңызы зор оқиға. Қан төгіспен өткен бұл сұрапыл соғыста әрбір азамат Отан үшін, ел үшін, бар ар-намысымен шайқасып, ерлік пен батырлықтың, қайтпас қайсарлықтың нағыз үлгісін көрсетті. Соғыстың әрбір

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

күні, әрбәр сағаты, әрбір минуты ұмытылмас тарих, естен кетпес шежіре ретінде жадымызда жатталып қалды. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды.

Ұлы Отан - соғысы қайтпас батырлықтың, қажымас табандылықтаң қанмен, термен келген Ұлы Жеңістің мәңгілік өшпейтін шежіресі.

Ұмыт болған, ұмыт қалған жоқ ешкім,
Ешбір адам ұмытпайтын мәңгі есем,
Батырлар естелігі соғыстың
Ұрпақтар үшін тозбай тұғын, бітпейтін,

-демекші, міне осынау қан майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батыр ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас ие отырып, ол кісілердің бүгігі ұрпақтарына қалдырған кең байтақ, азат елін, жерін қорғау, күту болашақ мына біздің қолымызда. Еліміз үшін, жеріміз үшін құрбан болған батырларымызға мың тағзым!

Ұлы Жеңіс күндерінен бері қаншама уақыт өтті... Осы жылдар туралы қаншама естелік, роман-дастандар жазылып, қаншама кино түсірілсе де азамат тарихы түгел жазылып нүктесі қойылған жоқ. Ол мүмкін де емес. Отан соғысының ізінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар, еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан ерлер қаншама?! Оны ашып анықтау, белгісіз болып жатқан тағдырды тауып, елге танытып, лайықты атаққа ие болғызу, оларға қамқорлық жасау кейінгі ұрпақтың қасиетті парызы.

Сөз соңында айтарым, мен туған өлкемізде батыр рухты қазақтың бар болғанын мақтан етемін.

Қали Сымбат

11 сынып № 1 мектеп-лицей

Құлан ауылы, Т. Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы

Жетекші: Абдырайымова Ұлжан

Ерлік - ерге ұран, ұрпаққа мұра

Ерлікте үлкен қасиет,
Ерлікке әлем бас иеді.
Б. Момышұлы

Сұрапыл соғыс - адам баласының өміріне қандай қорқынышты, жантебіренерлік үрей әкелді десеңші?! Отты күндердің қатері бүкіл әлемді дүр сілкідіргені бәрімізге белгілі...

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыстың жүзі ызбарлы, соғыстың ізі ызғарлы екенін сол кездегі қыршынынан қиылған қандастарымыз қан кеше отырып бастан кешірді емес пе?! Мұндай оқиғаны сол жерде болып көрмесем де, жаным қатты күйзеліп, жанайқаймен көзіме жас келеді. Адам өміріндегі қарама-қайшылықтардың да жеке тағдырға тигізер әсері мол-ау. «Соғыс - әділетсіздік. Ол- дерт». Оның зардабы да әділетсіздікпен ұласып, адам жанын сыздатып, сырқыратып, өрби берді...

Өлім мен өмір арбасқан шақта, халық тағдыры шешіліп жатқан сұрапыл сәтте әр жауынгердің жүрек дүрсілі – тек қана жеңістің тынысын тіледі деп ойлаймын.

Ұлы Отан Соғысы – бұл адамзат тарихындағы ең ауыр қайғы-қасірет. Бұл ауыр оқиға 1941 жылы маусымның 22-ші жұлдызында басталды. Бұл көптеген елдердің тарихындағы ең қайғылы датаның бірі. Сұрапыл соғыс 4 жылға созылды. Осыдан 70 жыл бұрын Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасаған болатын.. Соғысты ең алғаш қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын талқандап, көбінің өмірін қиған еді. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы кезден-ақ беріктік көрсетті. Түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кішкене ғана жасөспірім қыз-балалар, қала мен ауыл тұрғындары соғысқа өз еркімен сұранған. Осы кезде ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті. Ленинградтың қаһармандығын еске алыңдар, суыққа, ашаршылыққа, неміс оқтарына төтеп беріп, 900 күн берілмей, төтеп беріп келді. Естерінде ме Сталинград.

Адамдардың арық – арықпен аққан қаны, қайғы қасіреттері, олардың өлімі – фашистерге күш-қуат береді. Нағыз жыртқыш деп соларды айтуға болады. Ешкім де, ешқашан да Гитлерге ата- бабаларының қиылған өмірін, жауыздығын кешіре алмас. Совет адамдарының көрген қорлығына сан жетпес мысал келтіре беруге болатын шығар. Мұның бәрі әр адамға ауыр тиер, ұмыту да мүмкін емес. Ұлы Отан Соғысы кезінде біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1710 қала және 70 мыңнан астам село –деревнялар, 36850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми –зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

Соғыс атауын өз басым санама жақсы түйіндегенмін. Әлі есімде, кішкентай кезімнен Ұлы Отан Соғысына құрметпен парад ұйымдастыратын еді. Өз атам Қали екеуміз 9 мамырды құрметпен қарсы алатынбыз. Атамның бөлмесінде өзінен айнымайтын сұлу ер адамның портреті ілініп тұратын. Мен Қали атам деп ойлайтынмын, бір күні ата мына суретті қайда жасаттыңыз? - деп сұрағанда: атам көзіне қатты жас алып, жаным-ау бұл менің әкем Жолдасбай. Ол майданда соғысқа бүкіл солдаттармен бірге Отанымызды ерлікпен қорғаған деп жауап берді. Жан сырын, жан дүниесін тебірене толғанып, әкеге деген сағынышы, ыстық лебізі көз жасынан ағыла берді. Сонда менің де Отанға, әкеге деген ұлы сезімін санамды серпілтті. Мен таңдана да, таңырқай отырып, одан да жақсырақ білгім келді. Атама көптеген сұрақтар қойып, білмегенімді сұрап, жауаптар алдым. Жолдасбай атамды 1942 жылы мамыр айында майданға шақырған. Өзі 1906 жылы дүниеге келген. Соғысқа аттанар сәтінде Жолдасбай атамды сүйген жары Шамсия-Бану мен әкесі Абаш көз жастарымен шығарып салды, жеңіспен оралады деген сеніммен жүрді. Атам бірінші Беларусь майданында автокөлік жүргізуші болған. Содан хабар - ошарсыз кетеді. 1952 жылы 11 наурызда әскери военкоматтан әжемізге хабар келеді. Атам 1942 жылы 9 қазанда Брянск облысы, Сидорово селосында қаза тауып, сол жерде жерленіпті. Атамның артынан жалғыз ұлы, жалғыз мұрасы – менің атам Қали қалды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Атам әкесінің қызығын көрмей өсті. Тек анасының айтуымен әке бейнесін сөзбен ғана елестете өсті. Атам анасының қолқанаты, әрі сүйеніші, әрі тіреушісі болып, өмірге нық қадам басты. Қали атам әкесінің жерленген орнына барып қайтқан. Қазіргі уақытта Жамбыл облысы, Құлан ауылында соғыста қаза тапқандарға арналған Даңқ монументінде атамның аты жазылған. Жазғанымдай, Қали атам екеуміз жыл сайын сол жерге барып, гүл қойып, еске алатынбыз.

Жары, қорғаушысы, қамқор болар күйеуі майдан даласында Отанын қорғаған кезде, әжем тылда жүрді. Қандай да болса көмек бергісі келген әжем тылда еңбек еткен, баласын асырап, қайын атасына қамқор болған. Үйдегі барлық ауыртпашылық әжемнің мойнында болған. 1995 жылы Жеңістің 50 жылдығында, 9 мамыр күні аудандағы соғыс ардагерлер комитеті және аудан әкімі шешімімен әкемізге үш бөлмелі пәтер сыйлық етті. Әкеміз 2003 жылы 30 қаңтарда бұл дүниеден өтті.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек. Соғыс – күйретуші күш! Барды жоқ қылып, тауды жер етіп, қиянаттан басқа еш нәрсе әкелмейді.. Соғыс – ол ананың қайғысы, соғыста қаза тапқан жүздеген солдаттар, әкесіз қалған жетім балалар, отбасынан айырылған байғұстар.. Талай адам қырылып, талай жан дұшар кешті. Қаншама жыл пенде атауы соғыстың ауыр демін кеудесінде сезініп келді. Аспан да, жер де, су да қанды қызыл бояуға малынды. Тірлішік азаптан көз ашпай, қалтыраған кез болды. Осы бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің еліне, жеріне деген патриоттық сезімін, махаббатын дәлелдей түсті. Қанды шайқаста елім деп қатарласа ұшқан оқтың астында қалып жатса да, берілмей шайқасып, аяқтарына нық басып, жерімізді аман сақтап қалды. Бұған көмек бірлік, достық, сыйластық және де жанған оттай ыстық Отанға деген сезім.

Бірақ та адам соғыстың құрбаны деп те айтуға болмайды, оған себеп адам соғысты өз қолымен болдырады. Бұл адамдардағы хайуандық белгілердің бірі. Жауыздықтың белгісі. Осының салдарынан тек мықты адам немесе халық ғана тірі қалады, ол ағашпен болса да, жоқ қолында мылтық болса да, жекпе –жек шықса да, тек мықты жеңеді. Осыдан неге адамдар өз-өзіне қастандық жасайды, адамдар соғыс үшін өмірге келген бе деп сұрақ қоясын. Бәріне кінәлі адам бойындағы тәккапарлық, өзімшілдік. Сол себепті Гитлер осы соғысты бастады. Мықтының мықтысы атанғысы келген жауыз, қаншама жанның өлімінің себепкері атанды. Осындай пенденің кесірінен қаншама өмір о дүниеге аттанды. Осындай кесел неменің кесірі бүкіл Совет Сдағына тиді. Осының бәрін біз шаршамай жаза береміз. Қазыргі кезде де осындай жауыздыққа барып жатқан ұлттар, адамдар бар. Кінәсіз періштелер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

әкесіз, анасыз, отбасынсыз қалып жатыр, түк кінәсі жоқ адамдарды өлім әкетті. Менің түсінуімше, адамдар тыныш өмір сүре алмайды. Сонау ғасырлардан бастап, қазыргі кезге дейін кезектесіп соғыстар жалғасуда. Соғысты көрудің өзі аз, оны түсіну керек. Ақындар, жазушылар, композиторлар, суретшілер соғыс – адамдарды адамдықтан айырады деп біздің санамызға қаншама уақыт құйып келе жатыр. Неге десеңіз: соғыс еркектерді, қарияларды, әйелдерді, кішігірім бозбалаларды қолға қару алып, дұшпанды өлтіруге шақырады. Бұл жағдайда адам адам емес, хайуанға айналады, оның жүрегі қаһарланып, санасы жоқ болып кеткен. Ананы қарумен елестеткен өте қиын, рас емес пе? Қаншама қиыншылықтарды басынан кешсе де жеңісті, күннің нұрлы шұғыласы баршамызға шуақ боп құйылды. Отан үшін от кешкендердің шырағы мәңгі өшпейді. Құрметті Ұлы Отан Соғысы ардагерлері сіздердің ерліктеріңіз ешқашанда ұмытылмайды. Оның өтеуі жоқ, сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Қазақстанның болашағы, бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара алатын тұлға мен - Қали Сымбат сіздерге тек бас иіп, тағзым етіп, мәңгі жадымда ұстаймын. Қорыта келе, жастардың санасына соғыс ардагерлерінің ерліктерін құрметтей білуге шақырып, ойымды Несіпбай Айтов ағамыздың өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Соғыстың жүзі ызбарлы,
Соғыстың ізі ызғарлы.
Жібітпес ақын жыры да,
Ерітпес күннің нұры да,
Кеудеге қатқан мұз – қарды!
Соғыстың жүзі ызбарлы,
Соғыстың ізі ызғарлы.
Шығармас Отан мәңгі естен,
Жас жанын қиып, қан кешкен
Кешегі ұл мен қыздарды!
Соғыстың жүзі ызбарлы,
Соғыстың ізі ызғарлы.
Алмаса жаудан солар кек,
Татпас та бәлкім болар ма ек,
Бақыттың дәмін біз мәңгі!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қанатқызы Элеонора

9 сынып, Алғабас орта мектебі
Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы
Жетекшісі: Байділдаева Фарида

Ерлікке тағзым

Күрмеп тілін байлаңдар!
Бақыты үшін Отанның.
Бақыты үшін елімнің...
Жеңіс жырын сайраңдар!
Ж.Жабаев

1941 жылғы маусымның 22 жұлдызының таңы соғыс үрейімен, тұтқиылдан жасалған шабуылдың аласапыранымен атқан. Абайсызда ту сыртымыздан қанжар салғандай күллі елдің төбе шашы тік тұрып, аса қатерлі жаумен бетпе-бет келген. Ай-шай жоқ, елің менжеріңе баса-көктеп кіріп, тас-талқаныңды шығарып, үлкен-кішіңді бірдей қанға бояп, қырып-жоюдан өткен айуандық, адам баласына жасалар қандай қастандық болмақ?

Халқымыз амал жоқ, жан аямай арпалысуға бел байлады. Маусымның сол күндерінде барша халыққа, үлкенге де, кішіге де оңай тиген жоқ. Әркімнің алдында өмір мен өлімнің мәселесі тікесінен-тіке тұрды. Ешкімнің өлгісі келмеді, өмір үшін білек сыбанып шығуына тура келді. Кеше ғана байқалып тұрған ұлттық өзгешелік, тілдегі өзгешелік табан астында жойылып, барша халық тізе қоса отырып, Отан қорғау жолына жұмылды.

Иә, қаһарлы күндердің өз талап, өз заңы бар. Адамдар табан астында ер жетіп, есейіп шыға келгендей болды. Тіпті аузынан ана сүті кетпеген бүлдіршіндердің өзі басқаша ойлай бастады. Баланың аты бала десек тағы, олар бүгін-ертең әкелерінің, ағаларының неміс басқыншыларымен, фашистермен айқасқа аттанатындарын білді, түсінді. Балалардың балауса жүректері осылайша қайғы-қасірет шегіп, алдарынан қуаныш емес, үрей күтуге айналды. Адамдардың жанын жапа шектірген ең үлкен қасірет осы еді. Оның алапат ауыртпалығын біз ғана емес, әлемнің бар халқы тартты. Сондай тақсіреттен кейін еш адам, әлемнің еш халқы қайтып соғыс атты құбыжықты көргісі де, тіпті естігісі де келмес деп ойлаймын.

Талай боздақ жауға қарсы аттанып, өлімді емес, келер өмірді ойлады. Кімнің жас, кәрі екеніне қарамайды. Бірі-жау қолында, енді бірі оққа ұшып мерт болады.

Соғыс! Талайға түрпідей тиетін, жаныңды жегідей жейтін ауыр әрі суық сөз. Ерлер майданға аттанып, ана мен бала жылап, қайғы шеккен қасыретті жылдар. Иә, адамзатқа соғыс үлкен апат әкелді. Оның зардабы тым қымбатқа түсті. Ананы баласынан, баланы әкеден айырды. Сүттей ұйыған қаншама

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

отбасының жылуын жұтты бұл сұрапыл соғыс! Ал әке мейіріміне жарымаған, балалығын соғыс жалмаған балалар тағдыры тіпті аянышты. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қара-құрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкіремізге мақтаныш сезімін ұялатады. Соғысқа аттанған әкесін, ағасын бауырын, сүйген жарын, бауыр еті баласын күткен тылдағы жас балалар мен әйелдер күн-түн демей еңбек етті. Еңбек ете жүріп, қимастарын зарыға күтті. Қан майданнан келер бір жапырақ хатты күтті. Хат келсе, хабар келсе, бәрі жиналып қуана-қуана оқитын еді. «Қара қағаздар» қаншама отбасының күлін көкке ұшырады. Сонда да «келер, келеді» деп үміттенген жүректер армандаумен, зарығумен үміттерін үзбеді. Ұлы Отан соғысындағы қаһармандық Жеңіске биыл 70 жыл толды. Бұл жеңіс бізге жиырма миллион адамның қанымен тірілердің табан ет, маңдай терімен келген. Осыған орай, соғысқа қатысқан аталарым туралы айтқым келеді. Атап айтсақ: Байділдаев Байдібек, Әбілдаев Рақұл, Әбілдаев Рахымбек сынды аталарым бар. Соның ішінде Байділдаев Байдібек атам туралы айтқым келеді. Атам 1941 жылы соғысқа аттанып, Ленинград қаласында болған үлкен ұрысқа қатысып, ерен ерлігімен көзге түскен. Мен атамды өз Отынымның қайтпас қайсар ұлы, ұрпағының болашағын ойлаған аңыз адам дер едім. Сол ұрыстан Берлинге дейін барып жеңісті қарсы алды. 1947 жылы өзінің туып-өскен жері Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы Алғабас ауылына аман-есен келді. Осы ауылда отбасын құрып, 5 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсірген ұлағатты адам, ауылымыздың асқар шыңы атанған кісі.

Ұлы Отан соғысындағы ерен ерлігі үшін «Ұлы Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз» ордендерімен, екінші рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Бірнеше рет облыстық, аудандық наградаларға ие болды. Жеңістің 60 жылдығында атама темір тұлпар тарту етті. Бұдан атамның болашақ ұрпақ үшін аянбай күресіп, ақ қар, көк мұзда қасық қаны қалғанша соғысқанын көруге болады. Мен атамның ұрпағы болғанымға мақтана аламын. Жылжып уақыт, жылдар өтсе де, қазақ халқының тарихында Ұлы Отан соғысының ізі мәңгі өшпейді. Жеңіс үшін қанша адам отбасын тастап, соғысқа аттанды. Бойларын рух пен намыс кернеген абзал азаматтар ел басына күн туған ауыр кезде от пен оқтың ортасында жүріп Отан үшін отқа түсті. Қанша азап тартса да, келер күннен үміт үзбей, жеңіске, азаттыққа ұмтылды. Қазақ халқы ата-бабасы қорғап, келер ұрпағына мұра ретінде қалдырған дарқан даласында қанат жайып, өркендеп, өсіп келеді. Бабалар ерлігі өшпек емес. Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?!

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл-қан майданда от кешкен соғыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ардагерлері мен сол жылдар да «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын. Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, жеңіс үшін жанын берген аталарымызды, сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонымен жеңіс күндерді жақындатқан апаларымыз бен әжелерімізді мақтаныш етеміз. Осы орайда ел намысы мен Отан абыройы жолында от кешіп, кеудесін оққа тосқан қандастарымыз бен жерлестеріміздің есімін жаңғыртып, жас буын санасына сіңіре түсу-біздің басты борышымыз.

Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген сүйіспеншілігінің, жастарды патриоттық сезім мен ерлікке тәрбиелейтін өлшеусіз өнегесі деп білеміз.

Қазір біз өз алдына тәуелсіз мемлекетпіз. Осы тәуелсіздікке жетіп отырғанымыз-ел үшін күресте ерлікпен қаза тапқан ағалар мен батыл апаларымыздың арқасы. Олар бұл соғысты: «Өз Отанымызды жау шеңгеліне бермейміз!»-деп алға ұмтылды. Соның ішінде «Жаным-арымның садағасы» және «Халқым үшін қасықтай қаным пида» деп ұрандаған қазақ батырларының бірі-Бауыржан Момышұлы. Ол қазақ халқының тарихында ержүрек, батыр, патриот ретінде баршаға мәлім.

Сондықтан болашақ ұрпақтар олардың ерлік істерін ешқашан ұмытпақ емес.

Қожамқұлова Жансая

Т.Рысқұлов ауданы, Жақсылық ауылы,

Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебі. 9 сынып оқушысы

Жетекшісі: Асилина Ж. Б.

Жеңіс туы, желбіре!

Жеңіс күні сыр ашып, сырды ақтардым,
Соғыс көптің байлады ғой бақтарын.
Бүгінгі бақыт үшін жанын қиған
Рухына бас иемін боздақтардың жылдың!

Соғыс, соғыс деген сөз қаншама мән-мағына мен қаншама астарға толы. Осы сөзді естігенде тұла бойың тітіркеніп, денеңді қорқыныш сезім мен үрей пайда болады. Бұл күннің ызғарында, қаһарлы түнде бастау алған қайғылы оқиға. Осы әңгімені баяндаудың өзі адамның жүрегін елжіретеді. Біздің есімізде , соғысың болған жылдары сонымен қатар, Б.Момышұлы, Р.Қошқарбаев, Т.Бигелдинов, Н.Әбдіров, Т.Тоқтаров, С.Смайлов, М.Мәметова, Ә.Молдағалиева секілді батырларымыздың ерлігі. Ал қан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

майданнан қайтқан аталарымыз бен апаларымыз ше? Соғысты көрген ауыл ақсақалдары, тылда жұмыс істеген апаларымыз. Біз білуіміз керек. Әр бала туған ауылының ардагер аталарын мақтан ету керек. Аталарымыздың еңбегін жоғалтпай, бағалай білуіміз керек. Ардагерлерге қамқор болуымыз қажет. Өйткені ардагер аталарымыздың саны жыл сайын азайып бара жатыр десем қателеспеспін. Сол жылдары аталарымыз соғыстың не екенін толық білмеген еді, ауыл ерлерінің қолына қару ұстатып, соғысқа алып кеткен болатын. Ол кезде соғыс басшылары генералдар отбасылардың тұрмысына қарамай, жұбайы мен жас бала-шағаларының еңіреп жылаған көз жасына қарамай алып кеткен болатын. ССРО территориясына неміс-фашист басқыншылары опасыздықпен басып кірді. Қауіп төнген шақта жерлестеріміз ерлік пен қаһармандықтың үлгісін көрсетті. Қанды майданда кеудесін оққа тосып Отан үшін жанын пиде етті. Соғыстан қайтқандар отбасымен қауышып жатты, бірақ олар аман оралғанымен жүректері жаралы еді, неге дейсіз ғой? Өйткені мүгедек болып оралғандардың саны өте көп болды. Қан майданда қаза тапқандардың жанұяларына қара қағаздар жеткізілді. Қарияларымыз мүгедек болса да олардың өмір сүргісі келді. Ардагер аталарымызды қимай мақтасақта, мадактасақта жарасады.

«Бір жағынан қарасаң соғыс жылдары» біздің жадымызда қалып қойған ертегі сияқты. Ал сол ертегінің дәлелі майданнан қайтқан аталарымыз. Мәскеу түбіндегі шайқаста соғысқа аттанғандардың көбісі біздің қазақ жұрты еді. Аталарымыз соғысқа аттанса, апаларымыз тылда жұмыс істеген болатын. Бригаданы басқарып, жақсы ерлік көрсетіп, жауға тойтарыс бергені үшін «Ленин», «Қызыл ту» ордендерімен марапатталып жатты. Біз соғыстың не екенін көрген жоқпыз. Бірақ ата-әжелеріміздің әңгімелерінен соғыстың не екенін түйсініп, жанымыз түршігеді. Болашақ өмір, ұрпақ үшін жанын қиған ата-бабаларымыздың ерліктері ғасырлар өтсе де ұмытылмастай тари хта қалды. Соғыс ұлы сын мектебі, ерліктің, батырлықтың мектебі болды, соғысқандар үшін ғана емес, соңғы ғана емес, соңғы елер буындар үшін де мектеп. Соғыс кезіндегі Кеңес адамдарының сан қилы ерліктері- жас жүректерді шыңдайтын тәрбие мектебі. Кеңес адамдары мылтықты да, мылтықсыз да майданда бірдей араласып, жеңіп шықты. Сұрапыл соғыс адамдардың жүрегіне жазылмастай жара салды. Қаншама ошақтың отын өшірді, қаншама орман өртеніп, қаншама қала күлге айналды. Күйзелген көңілдер, жүздеген жандар жеңістің жұбаныш тапты. Жеңіске қолымыз жетті. Жеңіс-қандай күдіретті сөз еді?

1941-1945 жылдардағы соғыстың ерлікке толы қаһарлы жылдары барған сайын бізден алыстап тарихқа кетіп барады. Бірақ сол бір естен кетпес жылдар бізден неғұрлым алыстағаан сайын, соғыс салған жара неғұрлым жазылған сайын Кеңес халқының ғажайып ерлігі соғұрлым ұлы болып көрінеді. Халықтарды езіп- жаншудан өз қанын төгумен аман сақтап қалғандарды

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

адамзат баласы ешқашан ұмытпақ емес. Соғыс жалыны басылғанына 70 жыл өтсе де оның өртінің лебі әлі сезіледі. Жеңіс күні бізге ең алдымен бейбітшіліктің бағасын ұқтырды. Қасіретті де қасиетті жылдар бізден алыстаған сайын қан майдандға қатысып қанын төккен аяулы ата-әжелеріміздің есімдері тарих төрінде айшықтала түсуде. Олар бізге соншалықты қымбатқа түскен жеңістің қадірін ұғындырады. Миллиондаған адамның өмірімен қолымызға тиген 1945 жылғы Жеңіс күні бізге қымбат.

Жетпіс жыл бейбіт көктем таңы атқалы,
Жетпіс жыл шуақты күн таратты әнді.
Есімізде жетпіс рет сонан бері,
Ашылды Жеңіс күннің парақтары.

Міне, жеңістің 70 жылдығын тойлап өткізгелі отырмыз. Жеңіс, жеңіс...

Иә, оны сан миллиондаған адамдар 4 жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті емес пе? Ақыры олардың үміті мен сенімі ақталды, тілектері орындалды. Бірақ сол жеңіс оңайлықпен келген жоқ қой! Жеңіс жолында талай асыл азаматтар мерт болды. Жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Фашистердің тұтқын лагерінде қаншамасы өлтірілді. Ал тылда қарттар мен жас балалар соғыстың қайғы –қасіретін арқалай жүріп, бірде аш, бірде тоқ, тынбай жұмыс істеді. Бірақ ешкімнің сағы сынбады. Олардың бойындағы отаншылдық сезім, қолына қару алып сапқа тұрған ұлт өкілдерінің тізе қосқан ерлігі мен бірлігі. Қан майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батырлардың рухына мәңгілік тағзым!

Жеңіс деген- шат күлкісі баланың,
Тыныштығы жер жаһанның, даланың.
Жеңіс деген- сылдыр күлкі, асқақ ән,
Тыныштығың сол Жеңістен басталған

- демекші, Ұлы Жеңіс күндерінен бері қаншама уақыттар өтті...

Осы жылдар туралы қаншама естелік, роман - дастандар жазылып, қаншама кино түсірілсе де адамзат тарихында бұрын - соңды болып көрмеген бұл жойқын шайқастың тарихы түгел жазылып нүктесі қойылған.

Азат Қазақстан жастары әлемнің әлеуетті де, үлгілі қорғаныс қуаттарының қатарына жетуі – еліміздің болашағын бекем етер алдаспан айбыны болмақ!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қылышбек Қуандық

Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебінің 9 сынып оқушысы

Жетекшісі: Берметова Р. Ә.

Ұлы Жеңіске-70 жыл

Биыл өткен ғасырдың ең үлкен оқиғаларының бірі - Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске – 70 жыл толады. Араға жылдар салып, сол бір соғыс алыстаған сайын соғыс дүмпуі тарих қойнауына тереңдеп батып барады. Бірақ, соғыс салған зардап жойылар емес. Соғыстың зардабы мен жүрекке түсірген жарасы әлі күнге дейін халық есінде.

Өзінің қайғы-қасіреті мен зардаптары жөнінен бұл соғыс адамзат тарихындағы ең бір қанқұйлы соғыс болды. Халқымыздың биік рухы, Отанымызға деген сүйіспеншілігі аса қатыгез сұрапыл соғыста жеңіске жол ашты. Жауынгер - майдангерлер өлшеусіз өжеттілік пен жеңіске деген мұқалмас ерік-жігер таныта білді.

Осы Жеңіс жолында миллиондаған адам құрбан болды, біз бұл жеңісті қимас боздақтарымыздың, әкелеріміз бен аталарымыздың өмірімен өтедік.

Соғыс әрбір отбасына үлкен қайғы-қасірет әкелді, жүректерге жазылмас жара салды. Ел тағдыры, жер тағдыры таразы басына түскен сын сағатта барша қазақстандықтармен қатар Жамбыл облысының өзінен 120 мыңға жуық жерлестеріміз Отан қорғауға аттанды, яғни әрбір төртінші тұрғын соғысқа аттаныпты. Олар ұрыс даласында өмір мен өлімнің ортасында жүріп, бізге бүгінгі жарқын өмірімізді сыйлады. Аға ұрпақтың төзімділігі мен табандылығы, қаһармандығы мен қайсарлығы болмаса, бүгінгі тәуелсіз күнге қол жеткізбеген болар едік. Ал, 600 мыңнан астам қазақстандық боздаққа туған жердің бір уыс топырағы да бұйырмапты. 600 мың адам! Есептесең төбе күйқаң шымырлайды. 600 мың отбасы «қара қағаз» алып, қайғының уын жұтты. Әке баласынан, бала әкесінен, ана ұлы мен қызынан, әйел ерінен айырылды. Мыңдаған отаулардың шаңырағы қирап, ортасына түсті.

Ұлы Отан соғысының ұрыс даласында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен қазақстандықтардың 100 мыңнан астамы орден, медальдармен марапатталса, 300-ден астамы жауынгерлік Даңқ орденінің толық иегері атанды. 500 жауынгер, соның ішінде 30 жамбылдық қаһармандық ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атақтарын алды. Біз бүгін аттары аңызға айналып, ұлтының құрметіне бөленген даңқты жерлестеріміз Бауыржан Момышұлы, Ақәділ Сухамбаев, Сәду Шәкіров, Ыбырайым Сүлейменов сияқты жаужүрек батырларымыздың есімдерін мақтанышпен есімізге аламыз.

Сондықтан Ұлы Жеңісті жақындатып, бақытты күндер мен шуақты таңдарды әперген барша ардагер аталарымыз бен апаларымыздың алдында

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қазіргі тіршілігіміз бен ертеңгі болашағымыз үшін бүгінгі ұрпақ мәңгі қарыздармыз.

Маделханұлы Қожахмет

8-сынып Ерекше дарынды балаларға арналған

мамандандырылған

"Дарын" мектеп-интернаты Тараз қаласы Жамбыл облысы

Жетекшісі: Айсаева Күләш Мұхтарқызы

Ұмытылмас ұлы оқиға

Туады ерлер ел үшін,

Өлмейді ісі мәңгілік.

Туады ерлер ел үшін,

Өшпейді абзал есімдер.

Ж. Молдағалиев

Соғыс- күйретуші күш. Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап- жұтатын тажал. Бұл сөздерді маған атам соғыс туралы фильм көріп отырып, күңірене айтушы еді. Сонда атамнан " Соғыс деген немене ?" деп сұраушы едім. Атам үнсіз терең ойға шомып қалатын да, әңгімесін айтушы еді.

Соғыс деген- зұлымдықтың айнасы,

Біреулердің шығыны да, біреулердің пайдасы.

Жас дәуірге, жармасып ап,

соғыс дейтін кәрі бір,

Қайдан ажал жасап алып,

жасқандырып әлі жүр.

"Бұрынғы дәстүрді, бұрынғы жасаған ерліктерді білмей, қадірлемей тұрып, жаңа ерліктерге шақыру мүмкін емес", - деген еді ұлы жазушы Б.Момышұлы. Сол айтқандай, Отан жайлы толғанғанда еліміздің ерліктерге толы тарихи оқиғаларына тоқталмай кету мүмкін емес.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де барлығы көз алдымда. Еш нәрсе де ұмытылған жоқ. Фашистік Германия 1941 жылы соғыс жарияламастан тұтқиылдан біздің елімізге шабуыл жасады. Бұл суық хабар елімізде тұратын барлық ұлт өкілдерін, жасты да, кәріні де ботадай боздатты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бірақ біз абыржыған жоқпыз, есімізді тез жиып алдық. Жасымыз да, кәріміз де, ұлымыз да, қызымыз да қолына қару алып, Отанын қорғауға, Отаны үшін жанын қиюға дайын болды.

Ұлы Отан соғысына қазақтың жауынгерлері қатысып, қасық қаны қалғанша шайқасып ерлікпен қаза тапты. Сондай батырларымызға Талғат Бигелдинов, Нүркен Әбдіров, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы т.б. батырларымызды жатқызамыз. Бауыржан атамыз туралы бір-екі ауыз сөз айтпасам, мен үшін кешірілмес күнәдай болар еді.

Бауыржан Момышұлы- қазақ халқының даңқын шығарып, абыройын асырған айтулы ұлдарының бірі, гвардия полковнигі, жазушы. Қазақ халқының "Ақын елдің еркесі, батыр ердің серкесі" деп, ақын мен батырды айрықша қастерлейтін дәстүрі бар. Ұлы Отан соғысында қазақ халқының ұлттық батырына айналған Бауыржан Момышұлы бұлтта ойнаған жасындай Москва түбіндегі шешуші шайқаста қапияда ой тапқан, қараңғыда жол тартқан, ерен ерлігімен даңқы әлемге жайылып, аты аңызға айналған бірегей қолбасшы ретінде танылды. Мен Бауыржан атамның ерлігін, тапқырлығын, батылдығын мақтан тұтып, сол қасиеттерді бойыма дарытқым келеді. Мен де өз заманымда Бауыржан атам сияқты батыр болуға дайынмын.

Жоғарыда айтып өткенімдей, батыр қыздарымыз Әлия мен Мәншүк апаларымды айтып өтпеске тағы болмайды. Бірі-шебер пулеметші, екіншісі- атақты мерген болған. Бұлар да Отан үшін жанын пиде етіп, артына өшпес із қалдырды.

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,
Жанары, жаны жаздай жайраңдаған
Ерліктің қос қанаты деген сөзді
Қапысыз қалай айтқан қайран бабам, - деген
өлең жолдары қос батыр қызымызға арналды.

Ұлы Отан соғысы... Бұл- сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің келмесіне
Бірі күтіп, әнеки жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмыр басты пенде үшін теңдесіз құндылық, ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қариялар азайып бара жатқаны әсіресе, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақал дарымыздың қарасы жыл санап азайып бара жатқаны өкінішті емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығып, жеңістің таңбасын басқан күн - Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл-ұлы Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастардың аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің зарығып жеткен Жеңіс күнін біз ұмытпаймыз, тарих та ұмытпайды. Ол-өмір заңы.

Медербек Зілхан

Т.Рысқұлов ауданы,Қ.Сұлтанбеков атындағы
орта мектебінің 5 сынып оқушысы
Жетекшісі: Берметова Рая

Тағзым

Жеңіс күні.....

Иә, оны сан миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті емес пе?! Ақыры олардың үміті мен сенімі ақталды. Тілектері орындалды. Бірақ, сол Жеңіс оңайлықпен келді ме? Әрине, жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп, миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Жауымен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Ана жарын жоғалтып жесір, бала әкесінен айырылып жетім атанды. Фашистердің тұтқын лагерьлерінде қаншама ана мен бала айуандықпен азаптап өлтірілді. Ал тылда қалған қарттар,аналар мен бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы-қасіретін арқалай жүріп бірде аш, бірде тоқ тынбай жұмыс істеді. Бірақ ешкімнің сағы сынбады, жігері жасымады. Олардың бойындағы отаншылдық сезім, қолына қару алып сапқа тұрған көптеген ұлт өкілдерінің тізе қосқан бірлігі мен ерлігі Жеңіс сағатын жақындата түсті.

Біздің республикамызда да соғыс оты шарпымаған шаңырақ кемде-кем еді. Жүз мыңдаған ата-әжелеріміз соғыстың алғашқы сәтінде-ақ майданға аттанды. Тылда қалғандар да қарап қалған жоқ. Күндіз-түні тырбанып еңбек етті. Жауға қарсы атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Сондай-ақ, Қазақстан соғыс жүріп жатқан жерлерден көшіріліп әкелінген көптеген халыққа пана бола білді.

Иә, Ұлы Отан соғысы жайлы аз айтылып, аз жазылған жоқ. Ол үлкен тарихи шежіре. Оның жанға да, тәнге де салған жарасы ұзақ уақытқа дейін жазыла қоймасы белгілі. Бүгіндері қатары сиреп бара жатқан ардагер ата-әжелеріміздің әжім торлаған жүзінен осыны анық аңғарғандай боласың.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сөйтесің де, олар көрген азап пен қайғы-қасіретті енді ешкімнің басына бермесін деп тілейсің. Олардың да ұрпағына деген ақ тілегі міне, осы!

Ендеше, жас дос, кешегі қан майданда мерт болған ерлердің рухына, бүгін арамызда асқар таудай болып жүрген аталарымызға басымызды иіп тағзым етейік. Олардың ерлік істерін ешкім де ешқашан да ұмытпауға тиіс!

Мусабек Еңлік

10 сынып оқушысы Д.А. Қонаев атындағы №1 мектеп-гимназия
Жамбыл облысы Қордай ауданы

Ұлы жеңіс-ұлы жетістікке жетелейді

Ұлы Жеңіске мың тағзым
Мәңгілік алау-
Ерліктің өшпес алауы,
Желбірей берер жүректе оның жалауы.
Мәңгілік алау үйретіп тұр ғой баршаны.
Тарихқа бір сәт ақиқат көзбен қарауды!
Ибрагим Бекмаханов

Соғыс!

Осы бір ұсқынсыз ұғымның жүрек езетін салмағы мен жан сыздатар улы дерті замандар бойы жалғасын тауып, берекелі бейбіт күнмен үздіксіз жалғасып келеді. Оның қап-қара, терең таңбасы ұрпақтар санасынан ешқашан жоғалмайды, керісінше, тарих қойнаулары ашыла түскен сайын айқындала түседі, соғыс зобалаңын көп тартқан халықтың жанын түршіктіріп, жауыздық, басқыншылық атаулыға өшіктіріп, бейбіт өмірге деген тәубашылдығын орнықтырады, жарасымды жасампаздыққа жетелейді. Дегенмен, қатыгез қаражүректілік пен мейірімсіздік қашанда құрып кетпейді, ол бүкіл адам баласы өркениетінің бау-бақшасындағы арам шөптей қайта-қайта бас көтерумен болады, жұлып тастаған сайын жұлқынып, өршеленіп кететін тамыры бар оның! Бүгінгі таңда адамзат дамуының жоғарғы сатысында тұрған шағымызда да соғыс өрттерінің қатты алаңдатып отырғаны сондықтан.

Иә, соғыстың үні өшкелі 70 жыл. Жеңіс деп желпінген жылы жарық дүниенің есігін ашқан шарананың өзі 70 жасқа аяқ іліктіріп, ақсақалдыққа қадам басты. Алайда, жүректе жазылмас жара бар.

Адамзат тарихында теңдесі жоқ 1418 күн мен түнге созылған ең қаһарлы қанды қырғын болған екінші дүниежүзілік соғыс бүкіл әлемге қисапсыз қайғы әкелді. Жер бетіндегі бейбіт өмір мен тыныш тіршіліктің тағдыры қыл үстінде тұрды. Әсіресе басқыншыл, гитлершіл фашизмге қарсы бітіспес азаттық күресіне

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

көтерілген біздің бауырлас халықтарымыз үшін бұл алмағайып уақыт аса ауыр сын болды.

Ел басына күн туған қатерлі шақта кеуделерін от пен оққа тосқан миллиондаған ержүрек ерлеріміз ортақ Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қаһармандықпен қорғады. Туған жер төсін қасық қандарымен суарған қаншама қайран боздақтар азаттық үшін жандарын пидә етті. Осы сын сағатта естияр баладан еңкейген кәріге дейін өмірмен өлім белдескен алапат айқасқа шыққан халқымыздың әлемнің тең жартысын тізе бүктірген азулы да айбатты жауды тек қана өзара ынтымақ, тығыз топтасқандық, бірлік, төзімділік пен қайсарлық мінез көрсетуі арқылы ғана күйрете жеңіп шыққаны риясыз шындық. Ұлы жеңіске қазақстандықтар қосқан қомақты үлесте біздің өлкеміздің лайықты сыбағасынын бар екендігін орынды мақтан етеміз.

Қайран бабам,
Заман сырын дөп білген,
Қайран қалам, өткірлігін көк тілген.
Ерлік рухын, елдік рухын жебедін,
Керек кезде орақ ауыз, от тілмен!

Адамзат тарихында үлкенді-кішілі он бес мыңнан астам соғыс болған екен. Солардың ең қатыгезі де қасіреттісі, ең қорқыныштысы миллиондаған адамзат баласын жер құштырған екінші дүниежүзілік, біз үшін-Ұлы Отан соғысы. Соғыс жылдары ескіргенімен, ол туралы ақиқат пен естелік ешқашан ескірмек емес. Таразының екі басында бір-біріне кереғар екі мақсат тұрды- әлемге үстемдік етсем деген фашистік арамза пиғыл да, екіншісі- еркіндік пен тәуелсіздік, бейбіт өмір үшін күрес болды. Кеңес халқы ізгі мақсатына жетті де. Соғыстағы жеңіс содан да Ұлы, Биік, Ардақты!

Ұлы Отан соғысы 1418 күн мен түнге созылды. Әр тәулік сайын ол 14104 кенес адамдарының өмірін әкетіп, сағат сайын 588, минут сайын-10, әр 6 секунд сайын- бір адамнан өліп отырды.

Қордайлық жауынгерлер майданда батылдықпен соғысты. Барлығы біздің ауданан 10мыңнан астам адам соғысқа кетіп, 2758 қордайлық азаматтар оралмады.

Москва түбіндегі Дубосеково разъезіндегі 28 батыр-панфиловшылардың ерен ерлігі әлемге аян. Олардың қатарында Қордай-Павловка елді мекенінің тұрғыны, жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры Николай Никонорович Белашов та болған еді. “ Қазақстандық-Кеңес Одағының батырлары” атты кітапта Қордай жерінде туып-өскен батырлар И.В.Москаленко, С.Суцев, А.И.Романитиндердің есімдері жазылған. 7 мыңнан астам қордайлық жауынгерлер Кеңестер Одағының орден-медальдарымен марапатталды.

Ерлік рухы.....

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Асқақтайды жаңғырып,
Ұрпақтарға мирас болып мәңгілік.
Бере берсін ақ батасын қарттарым,
Бейбіт күннің шеруінде, сап құрып !

“Тау алыстаған сайын биіктей түседі ” дегендей, уақыт алға жылжыған сайын ХХ ғасырдың қасіреті болған сұраныс соғыста қан кешкен батыр ағаларымызды қан майданда жарқын болашақ пен бейбіт өмір үшін жасаған ерліктің шоқтығы биіктей, қадір-қасиеті артып тағылым тәрбиесі тереңдей даралана түспек. Өйткені майдангер ағаларымыздың ерлік істері бізге әр уақытта өшпес үлгі – өнеге, ұлағатты тәрбие мектебі. Біз олардан туған халқына ақырғы деміне дейін қалтықсыз қызмет жасауды үйренеміз.

“Ерлік-елге мұра, ұрпаққа ұран” дегендей, ардагер әкелеріміз туралы ой толғап, ерліктерін мақтаныш ету- азаматтық парызымыз. Қазіргі кезде соғыс ардагерлеріне орнатылған ескерткіштер- отан қорғау жолында опат болып, туған жерге оралмаған бауырларымыз үшін жасалған құрмет.

Ұлы жеңіс- халықтың жеңісі, ерлік-елдің бірлігі.

70жыл. Адам үшін біраз уақыт. Уақыт зымырап өтіп жатыр. Біз соғысты көрмеген бақытты ұрпақпыз. Бейбітшілік бесігінде тербелдік. Бейғам, мамыражай өмір. Оны сыйлаған аяулы ардагерлер арамызда жүр.

Туған жерге тыныштық тарту еткен қарт майдангер бүгінгі күннің бейбіт өміріне шүкіршілік жасайды.

Тарихтың қалың томдарына қатталған бұл сұмдық сызаты санадан өскен жоқ.

Бүгінгі ұрпақ алдындағы міндет-Ұлы жеңістің мұраттарына адал болып, бейбіт өмірдің өркенін өсіру.

Оқ дәрі боп құйылмасын қорғасын,
Егеменді елімді алла қолдасын
Біздер үшін қалған мәңгі ертек боп
Енді соғыс ешқашанда болмасын.

Нышан Айдана

8-сынып №13 М. Мәметова атындағы орта мектебі

Жамбыл облысы Меркі ауданы

Жетекші: Қарынбаева С.

Ұлтжандылықпен жеткен Ұлы Жеңіс

Адамзат тарихындағы ең сұмдық, сұрапыл соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Десек те Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та еш уақытта жадымыздан өшпек емес. Біздің аталарымыз бен ағаларымыз,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

әкелеріміздің батырлықтары мен ерліктері, Отаны үшін жанқиярлықтары, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктері бүгінгі ұрпақ үшін мақтан тұтарлық үлгі. Отанға деген сүйіспеншілік, табандылық пен ерлік сынды қасиеттер қатал соғыста жеңіске жеткізді.

1941 жылы қазақтың қайтпас – қайсар батырлары өз еріктерімен қанды қырғын соғысқа аттанды. Қазақтың жаужүректері қызыл қанға боялған майдан даласында Отаны үшін отқа түсіп, суға батуға дайын болған.

Балам, сенің бұл халқың- батыр халық,

Батырлығын жауына татырды анық, - деп ақындар жырына арқау болған халқымыздың батырлығы қан майданда талай мәрте дәлелденді. Жағадан жау алғанда елімді қорғау өмірлік парызым деп, ешбір қиындыққа мойынұсынбай, тек жеңіс үшін, азаттық үшін күресіп кеткен ата – бабаларымыздың ерен ерліктерін қазіргі ұрпақтың әрбірі білуге міндетті. Себебі сол ата – бабаларымыз келешек ұрпақ үшін, сол ұрпақтың жарқын болашағы үшін қан төкті.

Осынау алапат соғыста қазақтың 497 азаматы Кеңес Одағының батыры атағын алды, тарихта өшпестей із қалдырды. Солардың ішінде: Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов сынды бойларын рухани күш билген, жүректерінде Отанға деген махаббаттары, патриоттық сезімдері жалындап жанып тұрған ата - әжелеріміз бар.

Соғыс ардагері Бауыржан атамыз:

Болса егер менің саған керегім,
Күндерімді, түндерімді,
Ой толқынын, сыр толқынын
Саған ғана беремін!

– деп ерлікті, елдікті, отансүйгіштікті насихаттады.

«Қолын кессең бір сөз айтпас,
Шын қаһарман ер жігіттер
Аз болмады қазақта»,

- дегендей төсін оққа төсеген батыр аталарымыз Т.Тоқтаров, М.Ғабдуллин, Б.Момышұлы, Н.Әбдіров, С.Баймағамбетовтың есімдері сол сұрапыл күндерді еске салады.

Есімдері ұлылар қатарына кірмесе де, Ұлы Жеңісті жақындатуға өз үлесін қосқан біздің де ауылымыздың ардагерлері бар. Өкінішке орай, сол кісілердің бірі де Ұлы Жеңістің 70 жылдығын көздерімен көріп, төл мерекелерін тойлай

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

алмайды. Алайда біз, кейінгі ұрпақтары ер аталарымыздың ерен ерліктерін ешқашан ұмытпаймыз.

Сол майданда ер азаматтармен қатар жүріп біздің аруларымыз да талай қиындықты бастан кешті. Сол кездегі нәзік жанды арулар кез - келген батырдың өзін қайыстыратын жүк көтерді. Олар өздеріне ешқандай жеңілдік талап етпестен жауынгерлермен бір сапта тұрды. Сол қыздардың бар болуы жауынгерлерді рухтандырып тұрды.

Осындай сұрапыл соғыс жылдары бір қолына қаруды, бір қолына қаламды серік еткен, өршіл рухты батырымыз, жан дүниесі шымырлатқан шерге толы ақынымыз Қасым Аманжолов та болды.

Қасиет – күші ұлы Отанның,
Қанатын бер қыран құстың!
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!

– деген поэма үзіндісі «ата жаумен арпалысқан ұланды ұлы ететін – оның Отанына деген махаббаты» дегенді дәлелдейді.

Ал Қадыр Мырза Әли атамыз:

Көңілге көп тоқыған
Кәрі – құртан ашынды.
Қара қағаз оқудан
Сауатымыз ашылды,

- деп жырлағандай, Ұлы Отан соғысы, ондағы Жеңіс талайлаған адамдардың өмірін киды, талай адамдарға қуаныш сыйлады, талай адамның өмірін өзгертті.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес. Соғыс – күйретуші күш! Иә, сол майданнан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де ештеңе ұмыт болған жоқ. Ешқандай жауынгердің ерен ерлігі мен жеңісті еңбегі ұмытылмайды. 1941 - 1945 жылдар аралығын қамтыған қанды – қырғын соғыстың соңы Жеңіспен аяқталды. Алайда, бұл жеңіс бізге оңай жеткен жоқ. Мыңдаған ерлеріміздің қаны, мыңдаған әйел затының, балалардың көз жасы төгілді.

Осындай ержүрек ата – бабаларымыздың арқасында біз қазір дамыған мемлекеттер қатарындамыз, жеріміз әлем картасының қақ ортасынан ойып тұрып орын алды. Сонау сұрапыл соғыс жылдарында бабаларымыз сақтап қалған кең – байтақ жеріміздің бар екенін бүгінгі күні әлем таныған, сол жерде әлем мойындаған мемлекет, яғни, Қазақстанның қалыптасуы біз үшін мақтаныш. Еліміздің осындай жетістіктерге жетуіне үлес қосқандардың бірі осы майданның ардагерлері.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Елі үшін осындай ерлік көрсеткен ата – бабаларымыздың есімі әрқашан ел есінде сақталады. Қаламмен де, қарумен де, ниеттес тілегімен де жауға қарсы тұрып, сол жылдары өмір сүрген барша қауым батыр деген атқа лайық. Осы Ұлы Жеңісті әкелуге үлес қосқан Қазақстандықтар мәңгі ел есінде. Анығын айтсам, қазақ ешкімнен кем емес, асырып айтсам қазаққа ешкім тең емес. Береке, бірлікте өмір сүріп жатқан менің еліме ешқандай жау тимесін.

Оразбай Ақжарқын

Т.Рысқұлов ауданы, Жақсылық ауылы,
Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебі 9 сынып оқушысы
Жетекшісі: Асилина Ж.Б.

Желбірейді бейбітшілік жалауы!

Жеңіс күні бар әлемге әйгілі
Көктем, шуақ тоғызыншы май күні
Айтшы, кәне біздің Жеңіс шеруі
Кездейсоқ па көктемге сай келуі?!

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне ағымдағы жылы 70 жыл толады. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні - бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін мереке. Бұл мереке –бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер –солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өлшейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Біздің аталарымыз бен әкпелеріміздің ержүректілігі мен жанқиярлықтағы, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл –бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыс Жеңіске жеткізді. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдей білді.

Адамзаттың бейбіт дамуының, тұрмыс тіршіліктің рахатына кенелуінің бақыты үшін көп адамдар құрбан болды. Тылдағы жұмыс республика тарихындағы шешуші әрі маңыздағы мәселе болып табылады. Соғыстың алғашқы кезеңінде 1941-1942 ж. экономиканы әскери жағдайға лайықтап қайта құру іске асырылды. Аз мерзім ішінде көптеген өнеркәсіп орындары қорғанысқа қажетті өнімдер өндіруге көшті. Бұл еңбек материалдық –техникалық және қаражат ресурстарын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

соғыс эканомикасына лайықтап орналастыруды қажет етті. Ауыл шаруашылығында егілетін алқаптардың құрылымы да өзгеріске ұшырады, жаңа өсімдіктер өсірілу қажет болды. Осы қиын кезеңдерде тылда еңбіп жеңіске бір табан жақындауымызға үлесін қосқан ата – апаларымыз Абақыва Салима, Тұрманбетов Мәдуэр, Әкімбеков Әкетай, Сәбденов Бөтей, Тазабекова Қымбатгүл сияқты басқада ата – апаларымыз өз үлесін қосты. Бұл жеңіс бізге оңайшылықпен келген жоқ. Аналарымыз ер азаматтарынан айырылып қайғыдан қан жұтса, балалар асқар тауы әкелерінен айырылып жетімдіктің зардабын тартты. Жеңіс туын желбірету үшін елі мен жері үшін арыстандай алысқан жеңімпаз жауынгерлер біз үшін келер ұрпақ үшін осындай бейбіт өмірді сыйлады.

Сондықтан да осы жеңіс жолында мерт болған қаһармандардың ерлік рухына бас иіп, көзі тірі ардагерлерге құрмет көрсеткеніміз жөн. «Ешкімде ұмытылмайды, еш нәрседе ұмытылмақ емес». Бұл сөз астарындағы мағына өткенге емес, болашаққа арналған. Халқы үшін құрбан болған қаһармандарымыздың асқақ рухы еліміздің жүрегінде мәңгі сақталмақ. Сынаптай сырғыған уақыт қанша жүйрік болса да «Жеңіс» күнін көпшіліктің ұмытуы мүмкін емес. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді қиратты. Сөйтіп, соғыс әр үйге, отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Бұл соғыс Кеңес Одағы тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар халқымыздың теңдесі жоқ ерлігімен қажыр – қайратымен және бірлігінің дәлелі. Қажымас қайраттың зор еңбектің арқасында «Жеңіс туы» желбіреді. Отан үшін отқа түскен ер азаматтарымызбен жеңуімізге үлесін қосқан апа – әкпелерімізді мәңгілік есте сақтауымыз керек. Сонау соғыс жылдары қырғын шайқаста елін, жерін, Отанын қорғаған қанша жан өмірін қиды. Біздің осындай бейбіт елде өмір сүріп жатқанымыз осы соғыс ардагерлерінің арқасы. Соғыста құрбан болған боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуіміз керек. Қазақ халқы басынан көптеген қиыншылық пен тауқыметті өткізді. Осындай қиын сәттерден аман – есен өтіп, қазақ халқы өзінің қайтпас қайсар ел екенін дәлелдеді. Осындай қайсарлығымен қазақ халқы жеңіске жетіп өзінің тәуелсіз ел екенін бүкіл әлемге мойындатты. Соғыс ардагерлері соғысты күрсіне еске алады. Соғысып жатқан әскер қатарына қазақ жерінен 1195 164 адам аттанды. Бұдан өзге өнеркәсіптегі жұмысқа 670 мың адам жұмылдырылды. Осы соғыста Кеңес елін отарға айландыру, ал оның халқын құлдыққа түсіру гитлершілердің дүниежүзіне үстемдік орнату жолындағы басты нысаналарының бірі болды. Фашистік идеологтер кеңес адамдарын саяси және нәсілдік тұрғыдан аяусыз қырып – жоюдың кең көлемді

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бағдарламасын әзірледі. Алайда тарихи тағдыры ортақ Отанын қорғауға ұмтылған көп ұлтты халық бұл зұлымдық ойдың тас-талқанын шығарды. Кеңес Одағы тас – түйін болып, аса қауіпті жауға қарсылық көрсетті. Жалпыға бірдей міндетті әскери іске үйрету өрістетілді. Республикада екі миллионнан астам адам әскери даярлықтан өтті. Әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанды. Тылда командалық кадрлар даярлау жоғары қарқынмен жүргізілді, негізінен жау уақынша басып алған аудандар мен майданға жақын өңірлерден көшіріліп әкелінген 27 әскери оқу орны соғыс жылдары ішінде 16 мың офицер даярлап шығарды. Соғыстың алғашқы кезеңінде Қазақ КСР –інде 14 атқыштар және атты әскер дивизасы, 6 бригада құрылып, үйретіліп, майданға аттандырылды. Құрылған бөлімдер мен құрылымдар құрамы жағынан көп ұлтты болды. 1945 жылы 2 мамырда Кеңес Армиясы Германияның астанасы Берлинді толық билігіне алды. Берлин операциясына қатысқан кеңес жауынгерлері менбірге қазақтарда асқан ерлікпен шайқасты. Берлинді алуға қатысқан кеңес жауынгерлерінің ерлігі тарих шежіресіне айналды. Осы сұрапыл соғыстан кейін 500-ге жуық адам - солдаттармен сержанттар, офицерлер Кеңес Одағының Батыры атағын алды, ондаған мың адамға жоғары әскери белгілер беріліп, түрлі марапаттарға ие болды. Фашистік Германияға қарсы соғыс жеңіспен аяқталды. Міне, кешегі өткен от ауызды, орақ тілді шешен билеріміздің, етігімен су кешкен ерлеріміздің айбынды іс – әрекетімен, қайтпас қайсарлығымен аман сақталып келеді.

Жеңіс күні бізге ең алдымен бейбітшілік бағасымен ұқтырады. Соғыс жалыны басылғанына 70 жыл өтсе де оның өртінің лебі әлі сезіледі. Қасиетті жылдар бізден алыстаған сайын қан майданға қатысыпқанын төккен аяулы ата-әжелеріміз бен аға-әкпелеріміздің есімдері ешқашан ұмытылмас. Жеңіс күні бізге қымбат.

Бүгін Тәуелсіз Қазақстан аталып, жаңа ғасырға иек артқан атамекенімізді мәңгі қастерлеу - бәріміздің қасиетті борышымыз. Қазақ елінің байрағы мәңгі көк аспанда желбіресін. Елімізде әр уақытта ауызбіршілік пен татулық болсын. Мәңгі желбіре, жеңіс жалауы!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Пранова Ботагөз

11 сынып, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы
Жетекші: Усорова Назым Асылбекқызы

Ерлігің мәңгі есімде

Қараңғыда көрген жоқ оны ешкім де,
Келе жатты ұрланып соғыс түнде.
Келе жатты ол қап-қара, бүйі болып,
Жолбарыс боп жалаңдап жол үстінде.
Сырбай Мәуленов.

Соғыс! Сен қандай суық едің! Қасіреттің қара қайығына мініп, қайғыны желкен етіп, қара жерді қапсырып төніп келдің! Мен сендік салқындықты бір ғана атауыңнан сезінем. Талай армандарды сөндірген, қырандарды сенделткен, жайсаң даланы селдеткен сендегінің барлығы сұмдық еді. Талай-талай текті ұлдарыңның өмірін өзің иемденіп алып, қанды майданға тастап жібердің. Бір сенің суық үнің қаншама ақ армандарды, сағым жылдарды, жүректе жазылмай кеткен жырларды ұрлады?!

«Отан үшін отқа түс, күймейсің!» ұранын ту ғып ұстап, қан майданға аттанған аталарымыздың сондағы ерлігін айтсаңшы.

- Үстімде сұр шинелім,
Ақсандай басып келемін,
Ұмытса да достарым,
Ұмытар ма мені елім,

- дейді Қасым Аманжолов соғыстан оралған ер жайлы.

– Ежелден ел тілегі – ер тілегі,
Адал ұл ер боп туса – ел тілегі,

– деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, қашан да халық адал ұлдың елге тірек болуын аңсаған. Халыққа тіреу болған да сол ерлер еді.

Сол кездің қиындығын Қадыр Мырза Әли былай деп жырлайды:

– «Қырық екінші жылды басқа жазбасын,
Ұмытты ғой ерлер онда өз басын...
Москваға жетпей жолдан тоқтасын,
Астанада киіп қайтсын ноқтасын», –

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Деп әкеміз елді жаудан қорғаса,
Біз қорғадық опасыздан отбасын».

Ер басына күн туып, етігімен су кешкен қиыншылық жылдарды, мұң-шерге толы жырларды тамаша суреттеген ақын өлеңін оқи отыра, сол кезге бір көз жүгіртесің. Сезінесің, түсінесің, шошисың да жиренесің. Сол кезде ерлік көрсеткен жауынгерлерге бас иіп, әрдайым есімдерін сан қайталап отырасың.

– Үйдің жылысын қыс келгенде білерсің,
Кімнің батыр екенін жау келгенде білерсің,

- деп Балпық би айтқандай, жау келгенде тойтарыс бере білген батырлар сан мыңдаған еді.

Қолына қару алып, «фашизмнің тамырын құртамыз» деп ерлік көрсеткен Қасым Қайсенов, Бауыржан Момышұлы есімдері тарихқа алтын әріппен жазылды. Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова сынды апаларымыз қара бұлт төнген кезде нағыз өр мінез танытты. Сызға ұйықтап, мұзды жастанған қанша өмір қиылды. «Ертеңгі ұрпақ келешігің арманы ақ болсын, жүзінде күлкі жайнасын, аспаны шуаққа толсын» деп кеткен жандар еді. Майданда жауынгерлер қолына қаруын алса, Жамбыл Жабаев өз жырларын қару ғып жұмсады. Еңіреп кеткен ерлерді жігерлендіріп, рух беріп отырған Жамбыл өлеңдері талай жауынгерлердің қалтасынан табылып жатты. Күні-түні жарылған бомба, атылған оқ Жер-Ана төсінде ойран салды. Осы орайда ақын Сырбай Мәуленовтің өлеңі еріксіз ойға оралады:

– Қоштас, – деді ол, – туған ел, жеріңменен,
Тастарды да күйдірді темірменен.
Миллиондаған жандардың атын жойып,
Құлақкесті құл етті нөмірленген.

Иә, бұл нағыз сұрапыл соғыс. Есте мәңгілік сақталатын соғыс тамұқ отымен бірдей болды. Дегенмен жеңістің ауылы алыс емес еді. Кеудеде от боп жанған ар-намыс жауынгерлерді алға жетеледі, болашақ жеңіске сендірді. Жан қиып кеткен жандар ертеңгі өмірдің жарқындығын тіледі.

Олар өлді тек аспан сау болсын деп,
Олар өлді туған жер бар болсын деп.
Олар өлді ақ арман сөнбесін деп,
Олар өлді өзгелер өлмесін деп,

- деген Сырбай Мәуленов өлеңі осыған айқын дәлел.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіс! Көптен күткен ақ арман бір сенің ғана өне бойыңа сыйып тұрғандай. Көңіл тебіренді, сәби күлді, ана жадырады, аспан қара түнектен ашылды!

От шашты Отан аспаны,
Төгілді көздің жастары.
Окоптан шықты солдаттар,
Атылды көкке соңғы оқтар,

- деп Сырбай Мәуленов жеңіс күнін асыға күткен халықтың сол бір қуанышты кездерін осылай жырлайды.

Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?! Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін»деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын.

Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, жеңіс үшін жанын берген аталарымызды, сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонысымен Жеңіс күндерді жақындатқан апаларымыз бен әжелерімізді мақтаныш етеміз. Осы орайда ел намысы мен Отан абыройы жолында от кешіп, кеудесін оққа тосқан қандастарымыз бен жерлестеріміздің есімін жаңғыртып, жас буын санасына сіңіре түсу – біздің басты борышымыз. Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген сүйіспеншілігінің, жастарды патриоттық сезім мен ерлікке тәрбиелейтін өлшеусіз өнегесі деп білеміз. Өкінішке қарай, жыл сайын ардагерлердің қатары азайып бара жатқандығы көңілге қаяу түсіреді. Бірақ көзден кетсе де, олардың ерлігі көңілден кетпесі анық. Олар тек жеңіс әкеліп қана қойған жоқ, сонымен қатар ел еңсесін көтеруде аянбай еңбек етті.

Қайтпас тұлғаларды ұлықтап отыру – тек халықтың ғана емес, мемлекеттің борышы. Еліміз олардың еңбегін бағалап, көше аттарын берді, ауыл-ауылға соғыс құрбандарының ескерткішін орнатты. Биыл менің мектебіме алғаш қазақтан шыққан ұшқыш қыз Хиуаз Доспанова есімі берілмек. Мен сол үшін қанаттанамын, қуанамын, шарықтаймын. Бүгінгі таңда біздің жасар ерлігіміз, алғысымыз да осы болмақ.

«Бұл өмірде әр ісіңнің жаңғырығы болады» деген Мұхтар Шаханов сөзін сараласақ, бүгінгі ашық аспанның кешегі жаңғырығы – отты жылдар еді. Біздің міндетіміз – солар сыйлаған ел тыныштығын сақтау.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Рәпилбек Маржан

Т.Рысқұлов ауданы, Қ.Сұлтанбеков атындағы
орта мектебі 9 сынып оқушысы
Жетекшісі: Асилина Ж.Б.

Естен кетпес отты жылдар

Таяқтан тайсалмасаң,
Семсерден сескенбесең,
Жеңдім дей бер...
Б.Момышұлы

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радио телехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырданастамауақытөтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарих та мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғыш ептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмыр басты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы. Уақыт зымырап өтіп жатыр. Уақыт өткен сайын заман өзгеруде, бірақ өткен өмір тарихы мәңгі есте сақталуда. Неше алуан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

соғыс дүниені дүр сілкіндірді, бірақ екінші дүние жүзілік соғыс, қаншама адамзатын қисапсыз қасіретке ұшыратқан өлімімен мәңгілік есте қалды.

Біздің еліміз адамзат баласы басынан өткізбеген зұлматты өткерді. Соғыс арифметикасы - қаралы арифметика. Әрбір секунд сайын бір адам, әрбір минут сайын он адам оққа ұшып жатты. Ал соғыс 1418 күнге созылды. Жеңіс елімізге оңай келген жоқ. Ұлы Жеңіс бабаларымыздың биік патриотизм сезімі мен рух мықтылығымен келді. Біз, қазіргі заман түлектері дүниені дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысын мәңгілік есте сақтауға міндеттіміз. Еліміздің басынын кешкен қайғылы, зұлматты жылдар тарихын мәңгі есте сақтауға әр алуан кітаптар көмектеседі.

"Бұл Жеңіс бүкіл соғысқа қатысушылар мен тыл еңбеккерлерінің қажымас қайраты мен қайсар рухының жеңісі. Елдің елдігі, ердің ерлігі сынға түскен, Отан үшін от кешкен ауыр күндердің, қаһармандықтың белгісі. Сондықтан да бүгін - ел намысы үшін ерлікпен қаза тапқан боздақтардың рухына тағзым етіп, арамызда жүрген ардагерлерімізге қошемет көрсететін ерекше күн. Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында әр 4-ші сарбазын майданға аттандырып, жауынгерлерді барлық керек қару-жарақпен қамтамасыз еткен Қазақстан үшін бұл соғыс қасиетті де қастерлі соғыс болды. Соғыс бізді тек ерлікке ғана үндеп қойған жоқ, ортақ Отан үшін, ел мен жер үшін, тастүйін болып біріге білуге де үйретті", дейді Ахметжан Смағұлұлы. Қала басшысының айтуынша, қасиетті Жеңістің ең басты қозғаушы күші, алтын арқауы біздің ынтымақтастығымыз бен достығымызда, бауырластығымыз бен туысқандығымызда болғандығын біз мәңгілікке түсіндік. Біздің ардагер аталарымыз бен апаларамызды бір ұлы мақсат, бір мүдде біріктірді. Ол Отанға деген шексіз сүйіспеншілік болатын. Олар ерлікті де, еңбекті де Отан үшін деп жасады.

"Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, қазақстандықтар Жеңіс күнін аға ұрпақтың отанымызға деген шексіз сүйіспеншілігінің үлгісіндей әрқашан есте тұтады. Тәуелсіз мемлекетіміз үлкен тарихи кезеңдерді бастан өткеріп бүгінгідей гүлденіп, өсіп-өркендеуіне осы ортамызда тұрған ардагерлеріміздің сіңірген еңбегінің өлшеусіз екенін бәріміз де жақсы білеміз", дейді Ахметжан Есімов.

Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы жеңісі адамзатты фашизм қаупінен құтқарды. Қазақ халқының бұл жеңіске қосқан үлесі зор. Соғыстың ауыртпалығын көтеріп, бостандықты қорғаған қазақстандық батырлардың есімі әрқашан ел есінде сақталады. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап "Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!" деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Тыл еңбеккерлерінің де жауды жеңудегі рөлі жоғары. Олар соғыс күндерінің барлық ауыртпалықтарын қажырлылықпен көтеріп, патриотизм үлгісін танытты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыс, соғыс.

Соғыс – тажал, соғыс неткен сұм еді,
Сол соғыстан соқпай қалды қанша адамның жүрегі.
Сол соғыстан өз үйіне оралмады қанша жан,
Қанша сұлу жесір қалды жарын күтіп аңсаған...

Батыр Бауыржан атамыз аузынан байтақ далаға ұран болып тараған, ұлағат болып жеткен «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген асқақ рух бүгінгі ұрпақтың санасында бүршік жарсын, жүректерінде махаббат от болып лауласын. Қазақстан атты Отанымызға мәңгі тыныштық тілейміз.

Рысбек Руслан

8-сынып, Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектеп
Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Жақсылық
ауылы

Жетекшісі: Аденова Дина Қабылқызы

Сен бізге қымбатсың, Жеңіс!

Жеңіс, бізге қалай келдің – білемін,
Біледі оны байтақ, дархан, дүр елім.
Қыршын ғұмыр от пен оқтан қиылған,
Рухы боп жеттің боздақтарымның гүл өрім.
Қуандық Шолақ

Жер жаһанға ауыр да ащы зардабын тигізген, аналарды мезгілсіз жесір, балаларды көгенкөз жетім атандырған сұрапыл соғыстың аяқталғанына да, міне, биыл 70 жыл толып отыр. Уақыт алмасуы, өмірге жаңа ұрпақ өкілдері келуі – табиғи заңдылық. Сондықтан да жас ұрпақ бойында туған Отанға деген сүйіспеншілік пен жауынгерлік ерлік-жігердің жасампаз дәстүрі сақталады. Бізге бейбіт өмір сыйлаған аталар ерлігіне, «Барлығы да майдан үшін, барлығы да Жеңіс үшін!» деген ұранмен тынымсыз еңбектің үлгісін көрсеткен тыл еңбеккерлерінің жанкешті бейнетіне деген құрметіміз артпаса кемірек емес.

Біздің шағын ауылымыздың өзінен қаншама ер-азамат ел басына күн туған сәтте Отан қорғауға аттанып, оның қаншасы майдан даласында шейіт кетті. Біршамасы соғысты жеңіспен аяқтап, туған жерге абыроймен оралды. Туған ауылының гүлденуі жолында жемісті еңбек етіп, елдің құрметіне

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бөленді. Бүгінде сұм соғыстың көзі тірі куәгерлерінен жалғыз Сүлейменов Асаубай атамыз ғана бар. Жыл өткен сайын ардагер аталарымыздың қатары сирегенмен олардың жарқын бейнелері, өнегелі істері ауылдастарының жадында сақталады.

Біз ауылдан майданға аттанып, жауды жеңіп, омырауларын орден-медальдарға толтырып оралған Әбдірахманов Шұлғаубай, Шажалиев Әңгеш, Әбішев Ибаділда, Қопабаев Әділ, Абахова Сәлима, Әжіров Жөндербек, Тазабеков Медербек, Әбітаев Мақсым және Сүлейменов Асаубай сынды ата-апаларымызды мақтан тұтамыз. Мектебіміздің алдына Ұлы Отан соғысынан оралмай, майдан даласында ерлікпен қаза тапқан, дерексіз кеткен жауынгер аталарымыздың аты-жөндері жазылған ескерткіш тақта орнатылған. Осыған қарап-ақ қаншама шаңырақ қара жамылып, қанша ана арқа сүйер азаматынан, қанша бала асқар тауы – әкесінен айырылғанын бағамдауға болады. Еске алуға ауыр әрі қасіретті болса да өткенді ұмытуға болмайды. Өйткені, бұл біздің ауылдың тарихы. Бір ғана ауылдың өзінен осынша атпал азамат аман оралмаса, бүкіл ел аумағында ажал құшқандар саны қаншама десеңізші?! Иә, Ұлы Жеңіс оңайлықпен келмеді. Талай боздақтар Отан қорғау жолында қыршын кетті. Соғыстың аты – соғыс. Ол – қатал. Онда мейірім, ізгілік деген болмайды. Соғыстың адам шығынысыз болмайтыны да сондықтан.

Биылғы жылдың күзінде біздер, мектеп оқушылары, өзіміздің жерлесіміз, «Парыз» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бекқұлы Әліұлымен кездесу өткіздік. Кездесу барысында Бекқұлы атамыз Отаншылдық тәрбиенің бір парасы өлке мен елтанудан басталатынын айта келіп, өзі құрған қоғамдық бірлестіктің мақсатын, атқарған жұмыстарымен таныстырды. «Тарихи шайқастардағы жамбылдықтар» акциясын орындау үшін 2012 жылға дейін жамбылдық Брест қамалын қорғаушылардың деректерін жинастырғанын және Ленинград, Новгород майдандарында соғысқан жамбылдық жауынгерлердің облыс бойынша тізімін түзіп, «қара қағаздарын» іздестіргені жөнінде әңгімеледі. Ресейдің Ленинград, Новгород облыстарында болып, «Невский Пятачок», «Мясной бор», «Демянск» мемлекеттік мемориалдық кешендерінде болған видео түсірілімдерін көрсетті. Ол кісінің негізгі мақсатының өзі осы кешендердегі «Естелік кітаптарына» жерлестеріміздің, жамбылдық жауынгерлердің аты-жөнін енгізу екенін ұғындық. Бекқұлы атамыз айтқан мына бір сөз жадымда қалды: «Ең соңғы құрбан анықталғанша кез-келген соғысты аяқталды деп есептеуге болмайды». Осы сөз ойыма оралғанда әлі де сүйегі табылмай, із-түзсіз жоғалғандар санатында қалған боздақтар көп екенін түсіндім және атамыздың қиын да күрделі жұмысына сәттілік тілеймін.

Соғыс жылдарында тылдағы еңбек те майдандағыша ерекше қызды. Елдегілер күн-түн демей еңбек етіп, жауынгерлерді қару-жарақпен, оқ-дәрімен, азық-түлікпен, киім-кешекпен қажетінше қамтамасыз етті. Сөйтіп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

майдан мен тылдағы жанталас қимыл-әрекеттің арқасында төрт жылдан астам тағатсыздана күткен Ұлы Жеңіске де қол жетті. Біздің ауыл еңбеккерлерінің де Жеңіске қосқан үлестері орасан. Шағын ғана ауыл халқы бірлесе еңбек етіп, таңның атысы, кештің батысымен санаспай бейнеттеніп, Жеңісті жақындата түсті десем артық айтқандық емес. Ат төбеліндей ауылдан үш Социалистік Еңбек Ері шығуының өзі осыған айқын дәлел бола алады. Ауылға есімі берілген Қапалбаев Жақсылық атамыз бен Зәуірбеков Бәйтік атамыз жылқы бағып, жүз биеден жүз құлын алса, Абахов Кәрібай атамыз озат механизатор ретінде көзге түсіп, кеуделеріне орден таққан. Мұнан бөлек егіс даласында еңбек көрігін қыздырып, еңбектің алғы шебінен көрінген ата-әжелеріміз қаншама.

Қиямет пен қырғын қан төгістен арылып, армандап жеткен жеңісімізді биыл 70-рет тойлағалы отырмыз. Осы күнге жеткізген қарттарға асқан ілтипатпен құрмет көрсетіп, жүзбе-жүз кездесу мектеп оқушыларының игі дәстүріне айналған. Биыл біздің ауылда жалғыз-ақ соғыс ардагері қалды. Отты жылдардың көзі тірі куәгері Асаубай атаны ауыл адамдары ерекше құрметтейді. Ардагер атамыз бүгінгі тыныштық пен бейбітшілікті көзімен көріп отырғанына қуанады. Сонымен қатар аяулы ардагерін ұмытпай, ардақ тұтқан ауыл тұтқындарына дән риза.

Кешегі көк түтек соғыста жанын шүберекке түйе жүріп ел қорғаған асыл жандар азайып барады. Оларға лайықты құрмет көрсету – жас өрендердің парызы. Үлкенін құрметтеген ұрпақтың ғана ұлтын ұлы даңғылмен алып жүре алатыны анық.

Жылдар өтер, заман да өзгерер. Бірақ, Отан үшін отқа түскендер ешқашан да ұмытылмайды. Баукеңнің өзі айтқандай, олар отқа күймейді. Қайта ерліктері мәңгілік асқақтай береді.

Сабыр Балжан

9 сынып оқушысы №24 Т. Рысқұлов атындағы орта мектеп
Жамбыл облысы, Жуалы ауданы
Жетекшісі: Исакулова Айгул Манатбековна

Тарихта мәңгі есімізде қалатын күн 1941 жылғы соғыстың басталуы. Бұл күн елі мен жері үшін өмірін қиған батырлардың ерліктерін еске түсіреді. Адамзат тарихындағы сол сұрапыл соғыстың болғанына міне биыл 70 жыл толады. Қазақ елі үшін Жеңіс жалауының бағасы өте зор. Өйткені батырларымыз немістерді Берлинге дейін қуып барып, ең алғаш Рейхстагқа Рақымжан Қошқарбаев ту тікті. Барлық қиындық артта қалып жеңіске жеттік. Жеңіс күні-бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке, он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ тойы. Сол соғыста қазақ халқы өзінің Отанына, жері мен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

еліне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Батырлардың арасында ерекше ерлігімен көзге түскен — Бауыржан Момышұлы. Жуалы ауданының тумасы Бауыржан атамыз соғыс өнерін жетік меңгерген, әскери қимылдар мен және оны жүргізудің практикасын ұтымды қолдана білген қолбасшы. Ол 207 рет соғысқа қатысқан қаһарман батыр. "Халқымның қарапайым бір ұлымын, жанымды арым үшін құрбан еткен" - дейтін өмірлік ұстанымынан атамыздың қандай ерлік көрсеткенін байқауымызға болады. Бауыржанның ерлігін бір сөзбен айтып жеткізу жеткіліксіз, ондай батыр жұрт аузынан айтылмаған жақсы сөзашылмаған сыр жоқ. Ұлы батырдан біздің алар ұлағатымыз көп. Біз ғана емес, шетелдерде де Бауыржанның ұлағатын қасиет тұтқандар аз емес. Оның есімі ел жүрегінде мәңгіге сақталады, Бауыржан шын мәнінде бақытты ер! Есімдерін ән-жырға қосқан шығыстың қос жұлдызын Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ұлы өнеге деп айтар едім. Сұрапыл қан майдан ортасында жүріп, аз ғұмыр кешкен, әр күнді мағыналы да мәнді еткен қазақтың батыр қыздары жайлы айта беру артық болмас. Қазақтың батыр қыздары - халқының абыройын асырып, елінің даңқын шығарған, от пен оқтың арасында жүріп, жаралы науқастарды өлімнен құтқарған, майдандағы ерліктеріне лайық орден, медальдармен марапатталған. Алайда, осы қанды қырғында өмір мен өлімнің арасында жас өмірін Отаны үшін сарп еткен қазақ қыздары жөніндегі деректер өте аз, олардың кейбірінің есімдері де белгісіз. Қазақ қыздары ерлігінің құпиясы терең. Атақты Ғабит Мүсірепов былай деген екен: «Аталар заманы қазақ қызын еркелетпей өсірді. Ортада от, жабықта қырау, тыста сықырлаған аяз. Қазақ қызы азамат ат үстінде. Ақ жүзінде қызыл шырай, ол - суықтың сүйгені». Ұлы Отан соғысы, ондағы Жеңіс талай жанның өмірін өзгертті. Бүгінде Кеңес Одағы Батырларына арналған мұражайлар, мектептер, жоғарғы оқу орны атаулары бар. Яғни батырларымыздың рухы ешқашан өлмейді, бүгінгі ұрпақты желеп-жебеп жүреді.

9 мамыр күнінде Отанымыз үшін өзінің жанын пиде еткен, туған-туыстарына қайта оралмай қалған қаһарман ерлерді ел болып еске алып, жауынгерлер рухына тағзым етіп, «Мәңгілік алау» меморалына гүл шоқтары қойылады. Зұлым соғыста батырларымыз сақтап қалған жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы үлкен мақтаныш, жетістік. Соғыс жылдарында Қазақстан миллиондаған көрші халық босқындарын өз бауырына аналық мейірім мен тартып, қамқор қонақжайлық көрсетті. Қазір еліміздің дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы мемлекеттердің бірі болып, бастысы елімізде бейбітшілік пен татулықтың болуы, халқымыздың тыныштықта өмір сүруі тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан атамыздың арқасында. Сондықтан біз ХХІ ғасыр жастары осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз. Ешкімде, ешнәрсе де ұмытылмайды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыс барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілікті жалмайтын тажал. Жыл сайын қариялардың азайып бара жатқанын, әсіресе Ұлы Отан соғысынан аман қалған ақсақалдарымыздың саны азайып бара жатқаны белгілі. Осы орайда Ұлы Отан соғысының ардагері Итебаев Еңсебек атам жайлы жазуды жөн көрдім. Итебаев Еңсебек атақты Бауыржан жетекшілік еткен 316 атқыштар дивизиясының минометшісі. 1922 жылы дүниеге келген. 1941 жылы желтоқсан айында Манкент әскери комиссариатынан әскерге жіберіліп, 1942 жылы майданға аттанды. Қанды соғыс жылдарында Эстонияның Перну қаласын жаудан азат етуге үлес қосты. Итебаев Еңсебектің қан майдандағы ерен еңбегі еленіп, «Қызыл жұлдыз», «Ерлігі үшін» орден және көптеген медальдармен марапатталды. Жеңіс мейрамын Эстония жерінде қарсы алып, 1946 жылы елге оралды. Елге келген соң бірден бейбіт еңбекке араласып, қаржы агенттігінде есепші, қойма меңгерушісі қызметтерін атқарды. Зейнеткерлікке шыққанға дейінгі соңғы 30 жыл бойы колхозда бақташы болып еңбек етті. 2005 жылы 25 қыркүйек айында дүниеден озды. Атамның алып денелі, өткір көзді болған бейнесі кішкентай кезімнен әлі күнге дейін көз алдымда. Атамның үлгі тұтар ұлы тұлға екенін мақтанышпен айта аламын. Туған өлкем Шыңбұлақта атамнан басқа Ортаев Қасымбек, Абдуалиев Байсымақ, Қойбақұлы Мелдебек, Утеуов Пірмағамбет, Рақышев Алтынбек, Ортайұлы Құмар, Байбагисов Абдрак сынды батырлар соғыста ел мен жерді қорғаудың жойқын үлгісін құрып, жаудан азат ету жолында аянбай ерлік көрсетті. Бүгінгі тарих биігінен қарағанда аға ұрпақ өкілдерінің жүздері жарқын екені ақиқат. Егер сонау бір атты кезеңнің зардабын бүгінгі бейбіт күннің таразысына салар болсақ, жан түршіктірер деректер көз алдымызға келеді. Төрт жылға созылған қанды қырғында Кеңес Одағы 27 миллион азаматынан айырылды. Егер сондай батырларымыз жеңіске қол жеткізбегенде, қазір кім біледі немістердің қол астынды бодан болып кетер ме едік?! Солардың қанымен, жанымен, көз жасымен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, жеңістің туын көтерген күн - Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Оққа ұшқан қарулас жолдастарымыздың аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап бірлікпен жеттік. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Бүгінде еліміз тәуелсіздігін алып, оны өзге елдерге мойындатты. Қазақ елінде түрлі жарыстар өтілуде, үлкен жетістіктерді бағындыруда. Осының бәрі өзге елдермен бейбіт келісімге келіп, өзге елдермен достық қатынасты нығайттып отырған елбасымыздың арқасында. Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдерінің бір үйдің балаларындай өмір сүріп жатқаны осыны дәлелдейді. Біз, соғыстан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

кейінгі жас ұрпақ Ұлы Отан соғысы жайлы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттерден және кинотуындылардан ғана білеміз. Халық игілігі ретінде рухани асыл қазыналар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, сабақтасып жатады. Елінің бүгінгі мен ертеңін болжап, халық үшін рухани байлық болып саналады. Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен апа-аталарымыз аман болсын! Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Ұлы Отан соғысы туралы шығарма жазудың ерекшелігі он бетке мейлі жүз бетке болсын сыйғызу мүмкін емес. Себебі, соғыс уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ешқашан сынға берілмейтін азап. Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл қазақ елі жасасын! Ешқашанда батыр ерлігі мен жеңісті еңбегімен, ерен ерліктері ұмытылмайды. Біздің азаматтық міндетіміз - Отанын сүйетін патриот болу, достық пен бірлік ұғымын түсіну, елі мен жеріне адал қызмет ететін саналы азамат болу. Ешқашан жер бетінде соғыс болмасын! Әлдилеген Жер-Ана көркейе берсін! Еліміздің еңсесі биік, тәуелсіздігіміз мәңгі болсын! Ұлы Жеңіс мерекесі құтты болсын! Баршамызға қуаныш, бақыт әкелсін! Ұлы Жеңістің 70 жылдығына мына бір шумақтарын арнағым келеді:

Ұлы Жеңіс жасай берсін мәңгілік,
Соғыс аты әр кез тұрар жаңғырып.
Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ,
Отты жылды тастап артқа қалдырып.
Соғыс деген болмасын жерімізде.
Бірлігіміз нығайсын елімізде.
Елбасымыз аман болсын, жүз жасасын,
Қазақстан әрқашан көркінде!

Сағындық Ұлмеке

11 сынып, №7 Қ.Сәтпаев шағын орталықты орта мектебі
Жамбыл обылысы Т.Рысқұлов ауданы, Жаңатұрмыс ауылы
Жетекші: Абумаликова Сәуле Керимшеевна.

Ерлік жыры - елдің ескерткіші

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды!

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына биыл 69 жыл толды, келер жылы 70 жыл толып тойланады. Аға ұрпақтың ізгі өнегесін жас ұрпақ біздер білуге тиіс, әрі міндеттіміз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Табаны күректей төрт жыл бойы ғаламат күш-қайрат көрсеткен және сұрапыл шығындарға ұшыраған біздің еліміз Германияның қуатты әскери күшін тас-талқан етті. Төрт жыл бойы соғыс қорғаны Отан қорғаушылардың арасынан селдірткені рас, ал мұның өзі қалалар мен селоларға «қара қағаз» болып жетім жесірлердің көз жасына айналып жатқаны да кешегі ақиқат.

Күні кеше адамзат өз тарихындағы қаһарлы соғыстың жеңісінің 69 жылдығын тойлады. Бұл жеңістің Қазақстан, Ресей және ТМД елдері тарихында алатын орны ерекше. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды.

Ұлы Отан соғысы тарихта қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ТМД халықтарының теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр – қайратының, бірлігінің дәлелі. Соғыста қазақстандықтардың әскерлері ата – бабаның ежелгі дәстүріне адал бола білді.

Ел басына күн туғанда біздің Отандастарымыз басқа елдермен нық тіресіп Отанды қорғауға аттанды. Соғысқа 1 млн 200 мың адам бір ғана Қазақстаннан қатысқан, олардың 400 мыңы әйелдер еді. Соның ішінде 500 жауынгерлер мен офицерлер, оның ішінде 100 қазақ ұлтының азаматы «Кеңес Одағының батыры» деген ең жоғарғы атаққа ие болды. Олар – біздің мақтанышымыз. Қазақ жеріне соғыс өртінің шарпуы тиген жоқ, сонда да ерлермен тізе қосып жауға қарсы шыққан қазақтың үріп ауызға салғандай жас қыздары бар екенін естен шығармауымыз керек және де тиіспіз. Оларды соғыс өрті ерте есейтті. Кеше ғана қызыл-жасылды киініп, гүлдей құлпырған балауса бойжеткендер енді әскери киім киіп, қару асынып жаумен шайқасқа шықты.

Ақ шашты ана!
Саптан шықпай нық басып келесің бе?
Сыздап тұр-ау әлі күн оқ тескен жер...
Қаласыңдар мәңгілік ел есінде,
Ару қыздар-алаулап от кешкендер,

- деп Фариза апайымыз айтқандай мәңгі есімізде қаласыздар.

Екінші дүниежүзілік соғыста Шығыс қыздарынан Батыр атағын алған екі-ақ қыз бар екен. Бұл қазақтың Мәншүгі мен Әлиясы. Қос батыр қыз Қазақстаннан соғысқа қатынасқан өзге де қыз-келіншектер сияқты майданға өз еріктерімен сұранып аттанған. Осының өзі жайдан-жай емес. Ежелден батырлық пен ерлік рухы сіңген топырақта тәрбиеленген олардың басқаша болуы мүмкін емес еді. Өйткені «халық үшін жан пидә» деп қанын төккен батырлары еді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны аларсың». Адам ешқашан да анадан батыр болып тумайды. Айбындылық, батырлық, ерлік аспаннан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

түспейді. «Табандылықтың атасы татымды тәрбиеден бастау алады» деген Халық қаһарманы даңқты батыр, жазушы Бауыржан Момышұлы.

Ұлы Отан соғысы фашистерге қарсы кекпен бірге әрбір солдаттың ішкі әлемінің нәзік қылына қол созғызды, қылын шерттірді. Қасым Аманжоловтың «Абдулла» бейнесі жасалды, майдангер жүрегіне желкен салған «Дариға сол қызы» дүниеге келді. Сол сияқты, Ж.Саиннің «Есімде Айдар өзені», Д.Әбілевтің «Жылама» деген шығармалары және тағы басқа ақын – жазушылар небір бейнелерді тудырды.

Соғыста Бауыржан Момышұлы бастаған полк жауынгерлері асқан ерліктер көрсетіп, батырлықтың, достықтың, тәртіптіліктің, ұйымшылдықтың үлгісін көрсете отырып, өздерінен төрт есе басым жаумен бір ай бойы күресіп, дұшпанды ойсырата жеңіліске ұшыратып, тізе бүктірді. Сөйтіп, еліміздің абыройы мен даңқын арттырды. Қауіп – қатерден тайсалмайтын және шайқастарда шыныққан қайсарлығын дәлелдеді, жүрегінің түгі барлығын көрсете білді.

Соғыста бір-ақ заң бар мен білетін,
Я, өліп, я болмаса өлтіретін.
Жүректе жанып тұрған жұлдызыңды,
Жандыратын болмаса сөндіретін.
Соғыста бір-ақ заң бар мен білетін,
Кеудеңмен қорғап қалу жердің бетін.
Жас қаның туған жерде басқа ақпасын,
Онсыз сен көре алмайсың жердің бетін!

- деп Бауыржан атамыз жас жауынгерлерге ар-намысыңды жібермей соғыс, жаудан еліңді тазарт «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп үгіт-насихат, ақыл-кеңес берген. Осындай ерліктерді, осындай өсиеттерді тыңдап, келер ұрпақ ұмытпасын десек, кешегі ұрпақтарға ұғындыру қажет деп есептеймін.

Абзал халқым! Басыңнан не өтпеді сенің ?
Мен соғысты көргенім жоқ, кеш мені!
Қаралы жыл қасіретін жырламадым кеш келіп,
Бірақ мынау мұң танымас ұрпағыңның өскені.
Емес пе ел жадында қанды жолдың өшкені!

Мен соғысты көргенім жоқ. Мен тәуелсіз Қазақстанда бейбіт өмірде дүгиеге келдім. Соғысты тарихтан білемін, кинодан көріп, соғыстың зардабын көрген үлкен қариялардың айтқан әңгімелерінен, кітаптардан оқып білеміз. Көз алдыма С.Мұратбековтың «Жусан иісі» әңгімесі есіме түсе кетеді, әкесі соғыстан қайтпаған кішкентай Аянның өксігі, әйелдермен жас балалардың күні-түні жұмыс істеуі, аштыққа, суыққа қарамауы елестейді. Соғыс зардабын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тек ұрыс алаңындағы әскерилер емес, сондай-ақ тылдағы адамдар да зардабын көрді. Бірақ жеңіске деген ұмтылыс олардың жігерлерін шыңдады.

Адам қанша өзгеріс заман қанша,
Отан сөзі жүрекке от тастайды.
Елім деген жас ұрпақ аман болса,
Ерлік жолын ешқашан шөп баспайды-дегім келеді.

Соғыс ардагерлері Ұлы Жеңістің 70 жылдығын көзбен көрудің қуанышын кәрі жүректерімен сағынып күтеді.

Ұлы отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықты шайқас жүргізіп ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр,
Бір мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе? Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жалғап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашщы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке.

Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қолдап қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ол- өмір заңы. Біз үшін келер ұрпақ үшін «Ерлік жыры – елдің ескерткіші» екені қақ.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сүйімбекова Жамила

9 сынып №1 мектеп-лицей

Құлан ауылы, Т.Рысқұлов ауданы, Жамбыл облысы

Жетекші: Сариева Эльмира Альдибаевна

Еш уақытта еш нәрсе ұмытылмайды

Осыдан 70 жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғыс Ұлы Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғыс, біз үшін Ұлы Отан соғысына 6 материктің сол кездегі әлемнің дербес 60тан астам елі қатысқан болатын.

Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі қайсар жігіттер бүгінгі, өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні жауды жеңіп, соғысты жеңіспен аяқтадық!

Бүгінде Жеңіс күні мерекесі адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш күні. Бұл қастерлі мейрамның мән мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеңген Ұлы күн!

Ендеше, бейбіт көк аспанды кейінгі ұрпақ үшін киелі болсын деп қан-майданға аттанған жауынгер аталарымызға кезек берсек.

Қазақ топырағынан Ұлы Отан соғысына бір миллионнан астам ержүрек жауынгерлер қан майданға аттанған. Олардың көпшілігіне Вермахттың сакадай сай әскери күштеріне қарсы тұруға тура келді.

Ауылдан келген жас жігіттер кешегі қырмандағы жұмыстан бірден майданның алдыңғы шебіне түссе де, қазақ баласына тән ерліктерімен көзге түсті.

Өмір мен өлім бәсекеге түскен осынау сын сағаттарында қазақстандықтар ерлік пен ержүректіліктің ерен үлгісін көрсеткені баршаға аян. Олардың арасында еліміздің даңқын шығарып, халқымыздың ерлік дәстүрін әлемге паш еткен қазақ халқының қаһарман перзенттері аз болған жоқ.

Сол алапат айқасқа біздің облысымыздан аттанған азаматтардың ішінде, ерлігі мен елге танылған, майданнан жараланып келіп, бейбіт өмірге араласқан Қойбақов Мамыртай атамыз да бар еді.

1924 жылы «Мамай Қайыңды» ауылында Мамыртай ата дүниеге келген. Мамыртай ата ауқатты отбасынан шыққан. КСРО орнағаннан кейін тәркілеу басталды. Бұл 1928 жылы болды. Үйіндегі дүние, өрістегі мал айдалынып келіп, санаққа ілінген. «Байдың үрім-бұтағымен жер аударылсын» деген қаулы бойынша Мамыртай атаның жанұясы Қырғыз Республикасының Талас ауданына жер аударылған. 1931 жылы Мамыртай атаның әкесінің айтуы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бойынша олар елге оралады. Елге оралғаннан кейін атаның әкесі аурудан көз жұмады. Сол жылдары қазақ еліне ашаршылық келіп, көптеген балаларды ата-анасыз қалдырған екен. 1934 жылы Қайыңдыда уақытша балалар үйі ашылып, онда жетім қалған, жағдайы төмен отбасыларының балаларын қабылдау комиссиясы әр үйлерге кіріп тізімге ала бастаған. Мамыртай ата да сол тізімге кіріп, сол жерде білім алған.

Ерлік үшін емес, елді қорғау үшін соғысуды мақсат тұтқан Мамыртай ата 1942 жылы тамыз айында армияға шақыртылды. Атамен бірге Мүтән ата, Әпез ата және басқа солдаттарды эшелонмен Өзбекстан Республикасының Ферғана қаласындағы ежелден келе жатқан қамалға орналастырады.

«Қаланың сыртында 5-6 шақырым жерде ашық далада күніне 5-6 сағат әскери жаттығулар жүргізіп соғысқа дайындады. Мылтық атуды, гранат лақтыруды, танкіні жаратын оқ-дәріні қалай қолдануды үйрендік. Қантарда мақтаның сабақтарын жинап, тамақ пісіретін жерге әкелетінбіз. Таңертең 200 грамм қара нан мен бір стақан қант қосылған қара шәй, түсте бір тостак орамжапырақтан жасалған сорпа, 400 грамм нан, кешке қарай 1 стақан шекер қосылған қара шәй беретін. Көрпе-төсек жоқ, матрас пен жастық сабанмен тығыздалып жасалған. Жұқа матадан жасалған жамылатын көрпе берілді», - деп әңгімелеп берді Мамыртай ата әскердегі алғашқы күндерін. Мамыртай ата ауыр күрсінді де, майдандағы өмірін былай баяндап берді:

«1943 жылы тамыз айында Ферғанадан Мәскеудің түбіндегі Орехово-Зуева деген жерге келдік. Мен, Мүтән, Әпез атаң және басқа да солдаттар тағы екі ай дайындықтан өттік. Одан соң Смоленск қаласына Мүтән атаң екеумізді бірге аттандырды, ал Әпез атанды және қалған солдаттарды бөлімшеге жіберді». Мамыртай атаның майдан туралы тағы бір айтқаны: «Смоленск пен Витебск ортасында деревня сол жерден шабуылға дайындық жүргізіп жатқан. Біз сол деревняға жету үшін Смоленск қаласынан жаяу жүрдік. Көретініміз: әр жерден құлаған танкі, зеңбіректер, снаряд, бомбылар түскен жер күл болып қалған, құлаған үйлер, кейбіреулерінің орнында сарайып тұрған пештер тұр. Тамырымен құлаған ағаштар, жанып кеткен тоғайлар, отын ұстап үйітіп алғандай көрінеді. Әр жерден зеңбіректер даусы естіледі. Жаяу әскерлер. Біз Батыс майданның 124 артиллеристер полкіне қосылдық. Мүтән екеуміз ПТР-ді меңгергендер деп тіркелдік. Бізге 10 оқ ататын қаруға 5 оқ берді. Біздің мақсатымыз – жаяу жүрген әскерлерге көмектесу, қарсы келе жатқан танкті жою. Шабуылға шығар алдында өзеннен өттік. Біз сол көкжиекке дейін созылған окопта дайындалып отырдық. Командиріміз алаңға шық деген кезден бастап соғыса бастадық. Тек гүрсілдеген автомат, снарядтардың даусы естілді. Бізге 2 мертге шейін жақындаған жау снаряды жарылып, жарықтары оң аяғыма тиіп қатты жараландым. Содан ауруханаға жеткізіп, аяғыма ота жасалды. Емделіп шыққаннан кейін медбике ауылға жеткізіп тастады. Ауылда

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қара жұмыс жасап жүрдім. Сырттай оқып малдәрігері мамандығын алдым», - деп өткенін есіне түсіріп, әңгімелеп берді.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық жауынгер азаматтар қаза тапты. Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Биыл 9 мамыр – Жеңістің 70 жылдық тойы. Өйткені, сол күнді аңсап мыңдаған, жүз мыңдаған боздақ көз жұмды. Жеңіс жолында жанын пида етті. Тірі қалғандар көзінен жасы парлап, денесінен қаны саулап тұрып жеңісті естігенде қуанды. Сол Жеңіс күнін жақындатуға тылдағы миллиондаған еңбекші халық маңдай терін төкті, табан терін тауысты. Ұлы Жеңістен кейін ел есін жиды, етегін жапты. Сондықтан 70 жыл бұрын фашизмді жеңген ұлы ерлікті бүгінде жоққа шығару – зор күнә. «Өткенге топырақ шашсаң, болашақ саған тас атар», - дейді халық даналығы. Бұл соғыс жалғыз қазақ халқына ғана қасірет алып келген жоқ, бүкіл Совет халқының басына келген нәубет еді. Сол апаттың бетін барлық ұлт бірігіп қайтарған еді.

Бүгінде ол оқиғаларға деген саяси-идеялогиялық көзқарастар кейбір елдерде қайта қаралып, мүлде басқаша бағамдалып жатқаны да баршылық. Бірақ, қалай дегенде де кешегі кеңес азаматтарының, олардың арасындағы өзіміздің аталарымыз бен аға-аналарымыздың фашизмге қарсы тұрып, елін қорғауға сіңірген еңбегін тарих ешқашан жоғалтпақ емес.

Төке Сандуғаш

Т.Рысқұлов ауданы, Жақсылық ауылы,
Қ.Сұлтанбеков атындағы орта мектебі.

8 сынып оқушысы

Жетекшісі: Бейсбаева А.О

Майдангер аталарым

От кешкен Отан үшін ардагерлер,
Ел үшін ту ұстаған кемеңгерлер.
Ішінде қызыл-жоса қанды шайқас
Ерлікпен құрбан болды талай ерлер.

Арын жалау етіп, жанын алау етіп жауға аттанған ел ұрандары Отанымыздың байтақ жерін қорғады, айдын көлін, халықтың өмірін қорғады, өзі туған жерін қорғады, ақ сүт берген апасын қорғады, ақ самал ескен даласын қорғады, пәк күлкі шашқан баласын қорғады, парасатты данасын қорғады. Осы әділет жолында қасық қанын қиып ұрыс даласынан қайтпай қалған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қаһармандар қаншама. Қазақстаннан 2-млн-ға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылып, майдан даласынан 394 000 қазақ боздақтары қайтпай қалды. Соның ішінде Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов (Луговой) ауданы, Жаксылық (Тельман) ауылынан 159 адам аттанды. 102 адам қаза тапты, 57 адам қайтып оралып, еңбек майданына атсалысты. Осы қазақ боздандықтарының ішінде менің де аталарымның бар екендігін айтқым келеді. Мен өз шағын шығармамда өз аталарымның өмірінен естіген әңгімелерімді жинақтап жазғанды жөн көрдім.

Бір атадан тараған ұрпақтардан Әбішев Әліқұл, Әбішев Молдақасым, Әбішев Қасымбай және Қашағанов Таштенбай. Мына аталарым әрқайсысы әр кезеңде соғысқа аттанады.

Әбішев Әліқұл(1920ж-....). 1920 жылы туылып, 1939 жылы 19 жасында 3 жылдық армия қатарына шақырылады. 1941 жылдың көктемінде Отан алдындағы борышын өтеп қайтар уақытында Ұлы Отан соғысы басталады да майданда болады. Сол уақытта ауылда қалған ағасы Төке үйленеді, оның үйленгендігін хат арқылы естиді. Соғыс уақытында екі-үш рет хат жазған. Кейін 1945 жылы сәуір айында Бірінші Белорусь майданында жүргендігін айтып жеңгесіне арнап хат жазады. Хатында «Оқ қарша борап тұр, жеңіс жақын қалды, жақында ауылға барамын, сенімен танысамын» деген екен. Сол хаттан кейін хат та, хабар да жоқ. Қарақағаз да келмеген. Атам үйленбегендіктен артында ұрпақ қалмаған.

Молдақасым Әбішұлы(1909ж-1943ж) 1928 жылы Құттыжанда алғаш мектеп ашылғанда сауатсыздарға білім берген алғашқы мұғалімдердің бірі. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына қатысып, 1943 жылы Курс шайқасында қаза тапқан. 1943 жылы қаза тапқандығы туралы қара қағаз келеді

. Артында тек Күніке атты анамыз ғана қалады, ұрпақ қалмаған.

Әбішев Қасымбай (1911 ж-1994 ж) Атам 1941 жылы соғысқа аттанады. Ол майданға түсіп сол жерде жараланып, госпитальда жатып емделеді де, қайтадан Сталинград майданына аттанады. Нева өзенінің үстінен салмен келесі бетіне өтіп бара жатқан жерінен оқ тиіп қатты жараланады. Новосибирск госпиталінде ес-түссіз жатып, бір айдан соң есін жинайды. Сол госпитальда үш ай бойы емделеді. Соғысқа аттанбақ болғанда, енді майданға жарамайтындығын айтып, еліне қайтарады. Елге оралған соң соғыстағы алған жарақатынан көп зардап шегеді, бірақ сонда да колхозда финагент болып еңбек етеді. 1994 жылы 83 жасында қайтыс болады. Артында жалғыз қызы ғана қалған, басқа ұрпағы жоқ.

Әбішев Төке 1916ж- 1992ж Атам соғысқа бармаса да тылда істеген еңбегін айтқым келеді. Атам 1941 жылы ауылдың белді азаматтарын, яғни, ағаларын соғысқа алып кеткенде 25 жастағы жас жігіт жаңа үйленгендігіне қарамастан, соғысқа сұранып бармақшы болады. Қанша сұранса да соғысқа алмайды. Себебі МТС-тің беделді 5-6 трактористерінің бірі болған. Күндердің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

күнінде 1942 жылдың қаңтар айында 4-5 трактористі дезертир ретінде соғысқа айдап алып кетпекші болған. Бірақ сол кезде МТС-тің директоры военкомды тыңдамай «Соғысқа адам керек болса, тылдағы еңбекке де адам керек, яғни соғыстағыларға да нан керек. Еңбек те соғыс» деп жібермей алып қалған. Кейін военкомат жақын жерге, Ақыртөбенің төңірегіне келгенде, тылда трактор айдап жүрген атам тағы да соғысқа бармақшы болады да, военкомға барады. Военком әйел адам екен. Ол кісі атама бәрін түсіндіріп «Енді жеңіс жақын, ешкімді де соғысқа алмайды. Сенің де жасап жүргенің тылдағы соғыс» деп бронь жазып берген. Атам содан кейін еңбегін жалғастырып, зейнеткерлікке шығып, 1992 жылы ұзақ аурудан қайтыс болған.

Атамның артында 4 ер бала, 2 қыз бала қалған.

Атамның атасымен бірге туған аталарымның бірі Қашағанов Тәштенбай атам 1942 жылы соғысқа аттанады. Белорусь майданында болып, жаяу әскерлер отрядында болады. Бір күні тұтқынға түседі де, сол тұтқыннан қашып шығады. Бірақ қашып шыққаннан кейін неміс шал мен кемпірдің қолына түседі. Олар кеес жауынгерін өз баласындай көріп, жасырып тығып ұстайды. Әрине көрген қиыншылығын сөзбен айту қиын. Күндіз күні бойы үйдің жертөлесінде ұстаса, түніне ағашын жарып тірлігіне көмектеседі. Үш ай бойы сол кемпір мен шалдың «баласы» болады. Үш ай өткен соң шал: «Үйлердің бәрін гестапоның солдаттары тексеріп келе жатыр. Сені көріп қойса бізді де өлтіреді. Сені орманға апарып тастайық» дейді. Сөйтеді де түнделетіп ат арбаға жасырып, отын артқан болып Польшаның шекарасына дейін 50 км-дей жер жүріп апарып тастайды. Орманда атам шегеараны тұспалдап 2-3 күн жүреді. Жүріп келе жатса, алдынан сақал-мұрты өскен бір шалды кездестіреді. Ол да өзі сияқты қашып жүрген жауынгер екен. Сөйтсе ол өз ауылындағы тауда мал бағып қарауыл болған Нагорный деген кісі екен. Екеуі поляк партизандарына қосылып, кеңес әскерлеріне де жетеді. Бірақ сол кездің заңы бойынша соғысқа жібермей концлагерьге барып келгендерді соттаған. Сөйтіп олар Светлогорскі түрмесінде сотталып жатқан. Кейін жеңіс хабары жақындаған кезде түрме бастығынан «баламды көріп келейін» деп сұранған. Түрме бастығы жеңіс болатындығын естіп қуанғаннан кейін жібере салған екен. Бірақ оған дейін атам ешқандай хат-хабарсыз болған. Тәштенбай атам немістің қолында бірнеше ай болғандықтан атамыз неміс тілінде жақсы сөйлеген.

Бұл әңгімелер жазғанға оңай болғанымен, олардың көрген қиыншылықтарын айтып жеткізу қиынның қиыны. Бұл соғыстың бізге, жас ұрпаққа берер қасиеті аталарымыздың ұрпақ үшін жасаған ерлік істері болса, қасіреті ұрпақтардың азаюы, кемуі және оның мүлдем болмауы жаныма қатты батады. Егер осы аталарымнан көптеген ұрпақтар өсіп-өрбіген болса, Әбіштер ұрпағы көп болған болар еді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

1945 жыл 9 мамыр. Біздің қаһарман халқымыз жауды тізе біріктірді. 9 мамыр күні соғыстың аяқталғанына 70 жыл толады. Соғыс бітті. Ауыр жылдар артта қалды. Біздің еліміз бейбітшілікті сүйеді. Ананы баладан, баланы анадан айыратын сұм соғысқа жол жоқ!

Ардақты майдангер аталарым! Бүгінгі ұлағатты ұрпақ сіздердің ерлік, қаһармандық істеріңіздің алдында мәңгі қарыздар.

Төлеген Арайлым

9 сынып, №1 мектеп – лицейі

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы

жетекші: Тлеукулова Жанат Сейтқазиевна

Ата даңқы – ұрпаққа үлгі

"Соғыс" сөзі қандай қорқынышты, осы сөзді естігенде, денем түршігіп, бойымды қорқыныш пен үрей билейді. Ал "Жеңіс" сөзі ше? Жоқ, бұл сөз жүрекке жақын, жанға жылы. Естігенде, кеудеңе шаттық орнап, бойыңды қуанышкернейді. Екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін, батыр ағаларымызбен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпайды.

Әлемді дүр сілкіндіргіп, 1941 жылы 22 маусым күні таңғы сағат 4-те бейбіт жатқан елімізге Германия тұтқиылдан соғыс ашты. Суық хабар сол күні байтақ елімізге, жер - жердегі ауыл - селоға тарады. Ер азаматтар асығыс соғысқа аттанды. Кейбірі өздері сұранып кетті. Қасиетті жеріміз, бейбіт жатқан еліміз, адам көрмеген апатқа ұшырады. Еліміздің жауынгерлері қасық қаны, шыбындай жаны қалғанша шайқасты. Жеңіс жеңілдікпен келген жоқ, 50 млн адамның өмірін қиды.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған.

«Ұлы Отан соғысы» ұғымы 1941 жылғы шілденің 3-інде Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен пайда болды. Ұлы Отан соғысы – адам баласының адамдық қасиетке жатпайтын өзімшілдігі, зымиян ойлылығы мен озбырлығынан басталды. Қанша адам жақындарынан айрылды? Соғыс жылдарында қанша адам туған жерден жырақ жүріп, қаншасы жат жерде

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жерленді? Қанша жас қыршын кетті? Бұл соғысқа көптеген қазақстандықтар да қатысты.

Менің атам 1920 жылдың 17 қазанында Луговой ауданының Құлан ауылында туылған. Ол еңбек жолын 1935 жылы «Восток» колхозында бастаған. 1940 жылы 18 қазанда Кеңес әскерінің қатарына алынған. Осы жылы Красноярскі қаласында өзінің «артиллерист» деген әскери қызметіне кіріскен. Қатардағы жауынгер Қалымбаев Төлеген Ржев қаласында, 3-ші Беларусь соғыс майданында, Орша, Зубков, Вязьма және Орлов қалаларында неміс басқыншыларымен Ұлы шайқастарда әскери қолбасшылар Черниковский, Чистяковтармен аралас жүрген. 1944 жылы Гинзбург қаласында ішкі істер құрамына, чекистер қатарына іріктеліп алынған. Литваның Чаулай қаласында Власовшылармен, Бандеровшілермен аяусыз күрес жүргізген. Кеңес Одағы Жоғарғы Президиумының 20 наурыздағы Указымен 1946 жылы 20 желтоқсанда өзінің туған ауылы «Восток» колхозына оралады. Екінші топтағы соғыс мүгедегі Қалымбаев Төлеген еңбек майданына қызу кіріседі. Ол 1989 жылы колхоздың «Құрметті колхозшысы» деген атпен өзінің еңбек жолын аяқтайды.

Атам соғыс майданында 6 жыл, еңбек майданында 47 жыл еңбек еткен. Ол соғыс майданында үш рет жарақат алса да, соғыс біткенге дейін Ұлы Отаны үшін неміс басқыншыларымен аянбай шайқасқан. Қатардағы жауынгер Қалымбаев Төлеген «ІІІ Даңқ ордені», «Отан соғысының ІІ Даңқ ордендері» мен «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен және «1941-1945 жылдарда неміс басқыншыларымен Ұлы Отан соғысында жеңісі үшін» және Власовшы, Бандеровшілермен күрестегі ерлігі үшін «Мақтау қағаздарымен» марапатталған.

Жан ата, қатал әскери сынақ жылдары белсенді Отанын қорғағандардың қатарында болдыңыз. Сіздің Ұлы Отан соғысы кезіндегі жетістіктеріңіз бен ерліктеріңіз біздің, жас ұрпақтың жадында мәңгілік сақталады. Өміріңізбен де, аталық мейіріміңізбен де, жадымызда жатталған әрбір ғибрат сөзіңізбен де тағылымды тәрбие тамыршысы болдыңыз. «Ер есімі ел есінде» деген сөзді халық текке айтпағанына көзім анық жетті.

Аталарымыз біз үшін – терең тарих, ұмытылмас мұрағат. Аталарымыздың ерлігі әрқашан жүрегімізде жалындаған от пен абырой болып қалады. Соғысты жеңген барлық аталарымызға мың алғыс! Атамның жеңісі – менің жеңісім! Мен атамды мақтан тұтамын! Ұлы Жеңіс күні – бәрімізге ортақ мұра болғандықтан, атамды еске алу менің парызым деп есептеймін.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, және тағы басқалар. Ат ауыздығымен су ішкен, ер етегімен су кешкен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты. Иә, кеудесін оққа төсеген қазақтың қарапайым қыздары Мәншүк пен Әлия қас дұшпанынан елін қорғаған еді. Осындай батырлардың ішінде аты аңызға айналған даңқты жауынгер, жазушы, батальон командирі – Бауыржан Момышұлы: «Жеңіске жеткен қуанышқа кенелді, жетпегендер арманда кетті. Отан соғысында қаза тапқандарды ұмытпайық! Өзімізге өлгенше олардың аттарын аузымыздан түсірмей, жазғанымызды қағаздан қалдырмай айта берейік. Оларға біздің дұғамыз сол болсын! Өлгенді ардақтай білген ғана тіріні құрметтей алады. Өлгенге бақыт тірінің тірлігінде», -деген еді.

Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы құрамындағы халықтар үшін басына түскен сын кезең болды. Осы сыннан халқымыз мүдірмей өтіп, әлем алдында беделі асқақтап, биік шыңдардан көріне білді. Солардың ішінде менің атам – Қалымбаев Төлеген де болды.

Ерлік шежіресі – өшпейтін, өлмейтін, естен кетпейтін құбылыс. Бізге тәуелсіздік әкелген, елімізді аман алып қалған ата-бабаларымыз – біздің мақтанышымыз. Олар біздің болашағымызды жарқын етті. Сондықтан да көзі тірі ардагерлерімізді аялап, құрметтеп, ілтипат көрсету – борышымыз. Біз сол кісілерге қарыздармыз. Кешегі соғыста ерлік пен елдіктің, бірлік пен адамгершіліктің, татулықтың өнегесін көрсететін бабалар үлгісі келер ұрпақ санасында мәңгі сақталуға тиіс. Олар біздің есімізде мәңгі қалады: соғыс та, жеңіс те, жеңісті алып келген батырлар да. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған, қалың елдің зарығып күткен Жеңіс күнін біз ұмытпаймыз, тарих та ұмытпайды.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 70 жыл толған ұлы мерекелеріңіз құтты болсын! 9 мамыр Жеңіс күні - әр адамды толқытатын ерекше, аса қастерлі де айтулы күн, сондықтан осы Ұлы мерекені ерекше қабылдаймыз. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бақытты күндер мен шуақты таңдарды әперген барша ардагер аталарымыз бен аналарымыздың алдында бүгінгі ұрпақ атынан басымызды иеміз.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – бірлік. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс - он бес одақтас мемлекеттердің ортақ мерей тойы. Біздің ұлтты жеңіске жетелеген тағы да бір күш – ол патриоттық сезім. Осы сүйіспеншілік елді жаудан азат етуге көмектесті. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – Отанымызды сүю, еліміздің, жеріміздің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсініктері қалыптасқан ұрпақ болып өсу.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Түзел Аяжан

7 сынып, Ғ. Мұратбаев атындағы орта мектеп

Жамбыл облысы Шу ауданы

Жетекші: Ақшалова Индира Бақытқызы

Бақыт сыйлап жатады әр күн,

Санамызға жарық берген.

Әкелері, аталардың,

Бұл Жеңісті алып келген.

Т.Молдағалиев

Шүйінші, халқым, шүйінші,

Шүйіншіге сүйінші.

Шаттан, ата-анамыз,

Кек қайтарып фашистен,

Соғыс бітті жеңіспен,

-деген қуанышты хабарды естіп, бейбіт те тыныш өмір сүріп, таңымызды да тыныш, түнімізді де тыныш болғанына 70 жыл болыпты. Бұл жеңіс кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл жеңісті ең алдымен, соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерлік көрсеткен ардагерлер тойлайды, бірақ олардың саны да азайды. Бұл жеңісті станок қасында, егін даласында, күні-түні мал бағып, жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінің жас сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пидә еткен, туған-туысқандарына, жақын жарандарына, туған жерін, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлері бүкіл ел болып еске түсіреді.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Жауға қарс шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімін төгіп, майданда керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен күшке айналды. Жеңісіміз жауынгерлердің ерлігі мен еңбекшінің жемісті еңбегімен келді. Олардың ерен еңбектері ұмтылмайды. Бүгінде біздің міндетіміз - Отанын сүю,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

елінің, жерінің адал патриоттары болу. Ұлы Отан соғысына бес жүзден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Иван Павлов және басқа да батырларымыз. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі. Біздің қазақ халқы ерекше ерліктерімен жауға қарсы тұрған. Осы бір қиын кезеңде қазақ ақыны Жамбыл Жабаев Ленинградтық ауыр тағдыры туралы өлең жазды. Соғыс жылдарындағы балалар тағдыры, жауынгер бала, партизан бала туралы немесе мектеп оқушылары мен жасөспірімдердің тылдағы еңбегі, олардың ауыр тағдыры туралы көптеген кітаптар жазылды.

Ия, кешегі Ұлы Отан Соғысында біз ұлы жеңіске жеттік, сол жеңістің бүгін жемісін көріп жатырмыз. Сол жеңістің қандай қиындықпен келгенін келер ұрпаққа тәрбие болсын деп әңгіме етіп өз аузымен айтып беретін, сол қырғынды басынан өткерген ардагер-қариялар бүгін жоқтың қасы. Соғыс өртінің нағыз өтінде болып, отты жылдардың куәсі болған, Берлинге дейін барып жеңіс туын тігіп, жауды жеңіп келген менің атам Жантаев Әлімбай. Соғыстан кейін мұғалім болып жұмыс істеді. Алайда соғыс зардабынан денсаулығына байланысты 46 жасында қайтыс болған екен.

Біздің ардагерлерімізге лайықты құрмет көрсету, көмектесу парызымыз. Қазіргі таңда Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерді теледидардан жиі-жиі көрсетеді. Бүгінгі ұрпақтың абыройы да, мақтанышы да сол Ұлы Отан соғысында жанын қиған батырлар, олардың ерліктері әлі д талай ұрпаққа үлгі-өнеге болары сөзсіз. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке - бейбітшілік пен қайырымдықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгерлердің айбын, тылдағы жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болмақ.

Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата-апаларымыз аман болсын. Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын. Жұдырықтай жұмылған, білектей білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын! Елімізде ешқашан соғыс болмасын, тек жақсылық болсын!

Түзелбек Мадина
Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы
Ақтоған орта мектебінің 10-сынып оқушысы

ТАРИХИ ШАЙҚАСТАҒЫ ЕРЛІК

Ұлы Жеңіс - барша халықтың жеңісі. Сондықтан да кешегі жауынгер, бүгінгі ата-әжелеріміздің жеңіске жетер жолда тындырған ұлан-ғайыр істері біздің жадымызда мәңгі сақталып, дастандай жалғаса береді. Уақыт тарих бетін парақтайды. Күн түзіліп, ай алмасып зымырап жылдар өтеді. Халық соғыс әкелген қайғы-қасіретті, миллиондаған адамның өмірін қиып, өркениетті кейінге қайтарған, адам қолымен жасалған ұлы құндылықтарды талқандаған қантөгіс, сұрапыл соғысты ешқашан ұмыта алмайды. Ия, соғыс сөзінің сұмдықтарын бүгінгі күнге дейін ұмыттырар емес. Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 70 жыл болды. Бірақ, сол жылдар жаңғырығы адамзат жүрегін әлі де сыздатуда.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін, бейбіт өмірдің берекесі бірлік пен татулықтың мерекесі Ұлы Жеңіс үшін шайқасқа аттанған абзал жандардың арасында біздің қасиетті Көгершін топырағынан 1520 адам бар еді. Олардың 738 Отан үшін құрбан болып, майдан даласынан туған еліне оралмай қалды.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне бүгін 70 жыл толды. Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, аранын ашып, әлемге алақұйын жалын шашып, жан біткенді жалмауға жанталасқан заһарлы зұлмат Ұлы Отан соғысы туралы шығарма жазуды бастағанымда, бұл тақырыпты он бетке болсын, жүз бетке болсын сыйғызудың мүмкін еместігіне көзім жетті. Себебі, соғыс-уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ешқандай сынға берілмейтін азап. Бұл тақырыпты шын мәнінде ашу үшін сол сұрапыл соғысты өз көзімен көрген адаммен сұхбаттасқанды жөн көрдім.

Жеңіс үшін өмірін, жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азабын көрген Ұлы Отан соғысының екінші топтағы мүгедегі - Құрбанов Игенбек. Ол Оңтүстік Қазақстан облысы, Ленинск ауданы, Қарабастау ауылында дүниеге келген. 1942жылдың ақпан айында әскери қатарға алынған. 1942 жылдың қараша айында Сталинград майданында соғысқа кірген. Сержант. шешін алған солдат 1 ай жаяу жүріп, 1 тәулікте 2 сағат ғана демалған күнді еске алды. Арықтан өткен жерде темір қалпақпен су ішкені есіне де түсіп кетті. Майданға барған соң ротаға радист-байланысшы болған. Соғыстың жанып жатқан жеріне үш рет кірген.. Сол жерде ауыр жарақат алған.. Ауыр жаралы күйде госпитальде 4 ай жатып 1945 жылы әскери комиссия әскерден босаттыпты. Сол жылы ақпан айында ауылға келді. Соғыс өте ауыр, қиын болғандығы есіне түсіп, көзіне жас та алды. Қаншама қазақ азаматтары елі үшін жан қиды

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

десеңізші. Қанша ауылдар, зауыттар қирады. Сонымен, 1945 жылы 9 мамыр айында Ұлы Отан соғысы аяқталғанын радиодан хабарлағаны көзіме елестеп те кетті.

Ұлы Отан соғысының ардагері Құрбанов Игенбек ата ерлігі туралы айта берсек бұл нағыз ақиқат дастан кітап болып жазылар еді. Бүгінгі таңда ол туралы:

Ауыр күнді артымызға тастауы
Қиын сәтте қиындықтан қашпауы
Тілім, дінім, ұлтым қайта көгерген
Туды ұстап тура жолға түсіріп
Жас Отанның өмірін де түсініп
«Елім, жерім деп» тайсалмай,
Бір керемет жасады-ау кісілік

-деп мақтанышпен айта аламын.

Тарих беттері үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан да ұмытпақ емес. Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941 жылы маусымның 22-де болған еді. Бірақ сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9 мамырда бұл оқиға Ұлы Жеңіспен аяқталды. Биыл Ұлы Жеңістің 70 жылдығы. Олардың ерлік істерін ешкім де, ешқашанда ұмытпауы тиіс.

Бұлтсыз ашық аспанымдай көк туым,
Ту төрінен елге нұрын төкті күн
Ту төбемде қанат қақты қырандай
Қуанбаған еш бір қазақ жоқ бүгін!

- деп Ұлы Жеңіс мәңгі жасасын дегім келеді.

Үсен Абусаид

Зсынып. Жамбыл облысы, Тараз қаласы
Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды
өткізетін облыстық орталық.

Жетекшісі: Қасымова Жібек Жұмабекқызы

ҰРАНДЫ ЕЛДІҢ – ҰРПАҒЫ ҚАЙСАР

Отан, атамекен. Әрбір адам үшін бұдан ардақты, бұдан қасиетті сөз бар ма? Отан дегеніміз біздің жеріміз, туған өлке- еліміз. Отан деген түсінік адамның ұғымына, қанына ананың ақ сүтімен сіңеді. Отанды қорғау – ең басты қасиетті ата-мұрамыз, дәстүріміз және міндетіміз. Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қарулы күрес майданында қорғауға әр уақытта дайын болу – қасиетті азаматтық борышымыз.

1941- 1945 жылдар ешқашан ұмыт болмайды., ұмыту мүмкінде емес. Екінші дүниежүзілікс оғыс адамзат тарихында болып көрмеген опат соғыс болды. Миллиондаған ерлеріміз жандарын қан майданда Отан үшін пидә етті.

Фашистік Германияға қарсы жүргізілген Ұлы Отан соғысы еліміздің, оның қарулы күштерінің басына түскен аса зор сынақ болды. Гитлер Германиясының соғыста көздеген басты мақсаты совет мемелекетін жою еді.

1933 жыл Германияда фашистік партия сайлауда жеңіске жетеді, оның жетекшісі Адольф Гитлер елде қатал тәртіп орнатты. Гитлерлік Германияның өзінің соғыс жоспарын 1939 жылы бастады.

1939 жыл 1 қыркүйекте Германия Польша жеріне басып кіреді. Екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Германия 1941 жыл өзінің басты қарсыласы деп есептеген КСРО-ға аяқ тіреді.

22 маусым 1941 жыл фашистік Германияның опасыздықпен шабуыл жасағаны туралы мәлімдемесі радио арқылы хабарланды. Гитлердің «Барбарос» соғыс жоспары жүзеге асырыла бастады. Жоспар бойынша КСРО-ны 3-4 айда жаулап алып, оны болашақ соғыс жорықтары кезінде шикізат, адам ресурсына айналдырмақшы болды. Бірақ ол жоспары еліміздің қайсар рухты, жігерлі, отансүйгіш азаматтарының арқасында іске аспады.

1945 жылы Совет Армиясы шешуші жеңістерге жетіп, совет жерін жаудан толық тазартты.

Ұлы Отан соғыс ардагерлері Отанына бар өмірін бағыштап, есесіне мол ерлік көрсеткен адамдар. Еліміздің шалқар шежіресінде ерлер есімі мәңгі сақтаулы, талайына ескерткіштер орнатылды, кітаптар да жазылды.

Ел намысы- ер намысы. Ата-мекенімізді қорғау жауға аттанған әрбір намысты ер азаматтың жүрегінде от болып жалындап, білегіне күш-қуат берді.

Соғыстың алғашқы айларында бірде жығылып, бірде жығып жүрсе де, қайтсек те жеңеміз деген үміт жүрек түбінде сақталды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бұл жеңіс тарихта теңдесі жоқ ерлік. Отанға берілген патриоттық сезім-ерлік тәрбиеден туады. Отанды қорғау әрбір азаматтың қасиетті, абыройлы парызы. Ерлік елеусіз қалмайды. Ұлы Отан соғыс ардагерлерінің қаһармандығы, ерлігі арқасында қазіргі ұрпақ тыныштық, бейбіт өмір сүруде.

Егде тартқан жауынгер соғыс ардагерлерінің қатары жылдан – жылға сиректеліп, саны санаулыға айналуда.

Ұлы Отан соғысы қазақ халқы үшін де зор сын болды. Қазақ халқының ұл – қыздары ерліктерімен өз Отанына шын берілгендігін айқын көрсетті.

Халқымыз жаудың топты танкісін қиратқан ер жүрек ұшқыш Нұркен Әбдіровтің, автомат оғымен ондаған фашисті қиратқан батыр панфиловшы Төлеген Тоқтаровтың, әйелдердің ішінде тұңғыш рет батыр қыздары атанған Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың есімдерін ардақтап, жүрегінде сақтайды.

Әлия Молдағұлованың қыз болса да, ерлермен бірге тең дәрежеде соғыс майданда жанкештік пен ерліктері алдында басымызды иеміз. Олар мәңгілік «Қазақ Батыр Қыздары» ретінде халық есінде сақталады.

Туған Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы биік, қайсар жауынгерлердің бірі Талғат Бигелдинов туралы айтатын болсам, елімізді жау қолынан азат ету үшін әуеде жау ұшақтарымен соғысқан ұшқыш. Талғат атамыз бір күнде бірнеше мәрте шабуылға шығып, жау ұшақтарын ойсырата жерге құлатып, өзінің ержүректігімен, батырлық іс – әрекетімен жеңіс күнін жақындатты. Осындай батырлары бар халық мәңгі жасайды.

Азаттық үшін арпалыста халқымыздың талай ұлдары мен қыздары жеңімпаз Кеңес Одағының даңқын асырды. Неміс – фашистерінің ордасы – Рейхстагқа жеңіс жалауын ең алғаш тіккен 150 – ші атқыштар дивизиясының жауынгері – Рақымжан Қошқарбаев осындай қаһармандардың бірі.

Бауыржан Момышұлы соғыстың алғашқы күнінен бастап фашизмге қарсы аттанып, соғысты жеңіспен аяқтау үшін барлық күш – жігерін жұмсады. Асқан ерліктер көрсетті. Оның әрбір ерлігі бейбіт өміріміздің, тыныштығымыздың кепілі. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген мақалдың мағынасына қарайтын болсақ, Бауыржан атамыздың ерлігі көз алдымызға елестейді. Бауыржан Момышұлы омыртқасына оқ тиген кезде де, оқты алдырып қан майданына аттанған. Оның қайсар да, батырлығы да, даналығы да әрбір ерлігі қазақ халқының мәңгі есінде сақталады. Бауыржан атамыздың әрбір ерлігі ұландарымызды отансүйгіштікке, адал еңбек етуге, өнегелі болуға тәрбиелейді. Даңқты қолбасшы елі үшін шыбын жанын қиятын ерлігін ерекше бағалаймын. Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарында адуынды да қатал әскери басшы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар қарамағындағы жауынгерлер мен офицерлердің ақылгөй жетекшісі, зерделі де білгір, байыпты да мейірман тәрбиешісі де бола білді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазақстанның 369 жауынгері Совет Одағының Батыры деген құрметті атағына ие болды, мыңдаған азаматтар майдандағы ерлігі үшін үкімет ордендерімен, медальдерімен наградталды. Қан майданды кешіп өтіп, жеңіспен еліне қайтқан барша жауынгерлерін халқымыз мақтаныш етеді. Ұрыс майданында Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін жанын пида еткен, ерлікпен қаза тапқан ұл – қыздарының жарқын бейнесін халқымыз есінде мәңгі сақтайды. Ер өмірі ел жүрегінде мәңгі жасай береді.

Ерлік шежіресінде өшпес үлес қосқан жалын жүректі қазақтардың қаһармандығын айтып тауысу қиын. Ұлы Отан соғысы жылдары КСРО бойынша 11600ден астам адам ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алса, соның 497-і қазақстандықтар екен, ал 97-і қазақтар болды. Ұлы Отан соғысы жылдары ең алғаш Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақстандық жауынгер К. А. Семеченко (1941 жылы 22 шілде) еді. Ұлы Отан соғысы жылдары Кеңес Одағының Батыры атағын алған ең жас қазақ жауынгері 18 жасар Ж. Елеусізов еді. 1941–1945 жылдары майдан шебінде соғысқа қазақтың 100-ге жуық ақын-жазушылары қатысты. Қасым Қайсенов, Әди Шәріпов сынды қаһарман партизандар жау тылында аянбай шайқасты. Ұлы Отан соғысындағы біздің қазақ халқының, қазақстандықтардың ерлігі ғаламат. Қазақстандық 316 – Панфилов дивизиясының қаһармандығы әлемге әйгілі. Батыл жүректі аталарымыз бүгінде жас ұрпаққа қайсар рухымен, асқан отансүйгіштігімен үлгі. Бұл сұрапыл соғыстың қасіретін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ол қасіретті көзбен көрген, басынан өткерген ғана іші қан жылап еске ала алады. Ал біз- сол батыр елдің ұрпағы - тарихымызды мақтаныш етіп, ардагерлермізге тағзым етеміз.

Ұлы Жеңістің ұмытылмас бағасы баршамыздың жүрегімізде ізгілікпен, ізгі ниет, құрметпен мәңгілікке сақталады!

Усербаева Аяжан

Ерекше дарынды балаларға арналған
“Дарын” мектеп-интернаты Тараз қаласы
Жетекшісі: Караулова Клара Опабековна

Ұлы Отан соғысына 70 жыл.

Ерлік пен елдік рухты үлгі тұтқан ұрпақпыз

Соғыс, иә бұл жан түршігерлік сөз, әрі іс. Бұл сөздің астарында адам жаны, адам қаны тұрғаны анық. Соғыс – көзге жас үйірлететін, жан түршіктіретін, өткенді еске түсіретін сөз екені белгілі. Өткенді дегенім, ол менің ата – бабамның қаны төгілген, жүректері езілген жылдары. Ана – баладан айрылып, ата – ұрпағынан айырылып, жер – дүние тыныштығынан айырылып зарлаған кез. Ол – Ұлы Отан соғысы.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Адамзат тарихында үлкенді – кішілі он бес мыңға жуық соғыс өткен екен. Бірақ солардың ішінде ауқымы, алапаттығы мен құрбандықтары жағынан ең жантүршігерлігі екінші дүние жүзілік соғыс және оның құрамдас бөлігі – Ұлы Отан соғысы болды. 1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германия әскері Кеңес Одағына тұтқиылдан соғыс жарияламастан басып кірді. Жау жағының басымдылығына қарамастан, ата – бабамыз ерлік көрсетті. Сөйтіп, адамзат баласының тарихында ірі қантөгіс соғыс басталды. Майданға әр түрлі шенді офицерлер аттанған. Құрылған дивизиялар қысқа мерзімде әскери дайындықтан өткізілгеннен кейін майданға жіберілді. Олардың кейбір бөлімдері бірден соғысқа араласып кете бергені тарих беттерінде мәңгі қала беретіні анық. Дивизия командирлері соғысқа кіргелі тұрған жауынгерлерге соғыстың мазмұны мен армияның басты міндеттерін түсіндіріп, кеңес әскери заңдарымен таныстырған. Ұлы Отан соғысы жылдарында қысқа мерзім ішінде Қазақстан аумағында үш ұлттық атты әскери жасағы, екі ұлттық жеке атқыштар тобы құрылған. Қазақстанда жасақталған ұлттық атты әскери дивизиялары ұлттық ерекшеліктерін, салт – дәстүрін ескере отырып, жасақталды. Халқымыздың ежелден бергі айнымас серігі – жылқы түлігінің мінезі туғаннан ат құлағында ойнаған қазақ ерлеріне ел басына күн туған шақта еш қиындық әкелмеген. Әскер өнерін үйрену барысында қазақтар көптеген жаттығуларды жете меңгерген. Ұлы Отан соғысы – Кеңес Одағының халықтары, соның ішінде қазақ халқы үшін үлкен сынақ болды. Әйгілі қолбасшы, соғыс батыры Бауыржан Момышұлы «Соғыс қазақ халқының тарихын күрт өзгерткен, бұрылыс әкелген, миллиондаған отандастарымыздың арасында өшпес із, жазылмас жара қалдырды» деген сөзі еріксіз ойыма оралып отыр. Кешегі сұрапыл соғыс жылдары кімдерді жылатпаған, кімдерді қасіретке батырмаған? Қаншама арман, мақсат орындалмады. Ер етігімен қан кешкен, ат ауыздығымен су ішкен сұрапыл соғысқа қатысқан ардагерлерді қалай ардақтасақ та артықтық етпейді.

1418 күнге созылған қанды қырғынның жеңіспен аяқталар сәтін ақ шашты ана да, белі бүгілген қарт та, майданда қанды белшесінен кешкен жауынгерлер де, олардың елде қалған балалары мен іні – қарындастары да, екі көзі төрт болып күткен арулары да аңсады, армандап асыға күтті. Сол күн туды. Жеңіс күні деп бүкіл әлемге паш етті. Халық сол хабарды естіген сәттен бастап, бұған дейін тұла бойыңды тітіркенткен «соғыс» деген улы жыландай суық сөзден мәңгілік құтылғандай сезінді. «Бейкүнә жандардың, қаны енді төгілмейтін болар » деп шүкіршілік етті. Иә, ауыр азапты бес жылдан соң біз жеңіске жеттік. Бірақ, қандай шығынмен десеңізші?! Қаншама жас қыршын кетті?! Тіпті, бір отбасынан төрт – бес жанды майданға аттандырғанда, кейін солардың тым болмаса бірі елге дін аман оралмаса, не дейсіз? Қаншама шаңырық қаңырап, күйреп ортасына түсті. Ана жесір, бала жетім қалды. Олар отағасы қапияда кетті дегенге сенбеді. Үнемі ұзын жолдың бойына телміре қарап, күндерін, айларын,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жылдарын зарыға күткен болуы керек. Қашан оның қабірін көздерімен көріп, көңілдері суығанша үміттерін үзбеген болар. Араға жыдар салып, сол бір сұрапыл соғыс алыстаған сайын бомбалардың жарылысы, танкілердің үні, ауаны тілгілеген оқтардың ысқырығы тарих қойнауына тереңдеп батып барады. Бірақ, соғыс салған зардап жойылар емес. Өйткені, ол ұмытылмайды. Сондықтан да мұны, Ұлы Отан соғысынан кейін дүние есігін ашқандар, яғни біздер өзіміз секілді кешегі гүлдей құлпырған қыздар мен ұлдардың жастық өмірлерін Отан үшін отқа салып, бар қызықтан бас тартқанын түсінуіміз керек. Олар Отан үшін қолдарына қару алып, сапқа тұрды. Сарбаз киімін киіп, қандай қиындықты бастан кешпесін, ешбір ауыртпалық алған бағыттарынан қайтпады. Ал, соғыс, ол – қасірет. Басқа төнген қасіреттен біздің ата-бабаларымыздың көбі қайтып оралмады. Соғыс басталар алдында Одақ бойынша қазақ халқының саны үш миллион екі жүз елу мыңға жеткен екен. Майданға бес жүз мың қазақ азаматы аттанып, көбісі қайтып оралмаған. Мен бүгінгі тәуелсіз елдің жас ұрпағы «Отан үшін!» деп жанын пида еткен Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова апаларымды мақтанышпен айта аламын. Олар жүріп өткен қанды жер мен үшін аманат. Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов сияқты батыр аталарымның да қаһармандығы мен табандылығы, Отанына деген сүйіспеншілігі, жүріп өткен жолдары өміріме үлгі. Қазақ жастары батырларымыз биік ұстанған адами ұстанымдарды тірліктерінің мәніне айналдыруы қажет деп санаймын. Ел басына күн туғанда ауыр жылдарда қан майданда жаумен жағаласқан, тылда тынымсыз еңбек етіп, соғыс қиындықтарына төзе білген, Жеңіске лайықты үлес қосқан Қазақстан еңбекшілерінің патриоттық істері тарихта мәңгі қала бермек. Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Аса зор, үлкен қымбатқа түсті. «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес ». Қанды майданда қаза тапқандарға және тірі қалғанымен сұрапыл соғыстан кейін ұзақ жасай алмағандарға, сондай – ақ қазіргі кезде де өмір сүріп, өзінің игілікті істерімен өмірімізге мән мен сән беріп отырғандарға бас иеміз. Осыдан жетпіс жыл бұрынғы майданда жауған оққа қарсы тұрған майдангерлер бүгінде тәуелсіз елдегі бейбіт күннің бақытын сезініп отыр. Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран. «Кешегі күннің жеңісі – бүгінгінің жемісі». Қазір біздің ашық аспан астында бейбіт өмір сүріп жатқанымыз – ерен ерлік көрсеткен аталарымыздың, ерен еңбек терін төккен апаларымыздың арқасы. Бүгінгі ұрпақ пен келер буын болашақта Отан – Ана алдында ұлы борышын өтеген, ел еңсесін көтерген қастарлі есімдерді ұмытпақ емес. Кешегі тарих – бүгінге тәлім. Ол тарих елдің өмірінен, ердің ерлігінен бастау алады. Адамның адамгершілік асыл қасиеттері сын сағатта жарқ етіп көрінеді деп ойлаймын. Соғыс – сондай сынның ең кереметі. Ерлігің мен елдігің соғыстың алмағайып әр сәтінде таразыға түседі. Ұлы Отан соғысының қан майданында біздің ата – бабамыздың айрықша қасиеті – қаһармандығы, отаншылдығы, елжандылығы, ұлтжандылығы, терең сезімі әлемге әйгіленді. Біздің халқымыз соғыстың адам

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

айтқысыз ауыртпалығын хас батырша қайыспай көтеріп, күллі адамзатқа табандылықтың, ерліктің, бауырмалдықтың, тіпті, керек десеңіз, қайырымдылықтың өшпес өнегесін көрсетті. Ұлы шайқастың от – жалынында шар болаттай шамырқана, шыңдала келіп, соғыстан еңсесі көтеріліп, мерейленіп шықты. Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл. Соғыста қар жастанып, мұз төсенген ардагерлер, қасіретке толы қаһарлы жылдар елесі қазақ даласында ұмытылмасы анық. Бұл жеңісті қастерлеп, жадымызда мәңгі сақтау және оның дәстүрлерін жалғастыру, қасиетті Отанымыз – Қазақстанда ұлтаралық татулық, бейбіт өмір, халықтар бірлігін бұлжытпай сақтау біздердің парызымыз. Ұлы жеңіске мың тағзым дегім келеді. Ата-бабамыздың маңдай терімен жеткен тәуелсіздігі үшін, Елін сүйген, Елі сүйген Елбасымның бары үшін мен бақытты ұрпақпын. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Абзалы, жер бетінде аға ұрпақты құрметтемейтін халық болса керек, солай болса-дағы, біздердің-қазақстандықтардың ардагерлерге көзқарасымыз ерекше болуға тиіс», — деп айтқандай нақақ көз жасы мен нақақ төгігілген қан ешқашан да ұмытылуға тиіс емес. Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз. Тәуелсіздік туын тігуге қаншалықты қажыр – қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр – қайрат керек. Қазақтың ұлттық рухы оның ерлігінде жатыр. Рухы еркін халық қана ұлы істерді атқара алады. Ежелден рух еркіндігін ерекше қастер тұтқан халқымыздың асыл дәстүрлерін жаңа заманға жарасымды жалғастыруымыз қажет. Біз - ерлік пен елдік рухты үлгі тұтқан ұрпақпыз.

Шайдозимова Әсел

10 сынып, Жамбыл облыстық ерекше
дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Дарын»
мектеп-интернаты, Тараз қаласы
Жетекшісі: Дүйсенбаев Базарбай Рысбайұлы

Жеңіс - елдік пен ерліктің сыны

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға
Жолынды тосып ана жүр.
С. Мәуленов

Иә, бұл әннің шырқалғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтіпті. Бұл соғысқа аттанған баласын сағына, сарғая күткен ананың, асыл жарын іздеген

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

арудың, көкесін сағынған жас баланың сарғайған сағынышы еді. Алайда қаншама үйдің үміті ақталмады, қаншама бала әкесіз жетім атанды... Естен кетпес қайғы, зор апат әкелген соғыстың салған жарасы әлі де жазылар емес. Соғыс зардаптары тарих парақтарында сарғайса да, жыл өткен сайын Жеңіс туы желбіреп еріксіз есіңе оралады. Құлағыңа қарулардың дүрсілінен күреніп киналған дала үні, қайғырған ана, жылаған бала дауысы үзіліп-үзіліп жетеді.

...Соғыс деген қайдан шықты?

Авторы кім алғашқы ?

Есіл адам есі кетіп оған неге жармасты ?

Бір дәуірден бір дәуірге неге үзілмей жалғасты

Бүкіл адам тарихының бетін неге қан басты,

- дейді әкесінен осы соғыстың кесепатынан айырылған ақиық ақын Мұқағали Мақатаев. Әрине, мұның артында мейірімсіздікке құныққан иткөзденген дүниенің құлқы жатқан жоқ па? Бәрі де адам қолымен жасалынған қасірет. Табиғатқа жасалынған қиянаттың арты адам төзгісіз қасіретке айналатынын білді ме екен?

Ұлы Отан соғысы қатыгездігі мен қантөгісі жағынан білген қақтығыстардың барлығынан да асып түсті. Жан алысып, жан беріскен бұл соғыс Қазақстан халқы үшін де өте ауыр сын болды, өйткені соғыс оты айналып өтпеген отбасы жоқ десе де болады. Соғыс қанмен жазылған зор апат, естен кетпес қайғы еді. Жас боздақтардың тағдыры қыршыннан қиылды, жаңа отау құрған шаңырақтың оты мезгілсіз өшті. Төрт жылға созылған әділетсіз соғыс аяқталды. Соғыстың әрбір күні, әрбір сағаты тарих беттерінде айшықталды. Ұлы Отан соғысының сұрапыл айқасты жылдарында жас боздақтар ұлы Отаны үшін күресті. Олардың асқан ерлігі әдебиетімізде сарқылмас тақырып, таусылмас аңызға айналды. Соғыстағы жауынгерлердің ерліктері жайында жазушылар, драматургтер қалам тарта бастады. Соғыстан кейін қазақ әдебиетіне жаңа жанр ретінде естелік – мемуарлар қосылды. Осы жанрдың бастамасы болып әдебиетімізге соғыс дауылы туралы көркем шығармаларды прозада Т.Ахтанов пен Ә. Нұрпейісов ұсынса, поэзияда Ә. Сәрсенбаев, Қ. Аманжолов, Ж. Саин, Д. Әбілев, Х.Ерғалиевтер бастаған ақындар жыр етті.

Сен құрметте оны

Түсіндің бе, қарағым ?

Ол ақшаға сатқан жоқ

Тізеден кесіп аяғын.

Еріккеннен ұстап жүрген жоқ

Қолтықтағы ұзын таяғын,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

- деп жырлайды Әбу Сәрсенбаев. Бұл жыр жолдарындағы соғыстан оралған жаралы жауынгердің бейнесі бүгінгі ұрпаққа, бізге, көмескілеу де болуы мүмкін, себебі біз соғыс дегеннің не екенін көрмей өстік...

Менің туған өлкем Жамбылдың өзінен 120 мыңнан астам азамат майданға аттанып, оның 32 мыңы ерлікпен қаза тауыпты. Майданда ерен ерлік көрсеткен 30 жамбылдық Кеңес Одағының Батыры атанды, 6 даңқ орденінің иегері болды. Аттары аңызға айналған Бауыржан Момышұлы, Ағаділ Сухамбаев, Сәду Шәкіров, Нұрұлла Фазлаев, Николай Белашов, Владимир Савва, Тайыр Тастандиев, Ыбырайым Сүлейменов сынды батырларымыздың ерліктері Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Аталған батырлар есімдері бүгінгі ұрпақтың жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

Себебі олар “Намыс – адамзаттың туы”, ер мен елдің, достық пен қастықтың, сатқындық пен әділдіктің сынға түскен сәтте “Отан үшін отқа түссе де күймейтінін” білді.

Қазақ халқының ұлы перзенті, қаһарман жауынгер, даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, әйгілі жазушы Б.Момышұлының ерлігі ақиқаттан аңызға айналды. Қарапайым командирден батыр қолбасшы тұғырына көтерілген Б. Момышұлы Отанын сүюді өнеге етіп қалдырды. Осы орайда батырдың мына сөзі ойға оралады: “Отан үшін отқа түс күймейсің. Опасызда Отан жоқ. Ерсіз ел болмайды, жұртсыз жігіт болмайды”, - дейді аңыз ата. 8, 5 миллион жауынгермен, 1, 6 есе басым әскери күштерімен әділетсіз соғыс ашқан неміс фашистері талай азаматты қыршынынан қиды. Осындай сәтте:

Кетерімде жыламадым,
Өз қатарым көп болған соң
Қайтарымда егіліп, шыдамадым
Оның көбі жоқ болған соң,

- дейді қамыққан ақын С.Мәуленов. Сол жылдары ұрыс даласында ауыр жараланып, бірі қолынан, екіншісі аяғынан айырылып, басқа да дене мүшелері зақымданып, мүгедек болып оралған жамбылдық Айдаралы Байтөреев, Исақұл Төреқұлов, Жолдасбек Өсербаевтар ауылда шамасы келген жұмысты атқарып, Жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосты.

1941 жылдың көктемінде Жеңіс жалауы желбіреп, күллі адамзат болашағына қатерлі отын шашқан фашизмнің ордасы ортасына түсті. Осылайша 1418 күн мен түнге созылған Ұлы Отан соғысының нүктесі қойылып, бейбітшілік пен тыныштықтың туы тігілді.

Бүгінде егеменді ел болдық. Елбасы Н.Ә.Назарбаев әрдайым соғыс ардагерлерінің қоғамдағы рөлі мен мәртебесін көтеріп, олардың әлеуметтік жағдайларын жақсартуды басты назарда ұстап келеді. Бұл Жеңіс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қаһармандарына көрсетілген айрықша құрмет. Елбасы: “Біз жеңіске жеткен аға толқынның ұрпағымыз. Отан үшін өмірін қиған әрбір азаматтың, қазіргі уақытта арамызда жүрген ардагерлердің даңқын асыра түсу – біздің міндетіміз”, - деген отты ойларын әр жыл сайын қадап айтады.

Бүгінгі күні ұлы тарихи оқиғаның куәгерлерінің қатары сиреп келеді. Биыл 70-рет Жеңіс күні тойланбақшы. Жеңіс мерекесі соғыс куәгерлерімен қатар, кейінгі бейбіт заманның ұрпақтары үшін де қастерлі, өйткені сол кездегі боздақтардың қаны мына біздің өміріміз үшін төгілді. Жанын шүберекке түйіп, кеудесін оққа тосып алыспай беріспеген Әлия, Мәншүк, Талғат, Бауыржан есімдері Ұлы Жеңіс ұғымымен әрқашан бірге аталады. Мың жылда бір-ақ көрінетін кометалардай сыры да, сезімі де терең, батыр тұлғаларымыз фәни өмірден баз кешіп, бақилық болды. Кеше ғана көк қыраны Талғат Бигелдиновпен қоштастық. Әйтсе де, Баубек пен Бауыржан батырлығы, Әлия мен Мәншүк ерлігі, Қаныш пен Әлкей білімі, Мұхтар мен Ғабит, Ғабидендердің үні, Дінмұхаммедтің парасаты – бүгінгі ұрпаққа өнеге.

Бүгінгі көк аспанында ақ көгершіні қалықтаған бейбіт күнді сыйлаған ардагерлер есімі ұрпақ санасында ешқашанда өшпейді, қайта уақыт өткен сайын асқақтай түсері ақиқат. Себебі:

Заманың алға басарда,
Тарихтан тағылым тыңдатты ой.
Адамдар үшін қашан да,
Жеңістің құны қымбат қой
Қ.Мұстафин

- демекші елі барда ердің аты ұмытылмайды.

Юнисов Ерболат

Т.Рысқұлов ауданы, Жақсылық ауылы,
Қ.Сұлтанбеков атындағы шағын орталықты орта мектебі 5 сынып оқушысы
Жетекшісі: Мамырбаева Гауһар Жұмағалиқызы

Ешкім де ұмытылмайды, еш нәрсе де ұмытылмақ емес...

Отан үшін от кешкен қадірлі қарияларымыздың қатары уақыт озған сайын азайып бара жатқаны өкінішті. Біз жауынгер ардагерлеріміздің құрметіне Жеңістің 68 жылдығын оларға лайық деңгейде атап өтуіміз керек. Өйткені бұл – ерлік пен елдіктің, батырлық пен өжеттіктің мейрамы.

Қазақстаннан қан майданға аттанған ер жүрек ұл-қыздар фашизмді жеңу жолында асқан ерлік көрсетіп, жеңісті жақындатуға үлкен үлес қосты. Жауынгерліктің биік үлгісін көрсете білген ардақты ардагерлеріміз барлық майданда

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

да жан аямай күресті. Олардың артында қалған отбасы атпал азаматтарының жеңіске жететініне сенді және сол қасиетті күнді асқан шыдамдылықпен күтті.

Қазақстандық жүз мыңдаған отандасымыз елдің сол сенімін ақтап, ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Олардың бәрі де кеуделеріне орден, медальдарды жарқырата тағып, Отанына абырой әкелді. Соғысқа қатысқан 500-ге жуық жауынгер «Кеңес одағының батыры» атағын алды. Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Талғат Бигелдинов, Мәншүк Мәметова, Ибрагим Сүлейменов, Сұлтан Байғамбетов сынды көптеген батыр тұлғалардың есімі еліміздің жүрегінде мәңгі сақталады. Осындай есіл азаматтардың арқасында жеңіс туы желбірегенін кейінгі ұрпақ ешқашан ұмытпайды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев соғыс ардагерлеріне ерекше қамқорлық көрсетіп келеді. Биыл біз Жеңістің 68 жылдығын атап өтеміз. Бұл – сіз бен біздің ортақ тарихымыз. Осынау ерлік мейрамына дайындалу – Ардагерлер кеңесі үшін үлкен мәртебе. Күллі адамзатқа қауіп төндірген сұм соғыстың зардабын тартып, Отаны үшін жан алысып, жан беріскен ардақты ардагерлерімізді құрметтеу, соларға арнап мереке өткізуге дайындалу бізге тек қана қуаныш сыйлайды.

Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың ең соңғысы – Ұлы Отан соғысы болды. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Осылайша, аттың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді.

Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегін жоғары ілтипатқа лайық. Себебі олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылды.

Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс.

Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» деген мақал бар. Жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеуі керек. «Отаным маған не бересің деп емес, Отаным, мен саған не бере аламын?» деп өсу керек. Сонда

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патристическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алатын болады.

Соғыс кезінде қаншама жастар қыршынан қиылды. Олар Отан үшін жанын пида етті. Ал олардың әрқайсысының анасы, баласы, сүйген қыздары, үлкен-үлкен армандары бар еді. Бірақ олар елге қауіп төнген кезде барлығын да құрбан етті. Жап-жас болса да Отанын қорғап жатып жан тапсырды. Бұл – шынында да ерлік болатын.

Майдан шебінде жанын пида еткен жауынгерлер мәңгі есімізде қалады. Отан үшін отқа түсіп, Жеңіс сыйлаған ардагерлерге тағзым етеміз. Сұрапыл да жойқын соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі ел есінде мәңгі сақталады.